Қалам мен Қағаздың Махаббаты

Мұхиттин Шімшек



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ



ҚАЛАМ МЕН ҚАҒАЗДЫҢ МАХАББАТЫ

Мұхиттин Шімшек

Анкара, 2021

ҚАЛАМ МЕН ҚАҒАЗДЫҢ МАХАББАТЫ

Мұхиттин Шімшек

Зерттеу сериясы жарияланым нөмірі:68
Басылу мерзімі: Сәуір 2021
© Ахмет Ясауи Университеті

Ахмет Ясауи Университеті
Ташкент данғылы, Шехит Х.Темел Кууоглу көшесі,
№ 30 Бахчелиевлер / Анкара 06490 Түркия
Тел : +90 312 216 06 00
Факс : +90 312 223 34 29
www.ayu.edu.tr • yayinlar@yesevi.edu.tr

Шімшек, Мұхиттин
Қалам мен Қағаздың Махаббаты / Автор: Мұхиттин Шімшек.- Анкара: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2021
ISBN: 978-9944-237-83-3
248 s. ; 16x24 cm. – (Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Зерттеу сериясы жарияланым нөмірі: 68)

Автор
Мұхиттин Шімшек

Редактор
Мұхит Төлеген

Қазақ тіліне аударған
Өмірбек Қанай

Кеңсе координаторы
Тұгче Нұр Кесін

Мұқабаның дизайны
Халил Қайа

Дизайн және басып шығару
SFN Televizyon Tanıtım Tasarım
Yayıncılık Ltd. Şti.
Tel: 0312 472 37 73-74
www.sfn.com.tr

Кітапта жазылған пікірлер тек қана авторға тиесілі болып табылады және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өкілетті Кеңесінің пікірлерін білдірмейді.

АЛҒЫС

Әр тарауды келесісі жазылмай тұрып оқып, құнды ұсыныстар айтқан

профессор, доктор Мұстафа Исенге,

Егжей-тегжейлі оқып шыққан соң, қызылша шыққан баладай қып-қызыл сиямен бояған

профессор, доктор Искендер Палаға,

Әр кездескенімізде шығарманың барысы жайлы сұрап, ықылас танытқан (және бір қалам сыйлаған)

профессор, доктор Наби Авжыға,

Мұқият тексеріп, жобалаудан мұқабаға дейін жіті қадағалаған

Фарук Байраққа,

Елдің іші-сыртындағы көрмелермен қарбаласып жүрсе де, мұқабасын жобалаған ақкөңіл дос

Исмайл Ажарға,

Әр мәселе бойынша әділ кеңесшілерім (!)

Ахмет Метін,

Мұстафа,

Айше,

және...

әрине,

Білгеге...



МАЗМҰНЫ

түйіндеме 5
Алғы сөз 7
Қос ғашық: қалам мен қағаз 13
Қамысқалам 19
Қарындаш 25
Майқалам 33
Сияқаламның ұшы 37
Сияқаламның әбілхаят суы: сия 43
Қаламның құдығы: сиясауыт 53
Калам ұштау: ұштағыш 59
Қалам құтысы (қаламсауыт) 67
Қалам құмарлық 77
Қалам жөндеу 83
Қаламның өлшегіші: сызғыш 91
Қалам және қаламдар 97
Қаламгер (Қалам білгірі) 105
Қаламның сәждесі - жазу 109
Қаламның хақысы 117
Қалемше телу 127
Қаламмен безендіру 133
Қаламға мадақ (қаламия) 139
Қаламыңыз - стиліңіз 149
Жазу - баяулық 161
Қаламгерден қаламға... 167
Қаламның сұлулығы: М.Бедреддин Языр 185
Қалам ісі (нақыштау) 193
Қалам туралы әңгіме: Шевченконың қаламы 201
Өшіргіш 207
Қаламнан Сүйіктісі Қағазға 213
Сүйіктінің (Қағаздың) Хикаясы 221
Сүйіктінің Папирус хәлі 227
Сүйіктінің Безенуі (Қағаздың Боянуы) 233
Түріктер Үшін Қағаздың Маңыздылығы 239



ТҮЙІНДЕМЕ

Мұхиттин Шімшек

1965 жылы Низип қаласында дүниеге келген. 1985 жылы Мармара университетін бітіріп, сол жылы Мармара университеті Техникалық білім беру факультетіне ассистент болып жұмысқа орналасады. 1987 жылы Мармара университеті Қолданбалы ғылымдар институтының Механикалық білім беру кафедрасынан және 1988 жылы Ыстанбұл университетінің Іскерлік басқару факультетінен магистр дәрежесін алды. 1990 жылы Дүниежүзілік банктің стипендиясымен Англияға жіберілді. 1992 жылы ғылым докторы, 1993 жылы ассистент-профессор, 1994 жылы доцент, 1999 жылы профессор дәрежесін алды. 1994-2000 жылдар аралығында Мармара университетінің Техникалық білім беру факультетінде дәріс берушімен қатар, факультеттің айналмалы қорын басқарды. 1998 жылы Мармара университеті

Технологияларды қолдану және зерттеу орталығының директоры болып тағайындалды. 2003-2007 жылдар аралығында TÜLOMSAŞ фирмасының директорлар кеңесінің мүшесі болды. 2003-2007 жылдар аралығында Түркия Республикасы Ұлттық білім министрінің кеңесшісі болып, Кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту жобасында жұмыс істеді. 2007 жылы Түркия Республикасы Жоғары білім беру кеңесі Бақылау кеңесінің мүшесі болып, көп ұзамай сол кеңестің төрағалығына тағайындалды. 2008-2012 жылдар аралығында Жоғары білім беру кеңесі Басқарма мүшесі болып қызмет атқарды. 2013 жылы Жоғары білім беру кеңесі Басқарма мүшесі болып қайта тағайындалды.

2008 жылдан бастап Қ.А.Ясауи атандыға Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті кеңесінің мүшесі және 2010 жылдан бастап Ішкі аудитті үйлестіру кеңесінің мүшесі болып қызмет атқарған Шимшек мырза 2020 жылдың 22 мамырында Түркия Республикасы президентінің жарлығымен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес төрағасы болып тағайындалды.

«Қалам» туралы еңбектері 2011 жылы TRT-де «Құпия қаланың сырласы» деген атпен деректі фильм болып түсіріліп, 4 сериясы көрсетілді. Автордың түрлі журналдарда жарияланған және симпозиумдарда ұсынылған 120-дан астам мақаласы, сонымен қатар 13 кітабы бар.

Профессор, доктор Мүхиттин Шімшек үйленген және үш баласы әкесі.



АЛҒЫ СӨЗ

Менің қаламмен таныстығым тым ертеден басталады. Әлі мектепке бармаған кезім. Әкем ағамның қарындаштарын ұстарамен ұштап отыратын. Әкем қарындаш ұштап жатқанда, мен қызыға тамашалап тұрып, тезірек өсіп, мектепке барғым келіп кететін. Бір күні ағамның сөмкесінен қарындашын білдірмей алып шықтым. Бейне әкем сияқты ұстарамен қарындашты жонып ұштай бастадым. Бір, екі, үш деп төртінші рет жонғанда-ақ ұстара қолымнан тайып кетті. Қарындашты ұстаған қолымның сұқ саусағын қан-жоса қылды. Кесілген жер терең, жара ауыр көрінді, бірақ мен қорыққанымнан ешкімге тіс жара алмадым. Алайда қан бұрқырап қатты ағып кеткен соң, шыдай алмай, марқұм анама бардым. Ол шошып қалды ... Бірақ аналарға тән шапшаңдықпен лезде тұз салып қамыр иледі де, жарама басып, жақсылап орап тастады. Сол жараның тыртығы саусағымда әлі күнге дейін қалып қойды.

Менің қаламмен таныстығым, міне, осылай басталды. Бірақ бұл кішкентай жара менің қаламға деген қызығушылығымды суыта алмады, керісінше, мен оны тіптен де жақсы көре бастадым.

Бастауыш мектепке барғанымда сөмкемнің қалам-қарындаш салатын қалтасындағы түрлі-түсті ағаштан жасалған бояу қарындаштарым мен жазу қарындаштарымның хош иісі мені тіпті де өзіне баурады. Қазір балабақшаға баратын Айшенің сөмкесінен сол баяғы хош иіс мұрныма келеді.

Менің қаламмен таныстығым, басқаша айтқанда, қарым-қатынасым орта мектептің екінші жылында тіпті де тереңдей түсті. Орта мектептің екінші сыныбында білім сайысына қатысып, бірінші орынды жеңіп алдым. Марапаттау рәсімінде сол кездегі Мәдениет министрі марқұм Рыфқы Данышман маған Скрикс (Scrikss) маркалы сияқалам сыйлады. Мен дереу кеңсе тауарларын сататын дүкенге барып, сия сатып алдым. Іштей ерекше қуандым. Сияқаламның артындағы бұрандалы сия сорғысын бұрап, бірнеше рет сия толтырып, босаттым. Тіпті жақсырақ жазсын деп ойлағаным ғой. Үстелге жайғасып, астына жолақты қағаз төселген ақ қағазға жазып көре бастадым. Бұл менің әкеме сияқаламмен жазған алғашқы хатым болды.

Сияқаламмен жазу мен үшін құмарлыққа айналды. Мен университте оқып жүргенде күнделіктерімді сол сияқаламмен жазып жүрдім. Университеттің үшінші жылдығында сол қаламымның да тозығы жетті. Жаңасын алатын уақыт келгенін аңғардым. Алайда қымбат болғандықтан, екінші сияқаламды кеңсе тауарлары дүкендерінен сатып ала алмадым.

Жаздың бір күні еді. Мен Беязыттағы Чынаралтыға бардым, ол жаққа бару маған ұнайтын. Беязыт мешітінің субұрқағына беті-қолымды жудым. Сыртта жамағатқа арналған төсеніште біраз отырдым. Екінті ауған шақ. Түркияның атақты хафиздерінің бірі Абдуррахман Гүрсес мырза жасы едәуір болғанына қарамастан, шәкірттерімен сабақ өткізді. Мен оларға ұзақ уақыт сүйсініп қарап отырдым. Содан кейін қарт ұстаз мені жағымды, бәсең

дауыспен өзіне шақырды. Хал-жайымды сұрады. Сөйтіп тұрғанда қарбыз кесіліп, ұстаз бен шәкірттеріне таратылды. Ол бір тілім қарбыз алып, маған ұсынды, мен қолымды соза беріп едім, «жоқ, аузыңды аша ғой», – деді. Ол маған үш тілім қарбыз асатты. Дұға етіп, басымнан сипады. Солай қоштастық. Көп ұзамай ол ауырып, қайтыс болды. Алла рақым етсін.

Ұстаздан кеткен соң, көне немесе екінші қол заттар сатылатын жерге бардым. Ескі заттар сататын дүкендердің бірінен қолданылған Паркер маркалы сияқалам сатып алдым. Қолданылды, бірақ жақсы болды: әлі де үйімде тұр.

Факультетті бітіріп, жұмысқа тұрғаннан кейін (университетке орналасқаннан кейін) менің қаламға деген құштарлығым одан әрі жалғасты. Алғашқы жалақым 60,000 лира болды. Бірден Чынаралтыға қарай тарттым. Сол жерден өзіме қалам сатып алдым (Ватерман). Одан шығып, жаяулап Сіркежідегі Бас пошта бөлімшесінің қасындағы кішкене көшеде орналасқан қалам жөндеушілерге бардым. Ол жерден тағы бір қара түсті сияқалам сатып алдым (менің алғашқы Монтбланкым). Паромда оларды қолымда ұстап тұрдым. Тек паромда ғана емес, үйге жеткенше автобус бен минибуста да екі қаламды қолымда ұстап келдім.

Айлық алған сайын Чынаралтыға баратынмын. Әдемі, өте әдемі қаламдар кездессе, сатып алушы едім ақшасына қарамастан. Сөйтып жалақымның төрттен бірі тек қаламға кететін. Осылайша ұзақ жылдар бойы жалғастырдым. Уақыт өте келе айналамдағы достарымның да қолдауымен айтарлықтай қаламдар топтамасын жинадым.

Соңғы бес жылдан бері мен қалам туралы жарияланған жазбаларды жинай бастадым. Содан кейін қаламның тарихын жазуды ойладым. Қолыңыздағы шығармада алдымен қалам тарихы хронологиялық түрде зерттеледі. Егер бұл шығарманы оқырманның көзімен бағалайтын болсам, өте академиялық болды дер едім. Дегенмен, бұл академиялық та, әдеби де шығарма болуы керек болатын. Бірақ маған екінші түрі де ұнамады. Әйтеуір

бір жерлерінде кемшіліктер болды. Неліктен әңгіменің тұздығы келіспей тұрғанын түсіндім. Шығармада қағаздың да, қаламның да тарихымен қатар, күллі әлемнің оларға деген «махаббаты» да баяндалып, оқырманды жалықтырмайтындай болуы керек екен.

Бұл шығарма қалам туралы болуы мүмкін барлық дүниелерді қамтуы керек еді.

Ия, қалам өте ерекше.

Бірақ қаламды қалам қылған элементтер назардан тыс қалмауы тиіс. Оның ұшы, әбілхаят суы болған сия, түрлері, жазуға көңіл бергендердің ол туралы ой-толғамдары, сүйіктісі болған қағаз, оның жазғандарын өшіруге тырысатын өшіргіш, ұшын шығаратын ұштағыш, шөлін қандырар бастау болған сиясауыт, бәрі бәрі үйлесім тауып бірге келуі қажет болды.

Бұл шығармам өз саласының тұңғышы болғандықтан ерекше және ол бастан-аяқ өзімнің сияқаламдарыммен жазылды. Әрқайсысы жүз алпыс беттен тұратын жеті дәптерде...

Содан кейін, (амалсыз) компьютерге қотарылды. Оны жүзеге асырғандары үшін көмекшілерім Пынар мен Неслі ханымдарға рақмет айтамын. Әр жазбамды бітпей тұрып-ақ қолжазба күйінде оқып, көзқарас білдірген ұлдарым Ахмет пен Мұстафаға және әрине, аяулы аналары Білге ханымға алғысымды білдіремін.

Сондай-ақ, жұмысты басынан аяғына дейін арнайы оқып, өңдеген Мұстафа Исенге және де егжей-тегжейлі оқып шығып, құнды пікірлерін аямаған адал досым Искендер Палаға ризашылығымды білдіремін.

Бұл шығарма өз ой-санамнан шыққан туынды. Өзгенің идеясынан қалыс. Онда қалам сүйер қауымды қызықтыратын мәселелер баяндалады.

Онсыз да, бұл шығармада қаламның қағазға деген махаббаты қаламның өз тілімен сипатталады.

Міне, сіздің қолыңыздағы бұл шығарма осылай пайда болды.



Қос ғашық: қалам мен қағаз



Жазу: жазба, қалам, қағаз...

Адамзаттың болмысын дәлелдейтін және олардың ой-арманының ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруына мүмкіндік беретін қасиетті ұғымдар ...

Жазу: сүйіспеншілік, сезім, махаббат, тіпті ғашықтық пен құмарлық.

Себебі, жазу пайда болған күннен бастап мыңдаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан және ақырет күніне дейін жалғасатын бір ғашықтық басталды: қалам мен қағаздың ұлы махаббаты ...

Бейне Кәрім мен Аслы, Ләйлі мен Мәжнүн, Арзу мен Қамбар немесе Тахир мен Зүһірәнің махаббаты сияқты.

Аслы Кәрім үшін қалай күйіп-жанса, Қайыс Ләйлі үшін қалай Мәжнүнге айналса, қалам мен қағаз да бір-біріне сондай ұлы махаббатпен байланды. Мәңгі айырылмау үшін ...

Арзу Қамбар үшін қандай қымбат болса, қағаз да қалам үшін сондай қымбат болды. Арзу Қамбарсыз, Қамбар Арзусыз өмірден ләззат ала алмады. Бұл ғашықтық жылдар бойы, ғасырлар бойы ауыздан ауызға таралды. Қос ғашық бір-бірін өздеріндей көрді. Арзу қыздың немесе Қамбар жігіттің аты емес-ті. Жыныстар жоғалып, екі атқа басқа мағыналар үстелді. Егер, олай болмаса, Кәрім отқа күйер ме еді Аслы үшін, Мәжнүн қайғы кешер ме еді Ләйлі үшін?

.... Ал, қалам ше?

Ежелден бері қағазбен махаббат байласып, ғашықтықтың отына өртенді.

Жоғарыдағы ғашықтар бірге бола алмады, сыбырласып сыр шертісе алмады. Әрине, махаббаттың жемісін де көрмеді (дегенмен, олардың махаббатының жемісі бізге әлі де сол ғашықтықты сезіндіруі болса керек). Бірақ, қалам қағазбен әрдайым бірге. Оның махаббатын Ләйлі мен Мәжнүннің махаббатынан да күшті деуге болады. Физули айтқандай:

Ben'de Mecnun'dan Füzun aşıklık isti'dadı var,
Aşık-ı sadık menem Mecnun'un ancak adı var.

Мәжнүннен артық өлермен, ғашық болдым да шын күйіп.
Шын ғашық мен ем, дегенмен, Мәжнүннің даңқы тым биік.

Қалам,

әрдайым сүйіктісіне ынтыға асықты. Ғашықтықты жырлау үшін, махаббаттың сыры мен үнін бар әлемге жеткізу үшін қағазға іңкәр болды. Сүйіктісімен кездескенге дейін өте ұзақ уақыт өтті. Әрқашан да оны іздеумен болды, өйткені махаббаттың жалғыз шарты – сүйіктісін іздеу-тін.

Қалам,

әрдайым сүйіктісімен кездесетін, бірақ қағаздағы сиясы кеуіп, одан алыстағанда, айтуға тіл жетпес азапқа қайта түсетін де, келесі кездесуге деген ынта-жігері сол азабын ұмыттыратын.

Кездескен сайын махаббаттары лаулай түсетін. Сөйтіп, махаббаттары жеміс те берді. Жемістері бүкіл әлемге: шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке таралды... Дәл осы мәтін жолдары да сол ғашықтықтың, жанындай сүйген, шын жүректен шыққан махаббаттың жемісі емес пе?

Қалам,

әуелде сөздің құпиясы еді.

Дыбысты, яғни сөзді ойда сақтап қалу мүмкін емес-тін. Басқаша айтқанда, ойдағы сөз тіркесі жазу арқылы сөйлем болып қағазға түсті. Меніңше, адамзатқа берілген екі маңызды зат – қалам мен ғашығы қағаз.

Жазу – өмір сүру, яғни өмірдің дәл өзі. Қағаз бен қаламды танып-білмеген адамның бір қыры, нақтылап айтқанда маңызды бір қабілеті кемшін. Ал, жазатын қол – жасампаз қол.

Қалам,

бір кездері хат-хабарды билеушілерге, серілердің ғашықтық жырларын сүйіктілеріне, атаның ақылын балаға, ұстаздың тәлімін шәкіртке жеткізді. Ілім санаға, санадан саусаққа жетті, алтыншы саусақ: яғни қалам болашақ ұрпаққа жеткізді. Ғасырлар бойы мейірімділіктің... нәзіктік пен тектіліктің белгісі болды.

Қалам,

сіздерге әрдайым сұлулықты сездіруге талпынды, әрқашан сұлулықты жақсы көрді. Өйткені адамдар сұлулыққа құмар болғандықтан, қалам сұлулықты Алланың ерекше жаратылысына баланатын адам баласына жеткізуге тырысты.

Көркіне көз тоймайтын сәулет туындылары, миниатюралар, нақышты қолжазбалар мен хуснихаттар (каллиграфия) және тыңдаудан жалықтырмайтын көркем туындылар, әнұрандар мен өлеңдердің барлығы оның туындысы еді.

Қалам,

жанымызға жақындығы соншалық, оған қатысты қандай да бір атау табу қиын емес. Қалам туралы көптеген түрленген, үстеме мағыналары бар атаулар кездеседі: қаламұш, қыл қалам,

сияқалам, майқалам, қаламсап, қаламшы, қалам қайраткері, қаламдас, қалам тарту, қалам тербеу, қалам сиясы кепкенше, қалам ұстаған, қаламы төселген, қаламы жүйрік, қаламгер...

Адамдардың туған жылы, айы, күні, тіпті сағаты да белгілі. Ал, қаламның туған күніне қатысты әңгіме әртүрлі. Тарихшылар мен археологтардың пікірі біздің заманымыздан бұрынғы 25000 жылға дейін барып тіреледі.

Есте жоқ ескі заманда, аңыз бойынша мыңдаған жылдар бұрын адамдар өз сөздерін мәңгіге қалдыру, ой-пікірлерін сақтау және болашақ ұрпаққа аманаттап жеткізу үшін үңгір қабырғаларына үшкір заттармен, өткір тастармен немесе тырнақтармен сызып, бедер қалдырды. Ол кезде сия да, қағаз да болған жоқ ...

Қалам,

ол заманда мүлде басқаша болатын. Қағазбен арадағы әңгіменің ұлғаюы мен жалғасуын қамтамасыз ететін сия болған жоқ. Бояу ретінде көмір, түрлі-түсті топырақ немесе өсімдіктер қолданылатын. Дегенмен ... кем дегенде қалам жасау жайлы ой туындады. Сөйтіп, қаламша, кейде қамысқалам ретінде қолданылды.

Кейіннен сияқалам мен майқалам пайда болы, тіпті өте қымбат алтын мен күмістен де жасалды.

Қазіргі уақытта адамдар компьютерлермен көп байланыста болғандықтан ба, қаламды ұмыта бастаған сияқты. Алайда, технология қанша дамыса да, қаламның әрдайым сүйіктісі қағазбен кездесе беретінін ұмытпаған жөн.



Қамыскалам



Жазуға ерекше көңіл бөліп, қаламға деген құрметті ең жоғары деңгейге көтерген өркениет – Османлылар еді. Жазуды «марифетулла» ілімінің маңызды құралы ретінде қарастырғандықтан болар, Осымалы кезінді жазу тек байланыс құралы ретінде ғана емес, одан да жоғары мәнге ие болды. Алғаш рет жазу көркем өнердің ең маңыздысына айналды.

Бәлкім бұл Османлы дәуірінің дамыған қоғамының табиғи үдерісі шығар. Өркениет дамыған сайын халықтардың өмір мен өнер туралы түсінігі де өзгеріп, дами түседі.

Жазумен бірге қалам да үлкен құрметке ие болып, ең үздік тартымды да көркем шығармалардың пайда болуына ықпал еткендіктен шынайы қалам мәдениеті қалыптасқаны сөзсіз. Әр түрлі жазу үлгілері үшін әр түрлі қаламдар қолданылатын.

«Хұснихат өнерінде керемет туындылар әрқашан қамысқаламмен жазылған. Нефесзаде Ибрахим Әфенди «Гүлзар-ы Саваб» шығармасында «Қалам тым қатты да, жұмсақ та емес, орташа болуы керек. Ол қызыл түсті, жебедей жұмыр және түзу болсын, қыңыр-қисық немесе бұдыр болмауы, тым ұзын да, қысқа да болмауы тиіс» дейді. Ал, Килистік Муаллим Рифат мырза қамысқаламды қамыстың табиғи қалпында емес, біраз уақыт морға салып бабына келтірген соң пайдаланатынын, содан кейін кейін ғана оның қою қоңыр түске енетінін айтады»[1].

1 Языр, М.Б., Қаламның сыры. 1-том, 166-б.

Еуропада ғылым мен техника дамып қана қойған жоқ, қағаз өнеркәсібі де өркендеп, жазу құралдары мен материалдары саласында үлкен жетістіктер бой көрсетті. Османлы хұснихатшылары жазудың табиғаты, болмысы мен стилі үшін қамысқаламнан қолайлысы жоқ деп санап, Еуропада кеңінен қолданылған ұшы темір қаламсаптарға көңіл аудармады.

«Хұснихат өнерінде қолданылатын қамысқаламның ең жақсы түрі Каспий теңізі жағалауы мен Тигр өзенінің бойындағы Васит (Эль-Кут) қаласының төңірегінде өсетін қамыстан жасалғандықтан, «калем-и васыти» (қаламның ұстасы) деп аталады. Ерте заманда Онидус пен Азиядағы Анаетик көлі маңында да сапалы қамыс түрлері өскені мәлім. Қаламға жарамды қамыстың сабағы қатты әрі үйлесімді, диаметрі 15-25 см және бунақ арасының ұзындығы 20-25 см және цилиндр пішінді болуы қажет».[2] «Хұснихатшы қаламды қатты қыспай ұстауға тиіс. Жазу аяқталғаннан кейін қаламның ұшын сол қолдың сұқ саусағымен ысқылап немесе дымдап тазалайды. Әйтпесе, ішіндегі шайырына сия қатып қалады»[3].

Қаламға деген құрметті жоғарыда тілге тиек еткен едім. Бұған қатысты көптеген мысалдар келтіруге болады, бірақ мен бірнешеуіне ғана тоқталайын.

Қолдана келе әбден мұжылып, жазуға келмей қалса да, қаламды ешқашан аяқ асты етіп тастай салуға болмайды. Не үйдің шатырына шығарған дұрыс немесе жерге көму керек, өйткені онымен Құран мен хадис жазылған-ды.

Қаламды құрметтеу жоғары дәрежеге жеткені соншалық, ұштап жатқанда сылынып шығатын «Бураде-и Калем» (қалам жоңқасы) деп аталатын жоңқалар мен үгінділер де бей-берекет аяқ астында шашылып қалмайды. Хұснихатшылар өмір бойы қаламдарының жоңқасын шашау шығармай жинап, дүниеден өткенде мәйіт суын жоңқалармен ысытуды өсиет етеді.

---

2 Ислам энциклопедиясы, 244-б.

3 Дерман, У., Қалам. Ислам энциклопедиясы, 24-том, 246-б.

«Жазуға жаңа кіріскен талапкерлер Каракахмет зиратында жерленген атақты хұснихатшы Шейх Хамдулланың қабіріне зиярат жасап, енді ғана нақыштаған бірер хұснихаты мен қаламын қағазға орап, қабір топырағына екі елі тереңге «дұғай сәлеммен және құрметпен» деп көміп кетеді. Оны келесі жұма күні барып, қайта қазып алады. Кейін әр хұснихаттың алғашқы жолын сол қаламмен жазатын болған»[4].

Қаламға деген құрметті шырқау шегіне жеткізген Әзіреті Әлі болатын: «Мен тіпті қалам жоңқасына да қиянат қылмап едім. Сонда бұл қайғы маған қайдан келді?», – депті.

Хұснихатшылардың қамысқаламға жан-тәнімен беріле ден қойғаны соншалық, қағазға жазу жазған сәттегі қаламның сырғыған дыбысын әуенге, жылауға ұқсатып, бұл үнді «Сарир-и Хаме» (қаламның сықырлауы) немесе «қаламның жылауы» деп атайтын.

Kalem feryad eder, ağlar mürekkeb
Beni nâdân eline verme Yarâb

Қалам жылайды егіліп, Сия – көз жасы төгіліп,
«Наданның қолына түсірме, Иа, Раббым» деп емініп.

Қысқасы, қамысқалам туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін, қазіргі көзі тірі ең атақты хұснихатшылардың бірі және бірегейі әрі ғалым Уғұр Дерман ақсақалымыздың еңбектерін оқуға кеңес бере отырып, Хамди Вароғлұның 1957 жылғы 27 қаңтарда «Жумхуриет» газетінде жарияланған «Қамысқалам» мақаласын ұсынамын:

«Елеусіз болып көрінгенімен, өзекті өртейтін бір әңгіме естідім.

Бір жұп қамысқаламның қайғылы тағдыры.

Біреудің мирасқа қалған ақшасына алынған, әлі аршылмаған екі дана ұзын қамысқалам. Үстелде қалыпты. Үстел иесі бөлмеде жоқ кезде, қамысқаламның не екенін білмейтін әлде бір сұғанақ қол зерігіп отырып, оларды бөлшектеп сындырып тастапты.

---

4 Дерман, У., Қалам, 259-б.

Қос қамысқалам бүлінбесе де, енді неге жарай қояр дейсің? Әрине, әлдеқашан жазу құралы болудан қалғандықтан, ғасырлар бойы атқарған міндетін енді орындай алмайды. Алайда, өте қымбат көне жәдігер есебінде көрмеде тұрар еді.

Көлеміне сәйкес жасалған жіңішке жақтау ішінде, көрменің бір бұрышында мәңгі ұйқыға бөленсе де, анда-санда өздеріне үңіле қараған жүздерге ұзын-сонар тарихының жарқын беттерінен өзгеше өнегелі аңыздар шерткенде, сол көрмедегі ескіріп тозған көне бұйымдардың барлығы ұялып, жасқанып, іштен тынар еді.

Қамысқаламдарды сындырған сол бір сұғанақ қолдың иесіне жасаған қылмысының салмағын қаламның өз тілімен қалай жеткізе алар едім! Сол қатыгез саусақтардың шеңгелінен нәзік денесі парша-парша болған жіңішке қамысқалам, бәлкім, былай егілген болар:

- Сен қандай қылмыс жасағаныңды білемісің, ақымақ неме! Осы нәзік денеммен-ақ сенің даңқты тарихыңның парақтарын жазғанымды білсең, сол мезетте-ақ ұяттан жерге кіріп кетер едің.

Бір кездері қадірлі болғаным соншалық, Түрік баласы әліппесін үйреніп болып, әріп тану үшін қолданатын «жарты ай» пішінді әшекейлі темірді тастап, қолына мені алған күні өзін бақытты санайтын. Менің арқамда сауатты адамдар санатына қосылатынын ұғып, тұла бойын ерекше асыл бір сезім билейтін еді. Сол күннен бастап қағаз бетіне түскен іздерім мен жазғандағы жағымды дыбысым баланың білім жолындағы бағыт-бағдарын көрсететін еді.

Мені кімдер қолында ұстамады дейсің? Қожа Фатих таулардан асырған желкенді кемелермен Ыстанбұлдың қорғандарын қиратқаннан кейінгі Византияның күйреген хәлін бейнелейтін әйгілі өлең жолдарын қағазға мен арқылы түсірген болатын.

Оған дейін және одан кейін таққа отырған қаншама патшалардың қолында кейде нағыз қасіретті сезімі не парасатты сөзін алғаш жеткіздім, кейде ізгі жандардың қайғысы мен тілектерін

жырладым. Бір кездері билік басындағылар ешкімге ашпаған құпия сырларын менімен бөлісетін; кейде олар шетел билеушілеріне сұлу сөздерге толы ілтипаттарын немесе қаһар төккен қорқынышты бұйрықтарын мен арқылы жеткізетін.

Мен саған өзің тұратын қаладағы кітапханаларды, мұражайларды, көне жәдігерлер сататын дүкендер мен көне үйлерді аралап көруге кеңес беремін.

Ол жерлерде әрқашан том-том бағалы кітаптарды, әйгілі хұснихатшылардың қолынан шыққан баға жетпес көркем жазуларды таба аласың, соның барлығы менің нәзік тәнімнің туындысына баланады.

Заманында Нефилердің, Намық Кемалдардың, Акифтердің қолында арыстандай ақырдым. Менің нәзік денемнен шыққан күтпеген батыл дауыс бүкіл халықты бір рухқа жұмылдырды.

Заманында сезімтал ақындардың қолында өзіммен бір тамырдан шыққан сыбызғыдай сұңқылдатып күй де төктім. Мен жазған құдіретті жарлықтар батыстың талай-талай өркөкірек әміршілерін тізе бүктірді.

Күндердің күнінде отты сөздер ең тәкаппар сұлулардың да көзінен жас ағызды.

Сүлейман Назиф «Ирақтан айырылу», Тевфик Фикрет «Тұман» және Акиф «Шанаққала шейіттері» шығармаларын менімен жазды. Сен менің үстелде жайбарақат жатқанымды көргенде, қоқыс деп ойладың ғой, солай ма, жас жігіт?

Әрине, бұған сен емес, керісінше саған кім екенімді үйретпегендер кінәлі. Мен сенің ата-бабаларыңа ұзақ уақыт қызмет етуден шаршап-шалдығып, тарих сахнасынан демалысқа кеткен ардагермін.

Мені сындырғаның өкініштi, бірақ білместікпен қылғаның үшін сені бәрібір кешіремін».

Қарындаш



Қарындаш бейкүнә еді.

Жанкешті еді.

Шыдамды еді.

Кішіпейіл еді.

Үмітсіз еді.

Оның ешқандай арманы болмайтын.

Оның өмірі дүниенің қас-қағым қана бір сәтіндей, көбелектің келте өміріндей еді.

Баяғы, балауыз шам айналасын шұғылаға бөлеу үшін еритін еді ғой... Қарындаш та тура балауыз шамға ұқсайды. Ілім үшін тозады, кетеді...

Махаббаттары да ұзаққа созылмайды.

Ол да ныспыластары (қалам, майқалам, қыл қалам, қамысқалам) сияқты ғашық, қағазға жету үшін жан береді; бояуы үгітіліп жұғады, өйткені жұққан сайын сүйіктісімен қауышады.

Қарындаш сұлулардың көзіне жағылған сүрме сияқты. Сүрменің де өмірі қысқа. Сүрме көзді неғұрлым әдемі етсе, қарындаш та қағазды соғұрлым әрлей түседі. Білсеңіз, сүрме де бір жуғаннан қалмайды. Қарындаштың жазуы да бір кезеңнен аспайды.

Шынтуайтында, қарындашты сүрмеге теңеу Диуан әдебиетімізде де орныққан теңеу болатын. Тіпті Неви мағынаны сұлу қалыңдыққа теңейді. Ал, ақындық күш – осы қалыңдықты бо-

яумен көмкеруге міндетті безендіруші тәрізді. Қалыңдықтың қолындағы айна – ақынның ойлары, сүрме – оның қаламы. Қара сүрме мен қарындаш жазуының арасындағы ұқсастық – мағынаны сұлу қалыңдыққа теңеудің маңызды арқауы.

Tab'um arüs-i mâ'niye meşşâtalık eder.
Endişem âyine kalemüm sürmedan verir.

Сөзімде хас сұлудай мағына бар,
Ойым – айна, қаламым – сүрме жағар.

Бүгінгі күні қарындаштың «қорғасын қалам» атауында «қорғасын» сөзі болғанымен, қарындаштың ішінде біз білетін кәдімгі қорғасын мүлде жоқ. Қарындаштың өзегі графит пен саз қоспасын бірге қыздыру арқылы жасалады. Ендеше, бұл нәзік, ғұмыры келте қарындашқа «қорғасын» сөзі қайдан телінді? Бұл сұраққа Атыф Ұралдың жазбасынан жауап іздейік:[5]

Кәдімгі металл қорғасынды ақ параққа сүйкесе, ашық сұр түсті із қалдыратыны белгілі; бірақ ол қалам ретінде тарихта да, қазіргі кезде де қолданылмайды. 1500 жылдары Англияда графит минералының мол кені ашылды. Графиттің сыртқы көрінісі «гален» деп аталатын қорғасынға ұқсайтындықтан, «қара қорғасын» деген атқа ие болған.

Ол кезде химия ғылымы әлі дамымағандықтан, графит қорғасын ба, жоқ па, оны түсіну мүмкін емес еді. Қара кристалдардан тұратын графитті арамен кескенде, тиген жерін қара түске боятын. Ауыл тұрғындары қойларына графитпен белгі салып, балалар болса, қабырғаға сонымен жазу жазатын. Ұзақ уақыт бойы графиттің неге жарайтыны білінбеді. Британ әскери-теңіз күштері жоғары температураға шыдамды графитті зеңбірек оғының қалыбын құюға пайдаланған кезде ғана оның қадірін түсінді. I Елизавета патшайым кезінде әскери мақсатта қолданылатын графитті жат жұрттардан жасыру үшін шахтаның ішіне су толтырылып, кіреберісі жабылды. Сарбаздар графит қажет

5 www.uralakbulut.com.tr/wp-content/uploads

болғанда шахтаны ашып, кейін қайтадан жауып тастап отырды. Графиттен қарындаш жасала бастаған кезде графит ұрлығы да пайда болды. Қарындаш жасау үшін графит таяқшаларының сырты былғарымен қапталып, жіппен оралды. Екі жіңішке тақтайшаның арасына графит таяқшасын қыстыру арқылы да қарындаш жасалды. Графит кристалдары сынғыш болғандықтан, қаламдарды пайдалану қиын болды, бірақ жазу сапасы ағаш көміріне қарағанда жақсы еді. Басқа елдердің графиті британдық графит сияқты таза болған жоқ. Британдықтар бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланды.

Әрине, басында адамдар графитті қорғасын деп қателескендіктен, графиттен жасалған қарындаштарды «қорғасын қалам» деп атады. Швед химигі С.У. Шееле 1778 жылы графиттің қорғасын еместігін мәлімдеді. Минералдың атауы 1789 жылы графит болып өзгертілді. Графит сөзі латынша «жазу» мағынасындағы «Grapho» сөзінен шыққан, ол «жазу тасы» дегенді білдіреді. Графит – шын мәнінде алмас пен көмірді құрайтын таза көміртегі элементі. Алмаз, көмір және графиттің құрамындағы көміртегі атомдарының әртүрлі геометриялық құрылымдар түзуі үш заттың физикалық қасиеттерінің әртекті өрбуіне себеп болған. Қарындаш жасау кезінде жіңішке шыбықтай болып кесілген графиттің айналасына жіңішке ағаш тақтайшалар жапсырылды. Бұл әдіс көп шығынға түскендіктен, қарындаш Англиядан тыс жерлерде өте қымбатқа сатылды. Ағылшындар графиттен гөрі жасаулы қарындашты экспорттауды жөн көргендіктен, басқа елдер графит ұнтағынан қарындаш жасау әдісін ойлап тапты.

Француздармен соғысып жатқан уақытта ағылшын теңіз флоты графит пен қорғасынды Францияға тасымалдауға жол бермеді. Наполеонның офицерлерінің бірі Н.Ж. Конте 1795 жылы графит ұнтағы мен саз қоспасынан қарындаш жасауды тапқырлады. Өзіндік құны төмендеген соң қарындаш бүкіл әлемге таралды. Бүгінгі күні қарындаштардың ортасындағы қара өзегі Францияда тапқырланған әдіс арқылы жасалады. Графит пен сазды ұнтаққа айналдырғаннан кейін оларды сумен араластырып,

балшық жасайды. Қара балшықты арнайы машинадан өткізіп, жіңішке таяқшалар алынады. Қарындаштың сыртын қаптайтын ағаш тақтайшаларды қарындаштың жартысындай пішінге келтіреді. Ағаштың ортасындағы арнайы науашыққа күйдірілген жұмыр графит таяқшасы орналастырылып, оған қарындаштың екінші жартысы желімделіп, тұтас қарындаш кейпіне енеді. Қажет болса, қарындаштың басына өшіргіш орнатуға болады. Бояу қарындаштар ұнтақ бояу, парафин және саз қоспасынан жасалады. Қарындаштардағы «В» және «Н» әріптері оның түсінің қанықтығы мен қаттылық дәрежесін көрсетеді. «В» әрпі ағылшынның «black» сөзінен, ал «Н» әрпі ағылшынның «hard» сөзінен шыққан.

Графит пен саздың арақатынасын өзгерту арқылы қаттылық пен қара түстің қанықтығы реттеледі. Стандартты қарындаштағы «НВ» әріптері қарындаштың қалыпты қаттылығы мен қалыпты қара түсті екенін көрсетеді. Қаламдағы «9В» белгісі ең жұмсақ әрі қою қара түсті қаламды білдіреді. Егер қаламда «9Н» деп жазылған болса, ең қатты әрі ең солғын түсті білдіреді.

Графит минералының табылуы бүкіл адамзатқа жеңіл жазу мүмкіндігін сыйлады. Біз «графит қаламмен» жазуды үйренсек те, оны әлі «қорғасын қалам» деп атап келеміз.

Қарындаштың тарихына көз жүгірттік; енді, қарындаштың жасалу барысын, қандай үдерістерден тұратынын Леонард Э. Реадтың[6] көзімен қарастырайық:

Шындығында, адамзат баласының шығу тегі сияқты, қарындаштың да түп-төркінін әріден бастау қиын. Оның шежіресі Солтүстік Калифорния мен Орегонда өсетін тегіс, түзу балқарағай ағашынан басталады. Ал енді, осы балқарағай бөренелерін кесіп, теміржолға тасымалдау үшін қолданылатын ара, жүк көлігі, арқан және басқа құралдар туралы ойлап көріңіз. Оның өндірісіне жұм-

6 Read, L.E., “I, Pencil,” 1958 (en.m.wikipedia.org/wiki/I, _pencil)

салған барлық еңбек пен дарын жайлы толғанып бағыңыз. Заманауи рудалардың қазып алынуы, болат өндіру және одан ара, балта, қозғалтқыш жасау; кендір өсіру және одан берік арқан есу, жатын орындары мен асханалар бар шатырлар мен азық-түлік дайындау және тамақ пісіру.

Бөренелер Калифорниядағы Сан-Леандрода орналасқан өндіріс орнына жіберіледі. Вагон, рельс және паровоздарды құрастырған, сондай-ақ, байланыс жүйелерін орнатқан адамдарды елестете аласыз ба?...

Сан-Леандродағы өндіріс туралы ойланып көріңіз. Балқарағай бөренелері кішкене, ұзындығы 6 мм-ден жіңішке қарындаштай етіп кесіледі. Бұлар пеште кептіріліп, әйелдердің бетін әрлегендей мұқият боялады. Таяқшаларға балауыз жағылып, қайтадан пеште кептіріледі. Бояулар мен пештерді жасаумен қатар, жылу, жарық және электр қуатын, қозғалтқыштар мен өндіріс орнына қажетті заттарды қамтамасыз етуге қаншама еңбек кеткенін елестетіп көріңіз. Және де барлық таяқшаларды тасуға үлес қосқандарды да ескеріңіз.

Қарындаш зауытына кіргізілгеннен кейін күрделі машиналар әр таяқшаға арнап науашықтар ояды. Содан кейін басқа бір машина «қорғасын» деп аталған графитті орналастырады. Үстіне тағы бір таяқша желімдейді, яғни графит «сэндвич» жасалады.

Графитті Цейлоннан (қазіргі Шри-Ланка – ауд.) әкеледі. Ондағы кен жұмысшылары, құрал-саймандарды жасайтындар, кемеге жүктейтіндер мен кеме жасалушылар туралы да ойланыңыз.

Миссисипиден әкелінген, аммоний гидроксиді қолданылған саз балшық пен графит араластырылады. Сульфанат, ішмай (күкірт қышқылымен әрекеттесетін жануарлардың майлары) сияқты ылғалдандырғыштар қосылады. Көптеген машиналардан өткеннен кейін қоспасы көп, өте ұзын қалып түрінде шығарылады. Ол кесіліп, кептіріліп, бірнеше сағат бойы 1850 фаренгейтте (температура өлшемі, яғни 1°F=5/9°C – ауд.) күйдіріледі. Берік-

тігі мен ұсақтығын арттыру үшін графиттер Мексикадан әкелінген Кандела балауызы, парафин және гидромайлардан тұратын ыстық қоспада өңделеді.

Балқарағайға алты қабат лак жағылады.

Әлі біткен жоқ!

Сондай-ақ, қателіктерді өшіру үшін қарындаштың басына өшіргіш қою қажет. Өшіргішті қаламға жез арқылы бекітеді. Мырыш пен Барий өндіретіндерді және осы табиғи заттардан жылтыр жез жапырақшалар жасауға қабілетті адамдар жайлы ойлап көріңіз. Бекіткіштегі қара сақиналар қара никельден жасалған. Сонымен, қара никель дегеніміз не, ол қалай жасалады? Егер бекіткіштің ортасында неге қара никель болатынын түсіндірсем, тағы бірнеше бет жазуға тура келеді.

Жылына миллиондаған данамен өндіріліп, оқушылардың сөмкелерінен жай табатын, менеджерлердің жиналыс үстелдерінде тұратын және суретшілер мен сәулетшілердің жобалау жұмыстары үшін аса қажетті қарындаштардың жасауға сансыз қол қатысып, үлкен еңбек жұмсалатынын байқаймыз ... Алайда олардың көбі не істегенін және істегені неге жарайтынын біле бермейді.

Қарындаш туралы әңгіме:

Кішкентай бала нағашы апасының қағазға бірнәрсе жазып отырғанына қарап тұрып, қолындағы қарындашты нұсқап сауал тастады:

- Не істеп жатырсыз? Сіз неге әлі қарындаш қолданасыз?

Нағашы апасы іле жауап берді:

- Қарындаш деп сәл қарама, сен де өскенде осы қарындаш сияқты болатыныңа сенемін.

Бала не айтылғанын түсіне алмады. Сұраулы көзбен нағашы апасына қарады.

- Қолыңыздағы мен көріп жүрген қарындаштарға ұқсайды, бірақ ...

Нағашы апасы өмір пәлсапасындай жауап берді:

- Бұл мәселе сіздің қалай қарағаныңа байланысты. Қарындаштың бес маңызды қасиеті бар, мен саған соларды берік ұстануға кеңес беремін.

1. Үлкен істер жасай аласың, бірақ қадамдарыңа бағыт беретін бір күш барын ешқашан ұшталып. Әрқашан бізге өз құдіретімен бағыт-бағдар беретін ұлы күш – Алла.
2. Анда-санда үзіліс жасап, қарындаштың ұшын шығарамын. Қарындаш аздап азап шеккенімен, ұшталып, жақсы жазады. Бұдан алар сабағың: азаптарға төзуді үйренуің керек; қиындық сені шыңдай түседі.
3. Бірдеңені қате жазған болсаң, оны өшіргішпен өшіре аласың. Демек, қатені түзету жаман емес. Керісінше, бұл бізге әділдік жолынан таймауға мүмкіндік береді.
4. Қарындаштың маңызды ерекшелігі сыртында емес, ағашында да емес, ішіндегі бояуында. Сондықтан әрқашан ішкі жан дүниеңе көңіл бөліп, құндылықтарың мен принциптеріңді қорғағаның жөн.
5. Қарындаш әрқашан із қалдырады. Сен де өмірдегі барлық іс-әрекеттеріңнің із қалдыратыныңды біліп, әр ісіңе мұқият болуың керек.

Бәлкім, қарындаш туралы толығырақ ақпарат беруге болар. Жылына миллиардтаған данамен өндіріліп, сатылатын қарындаш ең қысқа мерзімде таусылып бітетін жазу құралы, бірақ бұл оның қадірін бір мысқал кеміте ме екен? Фабер Кастелл фирмасы оған ерекше мән беріп, алтымен аптап, күміспен күптеді. Сөйтіп, қарындаштың қысқа ғұмырының да құнын арттырды.

Бірақ не істелсе де, жазбаның басында айтылғандай, оның өмірі дүниенің қас-қағым ғана бір сәтіндей, көбелектің келте өміріндей.

Майқалам



Майқаламда адалдық жоқ ...

Сіз де оған бауыр басып кетпейсіз.

Біздің балалық шағымызда қол орамалдар болатын. Ол жібектен және мақтадан жасалып, шеті кестеленетін еді.

Қол орамалдарды лақтырып тастауға болмады. Оларды жуып, үтіктеп, жақсылап бүктеп, анда-санда көзіңізді, теріңізді және бетіңізді сүртесіз.

Жақындарыңызбен қоштасқанда қол орамал бұлғаған шығарсыз.

Төтенше жағдайда жалауша ретінде пайдаланылатын.

Халай биін билегенде қол орамал бағыт беретін.

Қол орамал деп немқұрайды қарамаңыз.

Өміріміздің құрамдас бөлігі еді ол. Бекир Сыткы Сезгин концерттеріне қолына ақ орамал алып шығатын. Әлемге әйгілі жоғары дауысты әнші Паваротти де солай еді. Мысырлық Үммү Гүлсүм де, т.б. да. Орамал болмаса, бір нәрсе кемдей көрінетін.

Ұзын сөздің қысқасы, кешегі орамал бүгінгі мұрынымызды сүртіп лақтыра салатын қағаз орамалдан басқаша мағынаны білдіретін. Алайда, қағаз сулық та, қағаз майлық та ондай емес. Қолдан да, лақтыр. Сонымен бітті. Бұларды неге тілге тиек еттім? Айтайын.

Әңгіме майқалам төңірегінде. Шынымды айтсам, майқалам маған әрқашан қағаз орамалды еске түсіреді. Оған мән бере алмаймын, сақтай алмаймын. Пайдалан, лақтыр, кетсін. Кейде оны пайдаланбай тұрып-ақ лақтыра саламыз. Майқаламның жеке қадір-қасиеті жоқ. Тіпті анықтамасы да тілден түсіп қалады. «Қалам бар ма?» «Сізден қалам сұрасам бола ма?», «Қаламыңызды қолдансам бола ма?». Ал, сияқалам олай емес болатын. Оны сұраудың әдебі, жөн-жосығы бар. Майқалам сізден қаншалықты алыс болса, сияқалам соншалықты жаныңызға жақын. Жібек орамал сияқты. Сиясы таусылса, сиясын қайта құясыз. Сіз оны жақсылап сақтайсыз, әуелі алғаш алған кезде әрдайым қолыңызда ұстағыңыз келеді. Онымен достарыңызға да мақтана аласыз. Ол да жетпегендей, жаныңызға жақын тартқаныңыз соншалық, кейін мұра болсын деп, үстіне атыңызды ойып жазып қоятынсыз.

Егер сияқалам маңызды болмаса, үлкен істерге қол қоятын саясаткерлер мен кәсіпкерлер оны қолданар ма еді? Халықаралық келісімдерге қол қойған кезде мемлекет басшылары бір реттік майқаламмен қол қояр ма?

Қазіргі таңда кейбір ірі қалам өндірушілер өте қымбат майқаламдар шығарады. Алайда, бұл менің майқалам туралы ойымды өзгертпейді. Солай бола тұрса да, бөлмеде түкке жарамай тұратын мүсіндердей ғана маңызы бар.

Майқаламнан көп пайда табатындар кеңсе тауарын өндіретін фирмалар. Олар майқаламның жүздеген түрін шығарады: не жоғарғы жағындағы, не ортан беліндегі тетігін басып сиясын шығаруға болатын немесе үш жағын бұрау арқылы сиясын шығаруға болатын түрі, қаламсабы бар, не қаламсабы жоқ, немесе пластмасссадан жасалған, металдан жасалған түрі, ұшы жуаны немесе жіңішкесі, ілгегі бары немесе жоғы, т.б. болып кете береді. Неше жүздеген түрі кездеседі. Әр жиналыста алдымызға қағаз бен майқалам қойылады. Жиналысқа қатысушылар көбінесе оларды шимайлауға пайдаланады. Жиналыс басталған кезде қатысушылар үшін қағаздың жоғарғы оң жағына жиналыс уақы-

тын және қағаздың жоғарғы ортасына жиналыс тақырыбын түртіп қояды. Содан кейін шимайлап, біртүрлі пішіндер де сызады, жиналыс біткенде қарындашты сол жерге қалдырып, кете береді. Осы-ақ қана.

Бірақ сияқаламын отырған жерінде қалдырып кеткен біреуді көрдіңіздер бе? Тіпті, кейде президенттер мен премьер-министрлер де өте маңызды халықаралық кездесулерде пайдаланылған сияқаламдарды баспасөз назарына ілінбестен, қалтасына сала қоюға орайлы мезет іздейді. Мәселен, осындай бір маңызды қол қою рәсімінен кейін Чех Республикасының Президенті қол қойған қаламды ақырын ғана іліп алып, лып еткізіп үстелдің астына жасырғаннан кейін қалтасына салған сәті камераларға түсіп қалған болатын. Шынымды айтсам, егер оның орнында болсам, мен олай етпес едім деген ойдан аулақпын. Дегенмен…

Сияқалам жағымды, нәзік әрі оңтайлы.

Ал, майқалам ұсқынсыз, дүрдиген және қолайсыз.

Сиякаламның ұшы



Сиякаламның ең әдемі және маңызды жері – оның ұштары. Жіңішке, орташа, қалың ... иридий, алтын, платина. Ең әдемісі – алтыннан жасалғаны; жұмсақ, жазғанда қағаз бетінде жеңіл сырғанайды. Жазғанда аздап дыбыс шығара бастаса, сыртылдаса, қаламның ұшынан ши шыққанын біле қоясыз... Не қағаз да, сия да ол қаламға арналмаған, немесе қолыңызға ыңғайлы емес, не болмаса қаламның ұшында бір кінәраттың бары анық. Қаламды сыртылдатып, шиқылдатып жаза алмайсыз, мазаңыз кетеді. Сия үйлеспейтін болса, дұрыс жазылмайды. Қағазға сия шашырап, былғанады. Мұндайда сияны ауыстыра салу да жеткіліксіз. Қаламды мұқият тазалауыңыз керек. Жылы суды бірнеше рет сорғызып, шайып тазалайсыз. Сумен шайып болғаннан кейін кептіресіз. Содан кейін барып үйлесетін сияны жұтқызасыз...

Егер бұдан кейін де іс оңалмаса, онда оңтайлы ұстамаған болуыңыз да кәдік. Оңтайлы ұстағанда да дұрыс жазылмаса, сия сорғышын тексеріп көруге тура келеді. Оның сия сорғышы жарылып кетуі мүмкін. Бірақ осының бәрін жасаған күннің өзінде дұрыс жазылмай, дыбыс шығара берсе, онда қаламның ұшының жуан-жіңішкелігіне сай үйлесімді қағаз керек. Қаламның ең сезімтал бөлігі- ең мықты бөлігі. Қаламның ұшы – оның ең тозғақ және әлсіз жері. Қаламның негізі бөлігі де сол ұшы. Ескі ғимараттарда тірек тастар болады. Олар есік пен күмбезде де кем болмауы тиіс. Бұл тастарды «абсолютті би» және «абсолютті тұтқын» деп атауға болар. «Абсолютті би» болатыны, ол барлық тастарды ұстап тұрады. Онсыз ғимарат күйрейді. Ал «абсолютті тұтқын» болатыны, ғимараттағы барлық тастарға мұқтаж. Оларсыз өзі

де құлайды. Қаламның ұшы да сондай. Ұшсыз қалам болмайды, бірақ қаламның басқа бөліктері болмаса, ұшы да іске аспайды. Қаламның ұшы, міне, осындай...

Қалам ұшының да түрлері көп: жіңішке, қалың, орташа, доғал, жіңішкерек. Жіңішке ұштар нәзік болады. Шынымды айтсам, жіңішкесін ұната бермеймін. Қалыңдары май тәрізді тайғанап тұрады. Әрдайым сүйкектеп, тайып кетіп, қолыңыздан шығып кететіндей сезіледі. Аздап шапшаң, әрдайым мұқият қарап, қысып ұстауға тура келеді. Қайдан білейін, маған аздап тайғақ болып көрінеді. Мен өмірімде ешқашан тайғақтарды ұнатпадым, ұната алмадым. Олардан жарытымды ештеңе шықпайды, өйткені ... Мен үшін, жалпы айтқанда, ең кемелі – не қалың да, жіңішке де емес, орташа қалам (M) ...

Сондай-ақ, сияқаламның тегіс ұштылары да, доғал ұштылары да бар. Шындығында, тегіс ұшты қаламмен жазу қолына енді қалам алғандарға да, майталман жазушыларға да оңай, көсіліп жазуға мүмкіндік береді. Тегіс ұштылардың көптеген түрлері бар. F және EF тәрізді жіңішкерегі әртүрлі жазуға мүмкіндік береді. Алайда, жазуды (қолжазба) жаңадан бастағандар үшін (M, B) тәрізді орташа ұшты қаламдарды пайдалануды ұсынар едім. Шынымды айтсам, өзім тілге тиек еткен «жазуды жаңадан бастағандар» тіркесін түсіндіргім келеді, өйткені анықтама бастауыш мектеп оқушыларын білдірмейтіндігін атап өткім келеді. Өкінішке орай, бүгінде мен жасы отыз-қырықта, университетті бітірген, бірақ қолына сияқалам ұстап көрмеген көптеген адамдарды білемін. Жоғарыдағы менің анықтамам осы достарға, дәлірек айтқанда олардың арасындағы қолына қалам ұстағысы келетіндерге қатысты.

Тақырыпқа қайта оралайық. Егер сияқаламмен жазғанда түзу ұстайтын болсақ, EF, F, M, B, BB, 3B сияқты тегіс ұштыларды қолдану жақсы нәтиже береді. Әрине, мұның бәрі оңқайларға қатысты. Егер сіз солақай болсаңыз, F, M және B ұшты қаламдарды ұсынар едім.

Тағы бір жағынан, майталман жазушылар, дәлірек айтсақ, қаламқұмарлар мен жазғыштар кесік ұшты сияқаламды қолданады. Шындығында, мұндай қаламмен жазған әлдеқайда жағымды. Алайда, әр істің өз ауыртпалығы бар екенін білу керек. Қалам ұшының бұл түрлері әртүрлі әсерлі және нақты жазу мәнерін қамтамасыз еткенімен, көсіліп жазу оңай емес.

Егер жазу жазған кезде қаламыңызды солға қарай еңкейтіп ұстасаңыз, солға қиғаш кесілген ОМ, ОВ, ОВВ, ОЗВ ұшты қаламдарды пайдалануыңыз керек.

Сияқаламмен жазу жазғанда қағаздың құрылымы, қаттылығы немесе жұмсақтығы, тегіс немесе кедір-бұдырлы, майда немесе қарапайым болуы қалам ұшының әрекетіне, яғни, жазу мәнеріне әсер етеді. Жазу кезінде үнемі күш түсетіндіктен, қаламның ұшындағы тілікше саңылауға сиямен дымданған қағаз талшықтары кіреді. Біраз уақыттан кейін саңылау талшықпен толып, сия аға бастайды. Басқаша айтқанда, қаламның ұшы тұтқырланып, жазу өзгере бастайды. Сонда қаламның сыр-сипатын түсінбейтін кейбіреулер қаламды бұзылды деп қарап, жаратпай тастайды. Бұған қалам күйініп, жаны жабығады. Қалам да адам сияқты, тынығуды, күтімді қажет етеді, ұстасын іздейді. Қаламның ұшында осындай кінәрат болғанда, оны жөндеу өте оңай. Қаламның ұшындағы тілікше саңылауды ескі ұстараның жүзімен немесе киноплёнка кесіндісімен жоғарыдан төмен қарай ақырын тазалап, ашады. Жөндеуден кейін қаламды пайдаланбай қоя тұрып, біраз уақыттан соң қайтадан қолға алсаңыз, бұрынғы бабын қайта тауып, қағаз бетінде жорғадай көсілетін болады. Тек, ұшы қайтадан бітелгенге дейін...

Мейлі қанша жерден, қаламның ұшы – қаламның тілі десек те, шын мәнінде қаламның ұшы оның жүрегі тәрізді. Адам ағзасындағы жіңішке қылтамырларға дейін бүлкілдетіп, тұла бойына қан жүгіртсе; сиясорғыштағы сияны қаламның қаны деп ойласақ, сияны қағазға жеткізіп, жазуға жан бітірер жүрек те – қаламның ұшы.

Сияқаламның ұшының қаншалықты маңызды екенін, бәлкім, ең жақсы қалам өндірушілері білетін шығар. Сия сорғыштың жіңішке түтікшесі қаламның ұшындағы науашықтың дәл астына келетіндей етіп орналастырылады. Егер бұл екеуі үйлеспесе, қалам дұрыс істемейді. Ұшындағы тілікше саңылау сияның толық енуіне мүмкіндік беретін қылтамыр сияқты. Қалам ұшының ортасындағы тілікше арқылы екіге жарылған жарты жапырақшалардың арасы қолдың салмағымен саңылауланып ашылады. Жазған кезде жазудың жіңішке немесе қалың болуы қолдың қысымына байланысты.

Сонымен қатар, қалам ұшының тағы бір ерекшелігі – түрлі-түсті жазу мәнерін қағазға түсіреді. Әрбір жазу сол қаламды ұстаған адамның қол табын көрсетеді. Мәтінге өзіндік мәнер беретін және оны жазған адамның мінез-құлқын көрсететін де қаламының ұшы. Қаламның ұшының материалы неғұрлым сапалы болса, неғұрлым шеберлікпен, ыждағатпен жасалса, соғұрлым қағаз бетінде сынаптай сырғып, жеңіл жазылады.

Сапасымен аты шыққан MontBlanc, Pelikan, Waterman, Montegrappa, OMAS, Faber, Parker, Visconti (аттарын атамағандарым ренжімесін) сияқты атақты қалам брендтерінің ұштары алтыннан жасалады. Қаламның ұшындағы ойықтың жоғары жағына бренд атаулары ойып жазылады. Алтынның тазалығы да қоса беріледі. Ең ұшына платина тектес иридий металы өте шеберлікпен дәнекерленіп, жақсы өңделіп, майдаланады.

Анадолы өрнегінде жарқырап көрінуі үшін, аса шеберлікпен жасалған қалам ұштары алдымен керамикалық бөлшектермен, содан кейін кішкене мыс шарлармен ысқыланып, жылтыратылады.

... Міне, осылайша, қаламыңыз дайын. Қажетті қанын, қанын деппін-ау, кешіріңіз, сиясын сорғызып толтырсаңыз, қалауыңызша қолданасыз. Қалам да сүйіктісі қағазбен кездесуге асыққандай.



Сиякаламның әбілхаят суы: сия



Қан – адамның әбілхаят суы.

Адамдар қанмен өмір сүреді.

Жадап-жүдеген біреу көрсек «қаны қашқан» дейміз. Ұждансыз, мейірімсіз, рақымсыз, озбыр адамды «қансыз» деп атасақ, ал, бірін-бірі соққыға жыққан адамды «аузы-басын қан қылды» деп суреттейміз. Әлдекімге кектенсек «қанға қан, жанға жан» деп айқасамыз. Қатыгез қырғынды «қантөгіс, қанды қасап» дейміз. Сұмпайы, алдамшы, арамза және сұрқия біреуді «қаны бұзық, қаны сұйық» деп, қайғыға батып, қасірет шеккенде «қан жұтты» деп, ренжіп, кейігенде «жүрегі қан жылады» деп, намысқа тигенде «қанын қарайтты», ал, ызаға булыққанда «қаны басына шапты» дейміз.

Мұндай сөз тіркестерін көптеп келтіруге болады.

Қанның маңыздылығы соншалық, біз оны күнделікті сөздерімізде болымды-болымсыз теңеулерге қолдана береміз. Қан әдетте жанмен, тіршілікпен тең. Сондықтан, «қанымнан, жанымнан, қан тамыры және жан тамыры» деген сөздер туындаған.

Адам үшін қан қаншалықты қажетті, өмірлік және бас тартуға келмейтін дүние болса, сия да сияқалам үшін соншалықты маңызды, соншалықты қажетті нәрсе.

Сиясыз қалам жай ғана зат, жансыз дене сияқты, ешқандай әсері болмайды. Қаламға жан бітіретін, ойды бейнелейтін, қағазға мият сыйлайтын, ойға рух беретін – сия.

Қағаз бетіне сия тамшылары үздіксіз жетіп тұруы үшін, қаламның ұшындағы иненің көзіндей тесіктен сия сорғышқа ауа кетіп, әр сия тамшысының орнын толтырып отыру керек. Бейне адам дем алған кезде сімірілген оттегінің қан арқылы ағзаның ең қалтарыс қатпарларына дейін таралатыны сияқты, қағазға сіңіп азайған сияның әр тамшысы үшін сия сорғышқа бір тамшыдай ауа кіруі керек. Егер микроскоппен зерттесе, қағаздағы өте ұсақ сия тамшыларын көруге болады. Тыныс алған адам сияқты, ауа бармаса, барған ауа шықпаса, қалам істемейді. Жазғанда сияқаламнан шығатын сия мөлшері – қаламның ұшындағы тесіктің кеңдігі мен жұтылған ауаның мөлшеріне байланысты.

Ауа бармаса қаламнан сия шықпайды, шығара алмайды және туындысы да болмайды. Ал, жазу – қаламның туындысы....

Жоғарыда айтқанымыздай, сия – қаламның қаны. Сияқаламдарда қолданылатын сияға бояу қосылмайды, өйткені бояу сияқаламның ұшын бітеп тастауы мүмкін. Қан тамырды май басқанындай, бояу сия жолын бітеп тастайды.

Сияқаламдарда қолданылатын сиялар емен дәндерінен алынған қышқылдар мен құрамында темір бар химиялық заттарды араластыру арқылы жасалады. Әдетте дәрігерлер қан құрамында темір жетіспейтіндерге қан түзетін дәрі береді ғой. Онсыз да темір жетіспеушілігі «қан аздық» деп аталады. Егер сияның құрамындағы темір де жетіспесе, онымен жазуға келмейді.

Жазылған жазудың сапасы қалам сиясының сапасына тікелей байланысты. Жазу кезінде барлық назар қаламға ауады. Алайда, қаламның әбілхаят суына баланатын сия болмаса, жазу да болмайтынын түсіну керек.

Сия тез кебуі тиіс, бірақ қаламда емес, қағазда. Қан тамырдың ішінде құрғап, ұйып қалған кішкене қан түйіршігі де адамның сал болып қалуына немесе жүрек талмасына ұшырауына жеткілікті себеп бола алады. Ал, дене қанаса, қан шыққан бойда ұйып то-

ластауы керек. Әйтпесе, қан жоғалту қауіпке ұрындырады. Ендеше, қаламдағы сұйық сия қағаз бетіне тиер-тимес кебуі керек.

Әсілінде, сия да қалам сияқты көптеген кезеңдерді бастан өткерді.

Бұрын сия қазіргідей қол жетімді емес еді. Жазу жазғанда адамдар сияны өздері жасап алатын. Балалардың сиясын үйде әкелері дайындайтын. Сия өндірісі салыстырмалы түрде кеш басталды (XVIII ғасырдан бастап).

Сия да дінімізде қалам сияқты қасиетті саналады. Өздеріңіз білетіндей, Алла тағала «Қалам сүресінде» «Нун. Қалам әрі оның жазған нәрселеріне серт» деп бұйырады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде: «Ғалымдардың сиясы шейіттердің қанынан ауыр» дейді.

Тіпті Османлы дәуірінде сия жасау өнердің маңызды саласы ретінде ұзақ жылдар бойы жалғасын тапты. Алайда, хұснихат өнерімен бірге сия шығару да тоқтады.

Орайы келгенде, «Гүлзар-ы Саваб»-дан үзінді келтіре отырып, сия жасау тәсілдері туралы айта кетейік.[7]

Күйе – сияның маңызды материалы. Сондықтан күйе жинау маңызды іс болып саналды. Ауыз кенеріне дейін жерге көмілген бір немесе бірнеше қыш ыдысқа таза зығыр майын құйып, ішіне жуан бір орам иірілген мақта жіп салады. Оларды жел соқпайтын жабық жерде өртеп, үстіне бірер тостаған жауып қояды. Үстіне жабылған тостағандар қыза бастағанда, күйе күл боп кетпесін деп біраз уақыттан кейін алып тастайды. Бұларда жинақталған күйені қалың әрі үлкен қағазға қауырсынмен сыпырып түсіріп алады да, тостағандарды қыш ыдысқа қайтадан жауып қояды. Май жанып таусылғанға дейін осылай жалғастырады.

7 Язар, М.Б., Қаламның сұлулығы, 2-том, 184-б.

Жиналған күйе екі-үш қабат тұнық қағазға оралып, қамырдың оартасына салынып, ішіндегі қатты және майлы заттар жанғанша пісіріледі.

Зығыр сиясын жасау әдісі: жеткілікті мөлшердегі араб желімін (Замк-ы Араби)[8] ыдысқа салып, үстіне біраз су құйылады. Желім суда ерігенше біраз уақыт күтіп, еріген соң құрамындағы бөгде заттарды кетіру үшін сүзіледі. Желім сүзілген балдай сұйық болуы керек. Содан кейін зығыр күйесін келіге салып ұнтақтап, дайындалған желімнен аздап қосады. Бозарша, анар қабығының шырыны және мыс тотияйынын бір ыдысқа құйып, аздап темір сынықтарын салып, тосапқа айналғанға дейін қайнатылады. Сияны жақсарту үшін раушан суы, запыран және мерсін шырыны қосылады. Оны бөтелкеге құйып, аузы тығыз жабылады. Соңғы үш затты қосу міндетті де емес.

Шырағданның ысынан де осындай әдіспен сия жасауға болады. Бірақ неғұрлым жақсы болуы үшін, шырағдан ысы мен зығыр күйесін араб желімімен араластырып, келіде біраз уақыт ұнтақтағаннан кейін, оған аз-аздан су қосып жазуға болатындай сұйық қылып езеді.

Қара сия жасау әдісі: Біраз қара аршаны ысқылап, бір апта бойы суға салып қояды. Қара аршаның төрттен біріндей мыс тотияйынын қосып жаншыған соң, таза сірке су құйып, тұмшалап қояды. Қалдықтары түбіне шөккеннен кейін жақсылап сүзіледі. Соған мерсін жапырақтарын бір ай бойы салып қойып, шірігеннен кейін сүзілген ертіндіні күбіге құйып, 2,5 грамм мөлшерінде Сокотра ағашының сөлінен (Сабр-ы Сокотра)[9] қосып, азырақ

8 Сенегал қарағаны (Acacia Senegal) мен басқа да африкалық қарағандардың сабағы мен бұтақтарынан бөлініп шығатын, ауада қатып қалатын жабысқақ желім (Уғұрр Дерман).

9 Үнді мұхитындағы Аден шығанағындағы Сокотра аралында өсетін ағаштың сөлі, түрікше «асурай» деп аталады.

қайнаған су құяды. Біраз арамсояу[10] мен ащы ерменді[11] 20 грамм қышқыл анар қабығымен қосып, қайнаған сумен салыстырады. Барлығын бір ыдысқа жинап, ішіне 600 граммдай тот басқан темір бөліктерін салып, ыстықта күн сәулесіне қойып қояды. Содан кейін 2 граммдай Йемен ашудасы, 4 грамм мыс таты, 15 грамм науатпен бірге ұсақтап, ерітіндіге салып күн астында он күн ұстайды. Оны күніне бірнеше рет араластырып, шаң-тозаң кірмеуі үшін шүберекпен жауып қояды. Он күн өткеннен кейін ішіндегі темірлерді алып тастап, оған 50 граммдай зығыр күйесі мен 150 грамм шамасында бал тәріздес араб желімін араластырып, ерітінді сияға айналғанға дейін кемінде он мың рет піседі. Ең соңында, оны раушан сірке суымен араластырып, бөтелкеге сүзіп құйып, бірнеше күн өткен соң қолданады.

Тағы бір әдіс: 15 грамм зығыр күйесін 30 грамм қой өті немесе сиыр өтімен қосып, ұнтақтайды. Күнде кептіргеннен кейін 5 грамм мыс тотияйыны, 50 грамм бал тәріздес араб желімі, 5 грамм ұнтақталған мұзқант қосып, күн сәулесінде қайтадан кептіргеннен кейін раушан суымен немесе сірке суымен араластырылады.

Бүгінде түрлі маркадағы алуан түсті дайын сиялардың әсілінде қаншалықты машақатты әрі байыпты химиялық білімнің арқасында өндірілетінін көруге болады. Бұдан бөлек, сияға бояу беру үшін біраз еңбек керек. Жазу өнердің маңызды саласы ретінде қабылданған кезеңде, сияның да дәрежесі жазумен теңесті. Жазудың сапалы, әсерлі болып және ұзақ сақталып, болашақ ұрпаққа қалуы үшін сия мен қағаздың маңызы зор болғаны мәлім. Тек бір түсті сия, әрине, жазудың эстетикасын арттыра алмайтын. Сондықтан да түрлі түстерді жасаудың көптеген әдістері пайда болы.

---

10 Эпитимум - Түрік тілінде «келін шашы», «кәпір шашы» деп аталатын, ежелгі медицинада қолданылатын өсімдік ұнтағы.

11 Эфсинтин

Түрлі түсті сия жасаудың көптеген әдістері болды:[12] Алқызыл сия, күлгін (гүл реңді) сия, үнді қаракөк сиясы, аспан көк түсті сия, алтын түсті сия, сары сия, ақ сия, түзету сиясы жасау сияқты ... Алайда біз алқызыл сияны жасау әдісін ғана сипаттауды жөн көрдік. Алқызыл сияны жасау үшін, 2 грамм аққабақты келіде түйіп, матаға орап байлап, қазанға салып 4 литр су құйып, ортайғанға дейін қайнатады. Аққабақ сығындысын матадан шығарып, шекер жасаушылар қолданатын жұпар тамырмен қосып жаншып, азырақ су құяды. Жарты сағат қайнатқаннан кейін 15 грамм кермин бояуы (қызыл қоңыздан алынған бояғыш зат) қосып, қазанға салады. Отта он бес минут қайнатқаннан кейін, мата арқылы сүзіледі. Бір түйір ашудас салып, араластырып, күбіге құйып, қалдықтары түбіне шөккенге дейін күтеді. Содан кейін суын төгіп, түбіндегі шөгінділерін жаншып ұсақтайды.

Сия өндірісі туралы егжей-тегжейлі баяндау бұл шығарма үшін қажет те емес шығар. Алайда, бүгінгі таңда өзіміз өте қатты таңданыспен оқитын (көретін) хұснихаттар мен миниатюралардың қаншама қиын үдеріс арқылы бізге жеткенін баса көрсету үшін осындай егжей-тегжейлі ақпаратты (Нефесзаденің 1939 жылғы «Гүлзар-и Севаб» шығармасынан) ұсынғым келді.

Шынына келгенде, қаламның «әбілхаят суына» баланатын сияны әр дәуірдің ақындары да жиі еске алып, өлеңдеріне арқау ететін еді. Мустакимзаде Сүлейман Садеддин Әфендидің «Тухфе-и Хаттатин» шығармасында, қалам-жазу-қағаз-сия үндестігін көздейтін қалам иелері үшін жиі қолданылатын бәйіт кездеседі:

Kalem feryad idüp ağlar mürekkep,
Beni nâdân eline verme yâ Rab.

Қалам жылайды егіліп, Сия – көз жасы төгіліп,
«Наданның қолына түсірме, Иа, Раббым» деп емініп

12 Язар, М.Б., жоғарыда аталған еңбек, 184-б.

Қалам,

«наданның қолына түсіп қалудан қорқып егіліп, Аллға жалбарынған» адамға теңеледі. Ал, сияны сондай сезіммен көз жасын төгетін адам ретінде елестетеді.[13]

Ал, ташлыжалық Яхия болса, ғашықтық қасіретінен төгілген қанды көз жасы мен қызыл сия арасындағы байланысты төмендегідей сипаттайды:

Surh ile nâme yazduğun göricek didüm,
Gör nice kanlar ağlar elinden kalem senün.

Хатыңды көрдім, қып-қызыл сиямен жазған,
Қан жылап талай егілер қолыңда қалам.

Басқа бір бәйтінде:

Arzû-yı nokta-i hâl-i siyahunla senin,
Eksük olmaz hâme-veş başumda sevdalar benüm.

Ноқаттай қара меңіңе ғашық едім ғой,
Қаламның қара сиясы – қасыретімдей, –

деп махаббат сезімін қара және ғашық сөздерімен астарлай бейнелеп, қара сияқаламды қасірет шеккен ғашыққа теңейді. Сүйгенінің жүзіндегі ноқаттай қара меңге ынтызар болған ғашық жан мен қағаз бетінде қара ноқат із қалдырар қалам арасында бір ұқсастық, сәйкестік жатқандай.

Талай ақындар көптеген бәйіттерінде «сия» туралы теңеуді қолданады. Бәйіттерде кейде сия, кейде «мидад» атауымен кездесетін қара, қызыл, қаракөк, алтын және күміс түсті сия түрлі Диуан поэзиясында көптеген әсірелеу мен теңеулерде қолданылды.

Түс тұрғысынан қара және қызыл сия ең көп қолданылатын. Өйткені Диуан поэзиясының екі маңызды элементі саналатын ғашық пен ғашықтықты бейнелеуде көбінесе осы теңеулер мен

13 Сефержиоғлу, Н., Жазу және жазуға қатысты атаулардың Диуан поэзиясындағы қолданылуы.
e-kaynak: http://www.geocities.com/mseferciogluk/makaleler/divansiirindeyazi.htm

метафоралар пайдаланылатын. Қара түс – ішінара жағдайларды қоспағанда, Диуан әдебиетіндегі сүйікті тип болатын. Шаш, қас, көз және кірпіктің сұлулық өлшемі де – қара түс. Бұған қоса, ғашық та тағдыры бұлыңғыр, үнемі күрсініп, ah ұрып, үнемі қайғы-қасіретте жылап-сықтап жүретін кейіпкер. Осы себепті ғашық пен ғашықтықты бейнелейтін метафора мен теңеулерде көбінесе «қара сия» тілге тиек болды. Ал, сүйген жан мен сүйіктісі қатар келген метафора мен теңеулерде көбінесе «қызыл сия» қолданылып, елеп-ескермеген сүйіктісінің жүрекке салған жарасынан қасірет шеккен «ғашықтың көз жасы мен қанаған жарасын» бейнелейтін. Ғашық қылған сұлу қыздың ернін гүлге, қызғалдақ сияқты гүлдерді сиясауытына теңеген бәйіттерде сиясауытындағы сия қызыл болып айтылады.

Алтын жапырақтарды ұсақтау арқылы жасалған сия күн туралы метафора мен теңеулерде кездеседі. Қаракөк түсті сиямен сұлулардың қою көк көзін суреттесе, күміс жапырақтарды ұсақтау арқылы жасалған сия арқылы қар мен суды бейнелейді.

Бұдан сырт, әбілхаят суы, түн, қара әйнек, қара су, хош иіс, махаббат, Сатурн, сұлулық, жақпа май, ылғал, шекер, сілекей, бірлік, ағза, жаңбыр және у туралы суреттеулерде де сия қолданылады.

Қаракөк (жақұт түсті) сия мен тауыс түсті (жасыл) сия атаулары ерекше сия түрлеріне баланып, астарлы теңеулерде сүмбілшаш, нәркес көз бен қас-кірпікті қаракөк сияға теңеп, мұнымен сұлулық пен тектілікті меңзесе, шашты тауыс түсті (жасыл) сияға теңегенде, сұлудың шашының тауыстың мамығындай жұмсақтығын астарлайды. Әпсанадағы әбілхаят суы сөз болғанда, сия мен дәуіт (сиясауыт) және мәңгі өмір мен мәңгі қараңғылық шендестірілсе, ғашық қылған сұлу қыздың қас-кірпігі мен сия арасында бір теңеу туындайды. Мұндағысы «қара сия».

Сияның қара тұман (қайғы) және бұлыңғыр тағдыр деп сипатталуының басты себебі қара түске байланысты. Баки қайғыны

жазуға, дәуіт пен қаламды өкінішке ұқсатқан бәйтінде ғашықтың ah ұрған өкінішін қара сияға теңейді:[14]

Harf-i gama devâtü kalem şekl-i âhdur,
Ana mürekkep âhda dûd-ı siyahdur.

Дәуіт пен қалам қайғыны жазар не түрлі,
Қара сиясы – қап-қара тұман секілді.

Диуан әдебиетінде сияны теңеуге қолдану өте кең таралғанымен, бұл жерде осыншасын ғана сөз еттік.

Қан түрлері бар ғой A, B, AB, 0, Rh (+) және Rh (-) сияқты ….

Сияның да әр түрлі түрлері бар, көк, қара, қызыл, қызғылт, күлгін, қоңыр деген сияқты...

Ашығын айтқанда, қазіргі таңда сияқаламның қанша түрлі маркасы болса, қалайда сияның да сонымен бірдей түрі кездеседі. Ең жақсысы, сияқаламмен бірдей маркалы сияны пайдалану керектігі әдетте баса айтылады ... Мұны базарлау (маркетинг) саясаты ретінде де қарауға болатын шығар, бірақ өз тәжірибем мұның дұрыстығын көрсетті.

Түбін қуғанда, сияқаламның тапқырлануына сия себеп болған... Американдық Л.Эдсон Ватерман 1884 жылы маңызды бір іскерлік келісімге қол қоймақшы болғанда, сиясауытындағы сия жасалатын келісім мәтініне төгіліп кетіп, жалғыз дана келісім қағазына қол қойылмай, маңызды орайды қолдан жіберіп алады. Осы оқиғадан кейін Ватерман «сиясы өз ішінде сақталатын қалам жасау керек» деп іске кіріседі де, сөйтіп сияқаламды тапқырлайды. Қазіргі бүкіл сияқаламдар, әсілінде сол төгілген сияға қарыздар деуге болады.

14 Сеферджиоғлу, Н., жоғарыда аталған еңбек, 15-б.

Қаламның құдығы: сиясауыт



Бұрын қазіргідей сияқаламдар болған жоқ. Тіпті мен онша ұнатпайтын «май қалам» да болмады. Жазу құралдарын алып жүру қолайсыз, ал жазу жазу арнайы бір дәстүр сияқты еді. Жазудың өз дәстүрі болды. Егер «дәстүр» деу ұнамаса, «әдеп» немесе «жосын» делік ...

Шынтуайтында сия жасау өте қиын еді. Сияны дұрыс жасайтындардан алуға болатын. Алайда, ескере кететін бір жайт, жоғарыдағы сия туралы тарауда түсіндіргенімдей, шебер де білгір хұснихатшылар өз сияларын өздері жасайтын, дұрысы да осы еді. Қаламға керекті қамыс таңдау мен қамысты өз лайығына қарай жонып дайындау (Қамысқалам тарауын қараңыз) және сияны алып жүру өз алдына бір мәселе еді.

Хұснихатшылар, тек хұснихатшылар ғана емес, мәдениетті және сауатты адамдар барлық жазу құралдарын жанында алып жүретін. Қамысқалам, сия және сияны алып жүру үшін қажетті сиясауыт... барлығы олардың күнделікті өмірінің бір бөлігі болды.

Сиясауыт көптеген материалдардан жасалатын. Жазушының мәртебесіне сәйкес сиясауыт материалдар әр түрлі болып келетін. Оқырман қаласа, егжей-тегжейлі болмаса да, сиясауытына азырақ тоқталайық.

Түрікшеде сиясауыт мағынасындағы «хокка» сөзі арабшада кішкентай құтыны білдірсе, ал, сиясауытты «деват, михбере, фурза» деп атайды. «Деват» сөзінен келген «дівит» сөзі түрік тілінде

сиясауыт, қалам және қаламсауыттан құралған жазу керек-жарағының жиынтық атауы ретінде қолданылады.

«Сиясауыттар өте бағалы материалдардан жасалумен қатар, қолданылу орнына байланысты әр түрлі пішінде дайындалды. Хатшы немесе хұснихатшылардың өзімен бірге алып жүруіне болатын, бүйірі шығыңқы сиясауыты бар призма тәрізді жазу керек-жарағының жиынтығы дивит деп атайды. Дивиттің қаламсауыты мен сиясауытының пішіні мен безендірілуінде бірыңғай тұтастық болуы керек. Егер цилиндр тәрізді қаламсауыттың түбіне сиясауыт қойылып, жанына қалам тұғыры орнатылған болса, «құбыр» деп аталады. Іші әйнектен жасалып, сырты ағаш немесе металмен қапталған сиясауыттар да болды. Сиясауыт ағаштан жасалған болса, сырты тасбақа терісімен немесе маржандармен қапталады.

Алып жүруге келмейтін үлкен сиясауыттар металдан ғана емес, қыштан да жасалады. Қытайдан әкелінген бағалы әтір құтысының мойын жағын кесіп тастап, шығырық салып, қақпақ жасап, түбі сынып кетпес үшін құрсаулап қондырғы орнатып, сиясауытқа айналдырады».[15]

«Пайдаланбаған кезде сиясауыттың қақпағын ашық қалдыруға болмайды. Әйтпесе, оған кірген шаң-тозаң сияны былғап, жазу кезінде қамысқаламның ұшына тұрып қалып, жазуды бұзады. Егер қақпақ ілмекті болса, өздігінен ашылып кетпеуі үшін ілмектің қарама-қарсы жағында кішкене ілгек орнатады».[16]

Сияның төгілмеуі және қаламның жеткілікті мөлшерде сия соруын қамтамасыз ету үшін сиясауыттың ішіне таза жібек, жүн немесе мақта толтырып қояды. Алайда мақта мен жүн қаламның ұшына іліне беретіндіктен онша көп қолданылмайды.

---

15 Дерман, У., Сиясауыт. Ислам энциклопедиясы, 217-б.

16 Дерман, У., Ислам энциклопедиясы, 24-том, 218-б.

Сия қоюлана бастаса, оған аздап су құйып сұйылтады, ал жазғанда жағымды иіс шығуы үшін миск (хош иісті зат) қосылады.

Османлы дәуірінде жазуға жоғары деңгейде құрмет көрсетілді. Әуелі, жазу үйреніп жүрген шәкіріттің ұстазына құрмет көрсетіп, ұстазы жазу жазғанда қаламын сияға оңай батыруына қолайлылық жасау үшін қасында сиясауытын ұстап тұруы дәстүрге айналған еді. Тіпті, сол кездегі патшалардың бірі Сұлтан II Мұстафа Хан өзінің ұстазы Хафиз Османның хұснихат сабағында сиясауытты қолына ұстап ұстап, ризашылықпен: «Хафиз Османдай білгір қайта тумас», – дегенде, ұстазының: «Ұстазының сиясауытын ұстап тұратын сіз сияқты патшалар барда, әлі талай Хафиз Османдар туады, сұлтаным!», – деп жауап бергені аңыз боп айтылады. Сондай-ақ, Кануни Сұлтан Сүлеймен дәуіріндегі атақты хұснихатшылардың бірі Шейх Хамдулланың шәкірті Махмуд-и Дәфтеридің жазуға деген құмарлығы соншалық, Ыстанбұлдадағы өз атымен аталған Дәфтердар ықшам ауданында салдырған мешітінің мұнарасына сиясауыт пен қаламның әйкелін орнатуы өз алдына бір әңгіме (1541). 1766 жылғы үлкен жер сілкінісінде мұнарадағы қалам түсіп қалды, ал, мұнарада жақын заманға дейін тұрған сиясауыт та бұл күндерде көрінбейді. Хұснихатшылардың құлыптастарына сиясауыттың бейнесін бедерлеу де сол дәуірдегі дәстүрлердің бірі еді.[17]

Сия құйылатындықтан, сиясауыт жазудың үштен біріндей көрінетін. Сиясауытты тағында отырған билеушіге ұқсатады. Мемлекет істерінде сиясауыттың маңызын көрсету үшін «дәуіт» пен «дәулет» (мемлекет) сөздерінің жазылуындағы өзара ұқсастыққа назар аударылады.

Батыс мәдениеті бұл салаға да кірген соң, өте жоғары көркемдік құндылыққа ие сиясауыт пен қамысқаламдардың орындарын металл сиясауыт пен қалам басты. Сөйтіп, тарихи құн-

17 Дерман, У., Ислам энциклопедиясы, 218-б.

дылығы жоғары өнер туындылары мұражайларда ғана тұратын болды.

Сиясауыттың дінімізде де маңызды орны бар екені анық. Кейбір тәпсіршілер Қалам сүресінің басындағы «нун» әрібін сия сауытына ұқсатып, оның кейінгі «қалам» сөзіне байланысын ескере отырып, Алла тағала сиясауыт пен қаламға ант бергізу арқылы олардың маңыздылығына назар аударады дейді (Елмалылы, VII, 5228).

Сиясауыт диуан поэзиясында да жиі қолданылады[18] (қараңыз: Сефержиоғлу). «Диуан поэзиясында сиясауыттан гөрі «дәуіт» сөзі көбірек қолданылған. Дәуіт немесе сиясауыт Диуан поэзиясында ай, жарты ай, мұрын, көз, ерін, ауыз, қауашақ, қызғалдақ, құдық, түрме, күн, ғашықтың өкініші сияқты көптеген заттарға теңеледі.

Диуан поэзиясындағы «дәуіт» сөзінің мағынасы әдетте сиясауытты меңзейді. «Дәуіт» немесе «діуіт» көбінесе цилиндр тәрізді қаламсауыт пен оның жанына немесе бүйір жағына орнатылған сиясауыттан, қаламдар мен ұштағыштардан және мактадан тұрады.

Наили-и Кадим мақтаулы батыл адамның ашуын қасапханаға, жамандарды, яғни қара ниеттілерді қаламмен салыстырған бір бәйітінде ұштағышты батыл адамның өткір қылышына теңеп:[19]

Tıraş eyler ise bed-hâh, bismilgâhı hışmında
Devat'ında numayan ney-tırâş-ı tiz ü bürânı.

Жаманды түзейді ер міне қылмай,
Ашуы – қасапшының пышағындай.
Қарындашты ұштайтын қырып-жонып,
Дәуіттегі ұштағыш мысалындай.

18 Сефержиоғлу, М.Н., www.geocities.com/m.sefercioğlu/divansiirindeyazı.htm. 23-б.

19 Найлы Кадим Диуаны, құр. Халұқ Йпектен, Ыстанбұл: 1970, 175-б.

Бұрын айтылмаған және ерекше бірнеше мысал келтіру керек болса, Затидің өзін (махаббатын) дәуітке және ұшы екіге айырылған қаламға теңеген өлең жолдары да өте қызықты.[20]

Bunu bildûm devât-ı surh-veş ben bağrı hûn olmuş,
iki dilli olan âhır-tek ser-nigûn olmuş

Қырмызы сиясауыттай қып-қызыл қан – құсқаным,
Ұшы екіге айырылып, тозған қаламға ұқсадым.

Невидің қыстың қаһарын білдіру үшін жазған және сиясауытты уақытқа теңеген «Кітап бағымды құлпырта алмадым жырлатып, қыстың суығы уақыт сиясын мұздатып» (Kitâb-ı gûlşene yazılmaz aldı hatt-ı çemen / Havâ-yı serd ile tondı meğer devatı zaman[21]), Затидің жараны сиясауытқа теңеген «Маңгіліктің жазсам деп ем шындығын, дәуітімді жаралады бір зұлым» (Yazmaya bana mülk-i bekanın beratın / Tiran pur itdi sürh zahmun devatını[22]) бәйіттері де бұған мысал бола алады.

Диуан ақындары сүйіктілерінің, арулардың аузын сиясауытқа теңеу арқылы олардың ерекше сұлулығын баса көрсетуге тырысты.

20 Зати Диуаны, 2-том, 107-б.

21 Неви Диуаны – Сараптамалы басылымы, дайын. Мевтол Тұлұм, М.Али Таниері, Ыстанбұл: 1977, 116-б.

22 Зати Диуаны, 3-том, 367-б.

Калам ұштау: ұштағыш



Менің қаламмен танысуыма және, бәлкім, осы шығарманы жазуыма себеп болған да қарапайым ғана қарындаш ұштау оқиғасы еді. Әлі мектепке бармаған кезім, есімде қалғаны, 4-5 жаста едім. Өзімнен үлкен ағам бастауышта оқитын. Ол қарындашын жаңа ғана сатып алған кезде немесе ұшы мұқалғанда, оны әкеме апарып, ұштап беруін өтінетін. Әкемнің қарындаштардың ұшын шығарып жатқан сәті маған қатты ұнайтын. Әкем қарындашты ұштағыш ұстарамен жайлап ұштайтын. Содан кейін оны ұқыпты түрде жақсылап қырып, майдалайтын.

Әкем қарындаш ұштаумен айналысып жатқанда мен қызыға тамашалап тұрып, әкем сол қарындашты қалай қолын кеспестен әдемілеп ұштады деп ойлайтынмын. Бұл тіпті маған қатты әсер еткені соншалық, ауылдағы балаларға әкемнің қарындаш ұштауын аса бір мақтанышпен үлкен оқиға сияқты әңгімелейтінмін. Әрине, әкемнің қолынан бәрі келетін, тіпті қырынатын ұстарамен-ақ қарындаштың ұшын шығара беретін.

Ол кезде ауылда кеңсе тауарлары өте аз болатын, сондықтан қарындаш ұштағыш атымен болмайтын.

Алайда, бүгінде құлыншақтарымыздың сөмкесінде әртүрлі сипаттағы түрлі-түсті ұштағыштар бар.

Қалай болғанда да, әкемнің қарындаш ұштау шеберлігін қалай үйренгенімді сынап көргім келетін. Бірақ әкем ұштағыш ұстарасын радио тұрған биік жерге қоятындықтан, оны алу қиындық тудырды. Оған менің бойым жетпейтін, орындыққа шығып, қанша тырыссам да қолыма ілікпейтін.

Бірде үйде ешкім жоқ кезде орындықтың үстіне екі жастық қойып едім (ішіне жүгері сабағы толтырылған, жерде отырғанда сүйенуге арналған жастықтар), бойым еркін жетіп, ұстараны алып түстім. Ағамның сөмкесінен де қарындашын алып алдым. Қарындаш жаңа ұшталғандықтан, ұшы үшкір екен. Оны жерге үйкеп, ұшын мұқалттым. Содан кейін мен де әкем сияқты қарындашты бір қолыма алып, саусақтарыммен ұшынан қысып ұстадым да, ұстараның жүзімен жайлап жона бастадым. Бір-екі рет жонғаннан кейін-ақ ұстара тайып кетіп, сұқ саусағымның төменгі буынына келіп тиді. Оңдырмай тіліп түсті, тіпті марқұм анам айтқандай, сүйекке таяп тоқтапты, қан бұрқырап шыға келді. Мен әрі жылап, әрі қорқып, қан тоқтасын деп саусағымды жастықтардың біріне басып тұрдым. Даусымды ести сала анам келіп, қан-жоса болған қолымды көрді де, тұз салып қамыр илеп, саусағымды орап таңып тастады. Сол жараның орны мен өскен сайын ұлғая берді, әлі күнге дейін тыртығы қалып қойды.

Бастауыш сыныпта оқып жүрген кезімде бірнеше рет қарындаш ұштауға тырысып көрдім, бірақ сол тыртықты көргенде әрдайым бойымды қорқыныш билеп, қарындаштарымды ұштатуға әкеме алып баратынмын. Ұмытпасам, төртінші сыныпта ғана арнайы ұштағышым болды. Сыныпта математикадан қиын бір есепті шығарғаным үшін Ибраһим мұғалімім қызыл түсті бір қарындаш ұштағыш сыйлаған еді. Содан кейін қарындаштарымды жақсырақ ұштап, жазуымды тіпті жақсырақ жаза бастадым. Алайда қарындаштарды тез бітіріп қоятынмын. Ұштаған қарындаштарымнан шыққан ағаштың исі әлі де мұрнымнан кетпейді...

Дегенмен...

Жалпы алғанда, ағаш қарындаштар үшін ұштағыш кем болса болмайды.

Ал, жазушылық өнерге айналған, жазуға деген құрметпен қарындашты да аса ынтамен ұштайтын, ұштағандағы ағаш жоңқаларын ешқашан тастамай, барлығын жинап мәйітін жуындырар суды жылытуға жаратуға өсиет қылатын кезең, «қарын-

даш ұштау» өте күрделі шеберлік ретінде қабылданған кезең – ұштағыштар үшін керемет кез болды. Сол дәуірдегі белгілі қарындаш ұштау шеберлерін күні бүгінге дейін құрметпен және ризашылықпен еске аламыз. Ол кезде жазу әлі пернетақтаның көлеңкесінде қала қоймаған болатын. Ол кез жазудың көркемдігіне қарап сол жазуды жазған қарындашты қай шебердің ұштағанын білуге болатын кезең еді...

Ұштағыш туралы сөз қозғағанда, қазіргі таңдағы майда-шүйде ұштағыштар ойға келсе де, қазіргі кездегі ұштағыштарға кейінірек тоқталатындықтан, алдымен кезіндегі ұштағыштар туралы айтқым келеді.

Түрікшедегі «калемтыраш» (ұштағыш) атауы «қалам» және «қырыну, жону» сөздерінен тұратын парсыша атау. Яғни қарындашты қыратын, оны жонып, қырып, кесіп ұштайтын құралдың атауы.[23] Қалам пышағы, қалам бәкісі деген мағына да білдіреді. Ал, Ибн-и Хилал бұған мынадай анықтама береді: «Қарындашты жонғанда қылпылдаған өткір пышақты қолдану керек. Өткір пышақ жеңіл әрі тез жонуға мүмкіндік береді. «Гүлзар-ы Севаб»-та (103) былай делінген: «Ұштағыш қарындаштың қасынан табылса, қарындаш әрдайым жазуға дайын тұрады. Хұснихатшының кем дегенде екі ұштағышы болуы керек. Оның біреуімен жонып, екіншісімен кеседі. Өйткені өтпес ұштағышпен ұшталған қарындаш та мұқыл келеді».[24]

«Гүлзар-ы Севаб»-қа маңызды пікір жазып, толықтырулар енгізген Килистік Муаллим Рифат ұштағыш туралы келесідей мәліметтер келтіреді: «Ұштағыштың көптеген түрлері бар. Жүзі доға пішінді болғандары «катиби калемтыраш» (хатшы ұштағышы), талдың жапырағы пішініндегілері «кати» (өткір, бұлтартпас), түзетуге арналған қысқа, яғни талдың кішкене жапырағы түріндегілері «тасхих калемтыраш» (түзеткіш) деп аталады».

---

23 Язар, М.Б., Қаламның сұлулығы, ДІБ басылымдары, Анкара 1974, 173-б.

24 Гүлзар-ы Севаб, Көркемөнер академиясының баспасы, 1939, Ыстанбұл: 103-б.

«Конституциялық монархия жарияланғанға дейін Ыстанбұлда ұштағыш жасаушылар болды. Сыткы, Рухи, Зеки, Шәреф және Мухи сияқты ұсталар осы өнердің соңғы тұяғы болатын».[25] Алайда, ең жақсы ұштағыш ұсталары Кадыкөй Османаға мешітінің имамы Абдулкадир мен Анкара даңғылындағы Хаттат Халит еді.

Хұснихат өнері аса абыройлы және өте сұраныста болған сол кездерде хұснихаттың көркемдігіне қамысқаламның әсері жоғары болды. Ал, қамысқаламдар үшін ең маңыздысы оны жонып, қырып, майдалап ұштау болатын.

Әңгімеге арқау болып отырған қарындаш ұштағыштардың түрін көбейтуге болады (кейінірек тоқталамыз). Әрбір ұста өзі жасаған ұштағыштың жетесіне[26] жақын жерге жез, күміс немесе алтыннан таңбасын өрнектейді.

Тарихи дереккөздерде Османлылардың ұштағышты парсылардан алғаны жазылған. Явуз Сұлтан Сәлімнің Иранннан әкелген соғыс олжасының ең құндысы тебриздік ұштағыш шеберлері екендігі айтылады.

Алайда, ирандық шеберлермен салыстырғанда Османлы шеберлері талғампаз және мінсіз болған.

Османлыда қарындаш ұштау – маңызды көркем өнердің біріне баланып, ұштағыш шеберлері үлкен құрметке ие болды. Ұштағыш шеберлерінің ішіндегі ең атақтылары – «Баба» таңбалы ұштағыштар жасаған шебер және XVII ғасырда өмір сүрген галаталық Режай мен ыстанбұллдық Режай болатын.[27] Екеуінің ішінде ыстанбұлдық Режай тек ұштағыштың жүзіне ғана мән беріп, сабын сүле-сапа қасық сабына ұқсатып жасай салады екен. Режайдан кейін шыққан шеберлер Фенни мен Ймнидің де есімдері құрметпен аталатын. XIX ғасырдың басында Сафы, Кемал,

25 Пакалын, М.З., Османлы тарихи атаулар сөздігі. МЕВ. Ыстанбұл: 1983

26 Паразвана: жете - ұштағыш ұстараның метал жүзі мен сабы түйісетін жерін бекіту үшін орнатылатын метал.

27 Бүгін де Ыстанбұлдың Еминөнү мен Фатих тарабында тұратын қариялар біледі.

Сыткы, Бурсалы Хүсну сияқты әйгілі шеберлері шығып, әсіресе, Сәфи Кәтиби (сап хатшылық үшін) деп аталатын өз ұштағыштарымен танымал болды.

Кейінірек Хажы Ресми деген дәруіш танымал болып, ескі ұштағыштарды ұмыттыратындай дарын көрсеткеніммен, өмірі қысқа болды. Содан кейін Азми, Хорхорда тұрған Мухи мен Зеки, Сыткы және Риза бұл кәсіпті жалғастырғанымен, республика құрылған соң бұл сала да аяқталды.[28]

Мұсахипзаде Желал ұштағыш өндірісі туралы келесідей мәліметтер береді: «Ұштағыштарды алдымен былғарыға жақсылап қайрайды. Содан кейін жүзіндегі жіңішке сызықтарды майда құмқағазбен ысқылап тегістеп, жұмыр болатқа жанйды. Жылтыраған кезде жүзі құбылып тұрады. Сутекті сульфатқа суарылған жүзі қарайып жылтыраса, уақыт өте келе тотығып таттанады».[29]

Ұшы болат қалам тапқырланып, жаңа жазу қабылдаған соң хұснихатпен қатар ұштағыштардың да дәуірі аяқтала бастады.

Хұснихат дамыған сайын ұштағыштардың түрі де көбейген еді. Алғашында ұштағыштар тек қарындаштың ұшын шығару үшін қолданылса, хұснихат дүрілдеп тұрған кезде қос мәнді білдірді: біріншісі, ұштағыш, яғни, қарындаш ұстарасы немесе қарындаш пышағы; екіншісі, «михфере», түзету пышағы немесе түзету ұштағышы деп аталады. Ұштағыштардың сабы қозғалмайды, ашылмайды және жабылмайды.

Кесетін темір бөлігі – сұқпасы, оның өткір жағы – жүзі, бас жағы – ұшы, ұшынан сабына дейінгі артқы бөлігі – сырты немесе қыры, сабы мен сұқпасының бекітілген жері – жетесі деп аталады. Сұқпасына қатты бедер де салынады. Алғаш жасалғанда сұқпасы қарасұры немесе қарақоңыр түсті болады да, қайралған

28 Пакалын, М.З., жоғарыда аталған еңбек, 147-б.

29 Мұсахипзаде Желал, Ыстанбұлдағы ескі өмір, «Түркия» баспасы, 1946, 52-б.

сайын реңі ашыла береді. Жүзі ұстарадай жіңішке де, бәкідей кішкене де болмайды.

Ұштағыштардың пішіндеріне қарай негізінен доғал, сопақ, сынған әйнектей үшкір, талдың жапырағындай сүйір келген төрт түрі бар.

Ұштағыштар көбінесе қамысқаламдарға арналады. Ұшы бүтін тұруы үшін нарқамыс пен ағаштан жасалған қаламдарға ұштағыш қолданбайды.

«Жазуды түзеткіштерді» «михфере» деп те атайды. «Михакк» «қыру» дегенді білдіреді.

Негізінен екі түрі бар: бірі талдың жапырағы пішіндес, ұштағыштардан кішірек болады. Ұшы өте үшкір, оңға-солға қарай солқылдамайды. Ең маңыздысы ұшы, бұл жазу қағазының шеттерінде пайда болатын кішігірім сия дақтарын қырнап кетіруге арналған. Қағазды зақымдамау үшін абай болу керек. Ұшы өте үшкір әрі өткір болғандықтан, пайдалану кезінде сәлпәл ұқыпсыз қараса, қағазды тесіп кетеді. Енді біреуінің ұшы доғал болғанымен, қайқы басы өткір болады. Бұл кедір-бұдыр үлкен дақтарды кетіру үшін, сонымен қатар ұштау үшін де қолданылады[30].

Сондай-ақ, ұштағыштарды қайрау да өте маңызды. Осы себепті шеберлер, алдымен, оларды шарыққа ұстап, содан кейін майда қара тастан жасалған «мүстехадд» деп аталатын қайраққа зәйтүн майын жағып отырып қайрайды, ал кейде «мисенн» деп аталатын қайрақпен де жаниды. Басқаша айтқанда, әрдайым мүстехадд қайрағымен қайрай бермейді.

Ұштағыштарды дымқыл және қатты заттарға тиіп зақымдалуынан қорғау үшін оларды ашық қалдырмайды немесе қатты метал заттармен бірге қоймайды. Жүзін бадам майымен немесе

30 Язар, М.Б., "Қаламның сұлулығы, 2-том, ДІБ басылымдары, Анкара, 1974, 175-б.

зәйтүн майымен аздап майлап, қатты қағаздан немесе былғарыдан жасалған қынға салып қояды.

Талғампаз хұснихатшылар оларды әр ұштағыштың пішініне сәйкес арнайы жасалған жабық қорапта сақтайтын еді.

Неткен өзгеріс десеңізші!

Кеше қалам ұштаудың өзі бір шеберлік, тіпті өнер деп бағаланса, бүгін алты жасар бала да ірілі-ұсақты, түрлі-түсті ұштағыштарды оп-оңай қолданады.

Шынын айтқанда, бұл үдерістің болары сөзсіз еді. Технологияның дамуы, сұраныстың артуы және уақыттың жетіспеуі қолданыстағы құралдарға да әсер етеді.

Алайда, эстетикалық құндылықтар терең тебіреніс тудырады. Терең тебіреністен «арман-қиял» туындайды. «Арман-қиялдың» бүгінгі тілде айтылуы – мақсат. Алайда, белгілі бір құндылықтары жоқ, бейнелеу өнерінен жұрдай, барлық идеялары «қалай өндірсең де өндір, қалай тапсаң да ақша тап» дегенге бағытталған қоғамда маңдай тердің, еңбектің және тіпті арман-қиялдың маңызы жоқ. Сән қуған қоғамның міндеті де болмайды. Міндеті жоқ қоғамның мақсат-мүддесі соңында көзбояушылыққа айналады.

Калам кутысы (каламсауыт)



Бастауыштың екінші жылдығында оқып жүрген кезім. Бірінші рет мектеп сөмкесін алатын болдым. Әкем Антепке сапары алдында маған сөмке сатып ала келетінін айтты. Мен күні бойы мектепте, сыныпта және демалыс кезінде де әкем кешке алып келетін сөмке туралы ойлай бердім. Сөйтіп кешкі қоңырау да соғылды, уақыттың қалай өткенін білмей қалдым. Анам газетпен қаптап берген, реңді қағаздан жасалған есеп дәптерімді, жазу машығына арналған жолақты түрікше дәптерімді, Ұлттық білім беру министрлігі ай сайын мектептерге жіберетін журналдар (соңғы беттерінде «Али Баба мен қырық ұры» суреттерін беріп, серия етіп шығаратын. Келесі шытырман оқиғаны оқу үшін келесі айды асыға күтетінмін) мен қаламдарымды (қарындаштарым мен түрлі-түсті бояулы қарындаштарымды), көк түсті ұштағышымды және төртбұрышты өшіргішімді жинап, анам қант қаптан тіккен мата сөмкеме толтырдым. Бір қолыма сөмкемді, екінші қолыма сүт құмырамды ұстап жолға шықтым...

Сүт құмырасы несі дейсіздер ғой, солай ма?

Қазіргілер біле бермейді, біздің кезімізде бастауыш мектептерде сүт ұнтағына су құйып араластырып, «сүт» деп аталғанымен сүтке онша ұқсамайтын сусын тарататын. Үйден әкелген пластикалық құмыраларға құйып алып, үзіліс кезінде ішетін едік. Онымен бірге май жағылған нан (біз жақта қалаш нан) беріледі. Кейін ғана бұл сүт ұнтақтарының американдықтардың көмегі екенін білдік қой.

Бірді айтып бірге кеттік пе!

Не де болса, бір қолымда сөмкем, бір қолымда ішпестен бауырларыма апарғым келген «сүт» құмырасы бар...

Бір жағы кешке әкем алып келетін сөмкенің қуанышымен, бір жағы кішкентай балалардың қоңыраудың даусын естір-естімес үйге зыта жөнелетін әдетімен көпшіліктің арасына кіріп кеттім. Апыр-топырда жығылып түсіп, сүт төгіп алдым. Бір жағынан бауырларыма апаратын сүтті төгіп алғаныма налып, екінші жағынан сөмкеге деген қуанышпен алабұртып келемін...

Жаңбырға қарамай үйге жаяу келдім. Әкем әлі келмепті. Мен сөмкемнен дәптерлерім мен қаламдарымды шығарып, сол күні берілген үй тапсырмасын орындап отырғанымда, анам әкемнің келгенін жеткізді. Жүгіріп шығып, бірден сөмке туралы сұрадым. «Әкелдім», – деді әкем.

Көк түсті қатырма қағаздан жасалған төртбұрышты сөмке.

Жүгіре басып үйге кірдім (ауласы бар, екі бөлмелі жер үй еді). Қаңылтыр пештің жанына отыра қалып, сөмкені тексеріп, зерттей бастадым. Оның екі ілгегі бар екен, екеуін де сыртқа қарай итеріп едім, серіппенің күшімен «шақ» етіп жоғары көтерілді. Сөмкені аштым, қақпағында шілтерлі қалтасы бар екен. Өте тамаша еді. Бірақ мені сөмкеден шыққан қаламсауыт ерекше қызықтырды. Сирен түсті (ол кезде күлгін түстің не екенін білмейтінмін), сыдырмалы қаламсауыт. Сөмкені бір шетке сырып қойып, сыдырмасын ашып-жауып көрдім. Алдымен қалам-қарындаштарымды мата сөмкеден алып, қаламсауытқа салдым. Кереметтей еді. Қалам-қарындаштарымды ғана емес, өшіргішті де, ұштағышты да салып қойдым. Журналдар мен дәптерлерді көк сөмкеме салып, қақпағын жаптым. Жоғарыдағы ілгектерді орынана келтіріп басып қалып едім, «шырт» етіп бекітіле қалды. Оны тауашаның[31] алдына қойдым. Қолыма қаламсауытты алып, үнемі ашып-жауып, ішіндегі қарындаштарыма қараймын. Анда-санда иіскеп те қоямын.

---

31 Тауаша – там үйдің қабырғасындағы зат қоятын қуыс.

Сондағы ағаштың иісі әлі мұрынымда...

Мен түнде оны қолыма ұстап жатып ұйықтадым. Таңертеңнен түске дейін тағы да онымен ойнадым. Мен сабаққа түске таман баратынмын, сабақ уақытын екі көзім төрт болып тағатсыздана күттім. Қаламсауытты сөмкеме салып дайындап қойдым. Анам әзірлеген құймақты жеп болған соң, сөмкемді алдым да, жүгіре жөнелдім. Мен әрқашан мектепті жақсы көретінмін, қуана-қуана баратынмын. Бірақ қашан дәл сол күндегідей мәз болып, ерекше қуанышпен барғаным есімде жоқ. Барарда жаңбыр жауып тұрды. Мектепке жеткенімде ылғалданған картон сөмкемнің түсі сәл өзгеріпті. Алайда менің бар ойым қаламсауытта болды. Сөмкені ашып, қаламсауытты шығарып, сыдырмасын аштым да, басқа балалардың назарын ақырын байқастадым. Сейфеттин, ah, Сейфеттин! Сыныптағы ең тентек бала, оның жасы бізден үлкен болатын. Ол менің қолымнан қапсыра ұстап, сыдырманы шапшаң тартып қалды. Сыдырма тігісінен жыртылып кетті. Жыламсырап Айшен мұғалімге шағымдандым. Мойындай-ақ салайыншы, жыламсырамадым, жыладым. Ұстазым анамдай мейіріммен менің көз жасымды сүртіп тұрып, Сейфеттиннен жауап алды. Бірақ болар іс болды, енді менің күлгін түсті қаламсауытым бұрынғыдай болмайды.

Сабақтан кейін үш досыммен бірге Сейфеттиннің жолын кесіп, қаламсауыттың есебін алдық! Бірақ бұл да мені жұбатпады, болған жағдайды анама түсіндірдім. Марқұм анам сыдырманы инемен тігіп берді. Бәрібір сол баяғы зауқым қалмады. Балалық дейміз бе, не десек те, сол қаламсауыт сыйлаған қуанышты енді қайтып сезіне алмадым.

Арада жылдар өтті. Орталау және орта мектеп аяқталды. Университет бітірдім. Жұмысқа тұрып, жалақы алдым. Бірақ мен әрдайым сол қаламсауыттың ләззатын іздедім. Бүгінгі күні өте заманауи кітап дүкендері мен кеңсе тауарлары дүкендері бар. Олардың барлығында түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіштер, ұштағыштар және, әрине, қаламсауыттар бар. Алайда мен әр-

дайым сол күлгін түсті қаламсауытты іздеумен келемін. Жақында мен әдемі бір кеңсе тауарлары дүкенінен мектепке барғысы келіп жүрген 3,5 жасар қызыма күлгін түсті қаламсауыт сатып алдым. Оның қуанышын көрдім. Бірақ бір күннен кейін баланың қызығушылығы жоғалды. Уақыт, шіркін, заттардың адамға сыйлайтын рахат сезімін де жоғалтқандай.

Қаламды зерттей бастаған кезде, қаламсауыттың қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Әсіресе, жазу өнерге айналған Османлы кезеңінде қаламсауыттар (қаламдан) жазу құралдарының маңызды бөлігі болып саналды. Қарапайымнан бастап әшекейленгеніне дейін әртүрлі қаламсауыттарды көруге болатын. Қазіргі кезде де өнер туындылары саналатын бұл қаламсауыттардың, байқасам менің бала көңілмен бағалағанымнан гөрі маңызы зор екен.

Сөздік мағынасы бойынша қаламсауыт сөзі «қалам сақтайтын жабдық» дегенді білдіреді. Өткен ғасырларда қаламсауыттардың жез, күміс, алтын, болат, ағаштан және безендірілген түрлері болды. Әдетте бұлардың жанында күмістен жасалған сиясауыт, мақта, сиясауытқа сия немесе суды құйып араластыруға арналған күміс қасық, қағаз кесуге арналған қайшы, қалам-қарындаштарды жонуға арналған ұштағыш және көптеген қамысқаламдар тұратын. Безендірілген қаламсауыттар Түркияда өте сирек кездесетін. Әдетте жезден немесе күмістен жасалған қаламсауыттар біз жақта «дівит» деп аталады және пішіні Ирандыкінен ерекшеленетін.

Қаламсауыттардың ең әсемі Иранда жасалатын. Онсыз да Ыстанбұлда қолданылатын қаламсауыттардың көбі сол жерден келетін еді. Сондықтан ирандық қаламсауыттарды да тілге тиек еткен жөн болар.

«Шығыс елдерінің ешқайсысында қаламсауыттардың жасалуы мен нақышталуы Ирандағыдай талғампаз шеберліктің шегі-

не жеткен жоқ. Бірақ ирандық қаламсауыттардың маңыздылығы тек әдемілігінде ғана емес. Осы қаламсауыттардағы атақты қаламсауыт шеберлерінің қолтаңбасы қалған суреттер арқылы бүгін де Иранның сан ғасырлық тарихын, аңыз-әңгімелерін, киім-кешектерін, сопылық дәстүрін, ұлы ақындары мен философтарын, қалалардың көне келбетін, қысқаша айтқанда, ордадан тайпаларға дейінгі өмір салтын танып-білуге және ирандықтардың сәндік-көркемдік талғамынан шыққан сирек кездесетін өрнектерін көруге болады».[32]

Иранда қаламсауыттардың сан ғасырлар бойы қолданылып келгені айтылады. Хусейн Байқара (1430-1505) сұлтанның орда кеңесінде жүздеген ұлықтардың бір-бірінен асып түсетін бағалы қаламсауыттарын алып шығып, сұлтанның сөздерін жазып отыратыны сол дәуірдегі жазбаларда хатталғанына қарағанда, бес жүз жыл бұрын да нақышталған әдемі қаламсауыттардың жасалғанын білуге болады. Насыреддин Шах (1831-1896) дәуірінде Иранда шырқау шегіне жеткен қаламсауыт жасау өнері қазір атымен жоқ.

Өзі де жас кезінде бірнеше қаламсауыт жасаған соңғы шеберлердің бірі Голамреза Тагави, қаламсауыт жасау туралы төмендегідей мәліметтер береді:

«Әкем Яхия Тагави (Наккашы Хұмаюн) Насыреддин Шахтың қаламсауыт жасайтын бас шебері болды. Қаламсауыт жасау – қолөнердің ең қиын саласы. Қаламсауыт шебері сонымен қатар суретші, нақышшы, өрнекші, хұснихатшы, көркемдеуші және бояушы болуы керек. Кейде бір ғана қаламсауытты жыл бойы жасауға тура келеді. Мысалы, сіздің коллекцияңыздағы Мырза Бабаның соғыс бейнеленген қаламсауыты бір жылдық еңбектің жемісі. Бұрынғы қаламсауыт шеберлері билеушілердің немесе ирандық беделді адамдардың тапсырысы бойынша немесе оларға ұсыну үшін өз талғамдарына сай жылына көп дегенде

32 Селчук, Ф., Өнер тарихы ретінде Иран аймағының қаламсауыттары, Анкара университеті 1952, 83-б.

екі-үш қана қаламсауыт жасайтын. Ал, қаламсауытты алғандар қарымжысына жүз ділдадан мың ділдаға дейін сыйлық беретін. Сөйтіп, мұндай ынталандыру Иранда таңғажайып өнер туындыларының пайда болуына себеп болды. Қазір қолымызда үш жарым ғасырлық бірнеше қаламсауыт бар. Аңыздардан тіпті ертеректе де қаламсауыттар болған білеміз. Алайда қадірін білмеу мен уақыттың тоздыруы олардың бізге жетуіне кедергі болды.

Әдетте қаламсауыт шебері бір қаламсауыт жасауды гипстен жасалған қаламсауыт қалыбына қабат-қабат қағаз жапсырудан бастайды. Білікті шеберлер қағаздарды өте мұқият таңдап, өзі жасаған арнайы желіммен жапсырады. Жапсырылған қағаздың қалыңдығы үш те үш жарым миллиметрге жеткенде, қаламсауыттың ауызын өте өткір құралмен әдеттегідей кесіп, дайындалған қаламсауыт үлгісін екі бөлікке бөліп, қалыптан шығарады. Осыдан кейін ғана нақты жұмыс басталады. Шебер қаламсауытқа және оның бүйіріне, астына, кейде ішіне салынатын нақыштардың сұлбасын, алдымен, ені бес сантиметр, ұзындығы жиырма бес сантиметр болатын қағазға сызып алады. Содан кейін, өте жіңішке, арнайы иненің ұшымен суреттердің сұлбасын бойлап мыңдаған тесік тесіп, тесілген пішінді шетінен еппен ұстап, қаламсауыт үлгісінің қажетті орнына жабыстырады. Ішінде ұнтақты бояуы бар, дәкеден жасалған кішкене дорбаны жаңағы тесіктердің үстіне басып ары-бері жүргізгенде, қаламсауыт үлгісінде нақыштардың пішіні пайда болады. Осы үдерістен кейін қолөнершінің бірнеше ай уақытын алатын бояу, майлау және кептіру мехнаты басталады. Қаламсауыттың көлемін ескере отырып, өте кішкентай пішіндер тіпті жалғыз тал қылмен боялады. Бояу кезінде құрамын әр шебердің өзі ғана білетін лакпен қаламсауытты бірнеше рет сылап, шыны құмыраның ортасына орнатылған қырық сантиметрлік істікке іліп, құмыраның қақпағын жауып, күн сәулесіне қойып кептіреді.

Егер лактеу кезінде қаламсауытқа шаң қонса, бірден байқалады. Бұл жағдайда лагін кетіріп, бәрін басынан бастауға тура ке-

леді. Кейбір шеберлер қаламсауытты теңізде немесе көлде қайықта жасап, шаң-тозаңнан қорғанады.

Ирандық шеберлердің бар өнерін салған қаламсауыттары уақыт өте келе жоғалып тынды. Мысалы, бүгінгі күні он да он бес қаламсауыттан тұратын коллекция жинау үшін Иранда, кем дегенде, бір жыл жүріп әр есікті бір қағуға тура келеді, өйткені жүз неше қаламсауыттан бір құндысы шығар-шықпасы белгісіз.

Ирандық қаламсауыттардың бір бөлігін ондағы түрік шеберлері жасаған. Сол қаламсауыттардан Ирандағы түрік тайпаларының өмірін көре аласыз. Сол қаламсауыттарда Мәулана мен Шәмси Тебризидің суреттері мен сөздері бедерленген. Гурган ормандарында көне сауыт-сайман асынған түркімендердің аң аулап жатқанын да сол қаламсауыттардан көруге болады. Түрік-иран шайқастарындағы көне сауыт-саймандарды мейлінше нақ бейнелеген кескіндер де сол қаламсауыттарда кездеседі.

Әйгілі қаламсауыт шебері (Аға Мехеммет Мұстафа, 1850) Мәулана мен Шәмсидің сөздерін өрнектеп, бояусыз болған үшін «қара қалам» деп аталған қаламсауыт жасаған соң, өз туындысына көңілі толып, қаламсауыттың үстіне бір шумақ өлең мен бәйіт жазады:

О, сүйкімді қаламсауыт, сені сүйем, саған барлық ақылымды ұрлаттым.
Сенің нарқың әлемдегі жүз мыңдаған нәрседен де қымбат тым.
Мұңайма тек, қарапайым қара түсті болғаныңа кінә артып.
Жақсы келіншек – көп боянған әрі өнерсіз сұлулардан мың артық.
Бұны жасау – Мұстафаға Алла берген нығмет қой бағалы,
Мен өлсем де, артымда бұл шын өнердің туындысы қалады.

Иранда ағаш, күміс және болатқа алтын не күміс жалатылған немесе өрнек бедерленген қаламсауыттар да жасалатын болған. Бұндай қаламсауыттардың әртүрлі көркемдік құндылықтары болғанымен, ең кереметі жоғарыда айтылған суреттер салынған қаламсауыттар еді.

XX ғасырдың басында патшалық Ресей кезеңінде Баку мен Мәскеуде де суреттер салынған қаламсауыттар жасалатын. Әдетте бүйірлерінде әйелдің бейнесі, шеттерінде қала мен ауыл көріністері салынған бұл қаламсауыттар бағалы сыйлықтар болып саналатын және оларды патшалық ресейліктер кавказдық көрнекті тұлғаларға сыйға беретін. Кезінде I Аббас (1557-1628) Шах Исфаханды безендіру үшін Голландиядан суретшілер әкелген еді. Ал, кейінірек кейбір ирандық безендірушілер де Италияға барған болатын. Осыдан кейінгі ирандық қаламсауыт шеберлерінің жұмыстарында голландиялық және итальяндық кескіндеменің әсері байқалады. Мысалы, Аббаси Ширазидың (1860) аңшылық суреттеріндегі аңшыларға қарап Рембрандттің үлгісін көргендей боласыз. Қаламсауыт шеберлері кейде өз туындыларына қолын қойып, уақытын жазатын».[33]

Кейбір қаламсауыттарда шеберлердің қолтаңбасы болмаса да, нақыштарына қарап кімнің қолынан шыққанын білуге болады, ал кейде белгісіз әуесқой шеберлер жасаған тартымды қаламсауыттар да кездеседі.

Қалам құтысы, яғни кезіндегі атымен айтқанда «қаламсауыт» иесінің жазу қабілетіне және қаламының аз-көптігіне байланысты үлкен немесе кіші болып келеді. Ал, пайдаланушының байлығына байланысты қалайыдан, күмістен немесе алтыннан жасалады. Кейде әуесқойлар үшін арнайы тастармен, тіпті алмаспен, жақұтпен безендіріледі. Пішіні төртбұрышы да, дөңгелегі де бар. Былғарыдан жасалғандарды «кубұр» деп те аталады.

Қаламдардың бір-біріне тиіп үйкелуін немесе бұзылуын болдырмау үшін қаламсауыттардың ішіне «мифреше» деп аталатын шұға маталар салынады.

Бүгінгі таңда қаламсауыттар, кубұрлар мен мифрешелер жоқ. Алайда, түрлі-түсті қалам құтылары кеңсе тауарларын сататын дүкендердің сөрелерін толтыруда. Сән қуып, бүгін сатып алған

33 Селчук, Ф., жоғарыда аталған мақала, 85-б.

қаламсауытын ертең ұнатпай қалатын балаларымыз да бар. Тіпті бояу қарындаштарды да механикалық қарындаштарға айналдырдық. Қаламсауыттардан немесе сөмкелерден шығып тұратын ағаш иісі де енді жоқ.

Әлде, «сирен түсті» сыдырмалы қаламсауыты болған менің балалық шағым бақытты ма, әлде «күлгін» қаламсауыты бар кішкентай Айшенің балалық шағы бақытты ма деп ойлап қоямын. Әсте рухани соққы ретінде қарамаңыз. Мұндай қарапайым мысалды өміріміздің барлық қырынан көрсете аламыз.

Ұзын сөздің қысқасы осы, енді қалғанын өзіңіз білерсіз!

Қалам құмарлық



Жазу... сүйіспеншілік, сезім, махаббат, тіпті ғашықтық пен құмарлық.

Себебі жазу пайда болғаннан бастап мыңдаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан және ақырет күніне дейін жалғасатын ғашықтық басталды: қалам мен қағаздың ұлы махаббаты ... Бейне Кәрім мен Аслы, Ләйлі мен Мәжнүн, Арзу мен Қамбар немесе Тахир мен Зүһірәнің махаббаты сияқты.

Аслы Кәрім үшін қалай күйіп-жанса, Қайыс Ләйлі үшін қалай Мәжнүнге айналса, қалам мен қағаз да бір-біріне сондай ұлы махаббатпен байланды. Мәңгіге айырылмау үшін ...

Қалам да, сондай ғашықтардың бірі... Адамзатқа ғасырлар бойы мойынсұнып келе жатқан... Құран кәрімде «Қалам» сүресінде (Қалам уел Нун) Раббым сол туралы айтып өткен. Асылында, Нун өз алдына сиясауытқа ұқсайды. Бір хадисте: «Жаратушы Алла алдымен қаламды және менің рухымды жаратты», – делінген. Олай болса, қалам бірінші жаратылған. Бірақ сүйіктісімен (қағазбен) кездесуі ұзақ уақытты алған.

Енді, жазу мен қаламға қысқаша тоқталғаннан кейін, өзімнің қаламдарымның бір бөлігі туралы баяндағым келеді. Анығырақ айтқанда, сияқаламдарым туралы...

Сияқалам!

Оған деген құмарлықтың қандай сезім екенін түсінетін адам ғана түсінеді. Орта мектепте оқып жүргеніме екінші жыл болған-

да қатысқан бір білім сайысында сол кездегі Түркияның Мәдениет министрі марқұм Рыфкы Данышман сыйлаған Скриксс (Scrikss) маркалы қою жасыл түсті сияқаламым болғалы бері, жазуымды сияқаламмен жазып, ойымды сияқаламмен қағазға түсіріп келемін. Кәдімгі майқаламмен жұлдызымыз еш сай келмеді. Қолдан да лақтыр, сонымен бітті мен үшін.... Қағаз майлық сияқты... Маған арналмаған... Достық, адалдық, тұрақтылық жоқ онда. Сырласың да бола алмайды. Таусылған күні сені тастап кете береді немесе сен оны. Ал сияқалам ше? Сен онымен қандай да бір байланыс құрасың... Ол өмір бойы жалғасады.

Үстелімде әртүрлі сияқалам бар. Әрқайсысының махаббаты, әрқайсысына деген ғашықтық сезімім өзгеше. Жаңа бір қалам алғанда (қалам дегенім – сияқалам) оны басқалары қызғанатындай қорқамын. Алайда «нақсүйер қаламдарыма» (бұл термин Енис Батұрға тиесілі) олар да, мен де үйреніп қалғандықтан онша мәселе туындай бермейді. Әрқайсысының өз орны бар...

Ыстанбұлда Чынаралты, Үскүдар көне жәдігерлер базары, Сіркежідегі қалам жөндейтін ұсталар, Анкарада Туналы базарындағы көне жәдігерлер сататын жер – олармен кездесетін орындарымыз. Олар қаншама қуаныш пен мұңға куә болғаннан кейін бір шетке ысырылып, лақтырылып тасталғандай күй кешіп, жабырқап әлде біреулерді күтеді. Алайда кім біледі, қай мансап иесінің қолында қандай шешімдерге қол қойылды, қай ғашықтың сезімін сүйіктісіне жеткізді немесе қай ғалымның ойындағыларды болашақ ұрпаққа аманаттады? Кім білсін?..

Күн өтті, дәурен көшті.

Сондықтан, бұрынғыдай сия сорғызылмайтын жағдайда болса да, ұшы майырылып тозса да, қадір-қасиетін жоғалтпайды.

Жоғарыда аталған кездесу орындарында немесе жөндеу шеберханаларда, яғни барлық жерде олардың өзгермейтін тұрақты орны – ескі сынық стакан, шөлмек немесе қаңылтырдан жасалған ескі сағыз құтылары. Сол жерде сарғая күтеді. Оларға барғанда алдымен

бір орындыққа жайғасамын, дүкен иесі маған шай алғызады да, оншақтысын алдыма қояды. Әрқайсысы құдды бір өзін көрсетуге тырысатындай. Бұрынғы ескі күндеріндегідей бал-бұл жайнап, көз алдымда жалт-жұлт етеді. Паркер (Parker), Пеликан (Pelikan), Ватерман (Watermann), Кросс (Cross), Скрикс (Scrikss), Фабер (Faber), МонтБланк (MontBlanc), Дельта (Delta), Омас (Omas), тіпті Монтеграппа (Montegrappa) және тағы қаншамасы... Оларды көргенде, негізінде бәрін алғым келіп тұрғанымды бірден аңғарта қоймаймын. Мен де біраз бәлсінемін. Шай іше отырып, қайта-қайта қарап, таңдап алатындай сыңай танытамын. Тек екінші шыны шайдан кейін барлығын бір дорбаға саламын. Бәрін бірден саудаласып алғаннан кейін олар енді менікі. Олар да бақытты, мен де бақытты үйге қарай жол тартамыз. Үйге келе сала оларды бірден суға саламын. Айлар бойы, бәлкім жылдар бойы сыртта тұрғандықтан, оларды әдемілеп тұрып тазалаймын. Ауа соратын түтікшелерін ашу үшін молынан, толғанша су сорғызамын. Сосын қайта төгемін, құрғап қалған түрлі-түсті сияның қалдықтары түседі. Үйде оларды қызғанатын қаншама күндестері бар. Жаңадан келген сүйіктілерімді қабылдағысы келмейді. Бірақ байғұстардың үндері де шықпайды. Тек сөйлеп шығатын біреу ғана бар, қызғаншақтың қызғаншағы. Бұның барлығы одан жасырын түрде жасалады. Кім екен деп елең ете қалдыңыз ба? Ал, қаласаңыз, өз арамызда қалады деген шартпен атын айтайын (біздің Білге ханым, ас үйдің қожайыны). Барлық жерде сиясауыт, оларды қоятын жер жоқ, оларға кететін уақытта қаншама басқа істер жасауға болады деп кете береді әйтеуір... Кейде, ханымның сөзінің жаны бар деп те ойланамын. Шүкір, балаларыма да жұқты бұл әдет, олар да осы қылмысыма ортақ қазір...

Мейлі, қайта оралайық менің сүйікті қаламдарыма...

Бірінен баз кешуге тура келеді, біреуіне шұғыл ем-дом қажет, тағы біреуінің аса алып бара жатқан дерті жоқ негізінде, тек талшығы үзілген болуы мүмкін, енді бірі сап-сау. Қолдануға болатындарына түстеріне қарай сия құямын. Қызыл түстіге қызыл, қараға қара, жасылға жасыл сия сорғызып, қалтама әдемілеп саламын. Басқа қалғандары... Ех, қалғандары... Жөндей алмайсың кейбіреулерін... қатты

тозған, бұзылған. Тек олардың сау бөлшектерін алып басқаларына пайдалануға болады. Тағы біраз (аздап болса да) қолдану үшін сау бөлшектерін басқа жағдайы жақсырақтарына саламыз. Біреуінің ұшы, бірінің сиясорғышы, бірінің қақпағы, бірінің қыстырғышы сау... Сәйкес келгендерін алып ауыстырамын, әп-әдемі қолдануға жарайды. Бірақ кейде бөлшектері сәйкес келмеуі мүмкін. Міне сол сәтте қатты қынжыламын, себебі екеуі де іске жарамай қалады. «Олардың да тағдыры солай» дерміз. Кеткеннің артынан кетпек жоқ...

Қалғандарын біраз уақыт ермек еткеннен кейін, бұрынғылармен таныстырамын. Бастапқыда көндіге алмайды бір-біріне. Біртүрлі қарайды, бөтенсиді. Содан... Содан кейін барып бір-біріне біртіндеп үйренісе бастайды. Сөйтеп олар да сөреден өз орындарын табады. Бақытты баянды тұрады. Әрине, жаңалары келгенге дейін...

Сосын қаламдарымның арасында тым тәкаппарлары да бар. Олар басқалары тұрған жерде тұра қоймайды. Ұштарына әлі сия тимеген, қыстырғыштары, қақпақтары жалт-жұлт етеді. Ұштары ұзақ жылдар бойы ұстаған қолданушысының қолының икеміне қарай өзгерген.

Кез келген сияны қабылдай салмайды. Өздеріне сай түрден болу керек. Паркерге Паркердің сиясы, Пеликанға Пеликандыкі...

Е, солай болуға құқықтары бола қойсын. Айттым ғой, олар басқаларымен бір жерде тұрғанды қаламайды. Оларды ескі санайды, тіпті кейде тозған деп қарайды. Ал, олар сондай ма? Жеке орындары бар, барқытпен қапталған құтылары, сүртетін әдемі шүберектері бар. Тіпті оларды да менсінбейтін бір топ бар, мұрындарын көкке көтереді. Мысалы, Омастың ФЕТИХ 1453 сериясы, Монтеграппаның МЕККЕ-МЕДИНА сериясы, Дельтаның ОСМАНЛЫ сериясы, Висконтидің Түркия сериясы сияқты. Шынында, бұларға ие болу үлкен қуаныш. Бұлар енді қаламнан гөрі, коллекцияның ақсүйек мүшелері. Олар кез-келген құтыда жата алмайды. Құтылары жаңғақ ағашынан ойылған болуы қажет. Өздерін көрсету үшін құтысы да арнайы жасалған болуы керек.

Олар төзімді...

Жылдар бойы қызмет еткен қожайындары тастап кетіп немесе бір шетке ысырып тастап, сарайдан қуылған соң әлде бір күркеде өмірін аяқтаған сұлтанның сүйіктілері сияқты.

Олар адал...

Жылдар бойы бірге болғандардың құпиясын ешқашан ашпайды.

Олардың таңдайы мен алтын ұшының арасында қаншама сыр сақталды екен!

Қаншама қуаныш, мұң, махаббат, ереже, заң және өлең хатталды екен!

Қандай жылы сөздер бар жарға деген,

Қандай зілді сөздер бар жауға деген.

Тым сезімтал, асылында...

Ренжісе де, талпынар мүлде жасыруға.

Сіз түсініп, ұқсын деп күтіп, шыдар,

Бір бұрышта қалайша ұмытылар!

Дереу құрғап қалады тіл-тамағы,

Майырылады, мұқалады.

Кейде ішінде сиясы қатып қалар,

Дым шығармай, түтігін тосып қалар.

Парық етіп, жусаңыз жылы суға шылап, егер,

Кірі кетіп, бұрынғыдай жарқырап шыға келер.

Ал, иесі қолына қайта алғанда,

Айналар майтаманға.

Олармен жұмыс істей отырып, үнемі бір күйініштерін байқаймын. Негізінде менімен бірге болғандарына өздері де бақытты, бірақ сол әлгі күйініштері көзімнен таса қалмайды. Олармен тіл табыса келе, негізінде оларға өзімшілдікпен қарағанымды кейіннен барып түсіндім. Менің оларға деген махаббатым, немесе бұдан да кеңірек айтсақ, біздің оларға деген махаббатымыз – желөкпе махаббат. Сонда да үндерін шығармайды.

Жөн, кейде мұны өз маманымен талқылау да керек.

Қалам жөндеу



Адам баласы да қызық...

Танысып үйреніскен, бірге болған барлық нәрсеге бауыр басып қалады. Барған жерін бастапқыда қабылдамаса да, мүмкіндік тауып тезірек қашып кетуге тырысса да, уақыт өте оған үйреніп, қимай қалады.

Жаңа бір ортаға үйренісе алмаса да, сол ортаның мүшелеріне басқаша көзқараспен қараса да, кейіннен өзін сол қоғамның ажырамас бір бөлігі ретінде қабылдайды.

Өзі ие болған қандайда бір нәрсеге, затқа біршама уақыттан кейін іштей болмаса да, еріксіз бауыр басып қалады.

Қалам да солай.

Саусақтарының қолайына жаққан қаламды адам оңайлықпен тәрк ете алмайды. Жаңа қалам алса да, ұшы саусақтарының ыңғайына қарай бейімделген үйреншікті қаламынан оңайлықпен бас тарта алмайды.

Күндердің күнінде ол істен шығып қалса, мазасызданып жаны ауырады, қайғырады, дереу оның жөнделгенін қалайды.

Адам баласы, міне, осындай.

Өзінің қолынан келсе жөндейді, ал, қолынан келмесе...

Міне, сол кезде жаман.

Ыстанбұлда болса мейлі, мәселе жоқ. Анадолыда тұратын болса, дереу Ыстанбұлға келеді.

Бұрын Анадолының уәлаятында денсаулық сақтау қызметтері қазіргідей дамымаған, әр аудандағы ауруханалар керекті жабдықтармен толық жабдықталмаған кездері Анадолы тұрғындары (мүмкіндігі бар болғандары) лек-легімен Ыстанбұл мен Анкараға ағылушы еді. Дерттеріне шипа табу үшін.

Қалам құмарлардың жағдайы дәл сондай қазір. Қаламдары бұзылып қалса, мүмкіндігі бар болғандар бірден Ыстанбұлға келіп, Сіркежіге қарай бет алады (Анкарада жоқ екенін білемін).

Сіркежі, Еминөнү Ыстанбұлдың қайнаған ортасы. Бас пошта үйінің тура жанындағы көшеден солға бұрылсаңыз, төменге қарай ылди көресіз, тар көше. Оң жағында ескі ғимараттар, сол жағында көзілдірік, сағат, шақпақ жөндейтін орындар бар. Шағын-шағын дүңгіршектерден тұратын дүкендер. Бұлардан өте шығасыз. Осы дүңгіршектердің ең соңында «қалам ұстасы» Мұрат ұста бар. Мұрат ұста, Шәкір ұстаның қасында шәкірт болып жүріп, ұстазы дүниеден өткен соң, дүкен осыған қалған.

Олай дүкен дегеніме мән бермеңіз. Дүңгіршекке өзі әрең сыяды. Негізінде бұл көшедегі қатарласқан дүңгіршектерде 10-15 жыл бұрын тағы бірнеше қалам ұстасы болатын. Бірақ қазір тек қана Мұрат ұста қалды.

Оңалмастай бұзылған қаламдарды алдымен алады, тексереді, сорғысын шығарады, лупасын тағып ұшын тексереді, сол кезде бетінің пішіні неше түрлі боп құбылып өзгереді. Тура бір ауруды емдеп жатқан дәрігердің әлпетін көресіз оның жүзінен. Барынша зерттеп болған соң, кейде бір ұстараның жүзімен ұшының науашығын тазалап жіберсе, қалам бұрынғыдай жаза бастайды. Кейде қыстырғышын немесе ұшын ауыстырады....

Кейде бірнеше күннен кейін кел дейді. Немесе бір аптадан кейін... Ондайда бөлшектерін ауыстыру арқылы қаламға қайта жан бітіреді. Енді кейде «көп бөлшегі жетіспейді» деген диагноз қояды қаламыңызға, міне сол кезде қиын. Бірнеше жылдар бойы жолдас болып келе жатқан досыңызбен немесе ата-бабадан

қалған мұрамен айрылысатын уақыт келді деген сөз. Бір бөлшегі бәлкім басқа бір ғалымның ғұмырын ұзартар деген үмітпен сол жерге, Мұрат ұстаға тастап кете барасыз.

Қаламдармен кәдімгідей тілдескендей болады, Мұрат ұста оларды дәрігердей мейіріммен жақсы көреді... Өзі көп сөйлемейді. Оның есіл-дерті сізге емес, қаламыңызға, қаламдарына ауады.

Мұрат ұстаға анда-санда келіп тұрамын... Өткенде атақты маркалы бір сияқаламды қаламсабының шеңберіндегі тістері майысып қалғаны үшін Түркиядағы бөлімшесіне алып бардым. «Жөндей алмаймыз, Италияға жіберуіміз керек» деді. Келістім. Екі айдан кейін хабар келді. «Жасай алмай жатырмыз, жаңасын алуыңыз керек» деді. 450 лира бердім. Қаламсабы ауысты. Мұрат ұстаға осыны айтқан едім, «Аға, бізге алып келгеніңізде, бірден-ақ жөндей салар едік», – деді.

Көзі қарақты жандар біледі, қалам ұсталары арасында аңызға айналған бір кісі бар: Сейфи Ебжиоғлу.

Ол қалам жөндейтін алғашқы ұста ретінде танылған. 1933 жылы полициядағы қызметінен шығып, Сіркежі поштасының мәрмәр баспалдақтарына келіп отырып, орындығының астына шағын сөмкесі мен бірнеше істен шыққан сияқаламын қойып, дауыстап айқайлайтын: «Бұзылған сияқаламдарды жөндеймін! Істен шыққан қаламдарыңызды, жазбайтын қаламұштарыңызды маған алып келіңіздер», – деп.

Сейфи Ебжиоғлу, Елазықта туған, 4-шы сыныпқа дейін оқып, мектепті тастап кеткен екен. Әскери қызметінен кейін Ресейге барыпты. Сол жақта жүрген кезінде қалам ұсталарының қасына барып, сағаттап соларға қарап отырады екен. Полициядан жұмысынан өтінішін жазып шығып кеткен күні қалтасында 15 тиыны болыпты. 47 лира айлығын тастап, тәуекелге бел буады. Алайда, алғашқы айда 69 лира табады. Қараса бұл жұмыс өзіне ұнай-

ды, әрі пайдасы да жақсы, поштаның жанындағы көшеде өзіне шағын дүңгіршек құрып алады. Сол жерде тапсырыс берушілерді қабылдай бастайды. Танылған сайын көбірек пайда тауып, кей айларда табысы 300 лираға дейін жеткен. 1947 жылы бір газетке берген сұхбатында сол күндерді былай баяндайды: [34]

«Қаламдары ең көп бұзылатындар – қызметкерлер. Қаламдарына мекеменің сиясауытынан сия құйғандары үшін, немесе қалай қолданатынын білмегеннен кейін тез бұзып алады. Оқушылар болса олай емес. Олар қалам қолдануды жақсырақ біледі».

Сол сұхбатынан ұққанымыздай, бұл кездері қоғамның барлық тобындағы адамдар сияқалам қолданатын болған, мысалы аула сыпырушы мен қоқыс жинаушылардың да өзіне қалам жөндеткенін айтады. Тіпті әйелдердің 35 пайызы сияқалам қолданғанын да баяндайды.

Осылайша ұста, дұрыс қолданылмағандықтан қаламдардың тез істен шығатынын байқап, сияқаламды қолданудың сырлары деп бір кәртішке бастырады да, оны тапсырыс берушілеріне таратады.

Сейфи ұста, өзіне көмекші таба алмағандықтан, ұсталықты әйеліне үйретеді. Кешке қарай үйіне бір бума қаламмен келіп, әйелі екеуі отырып, қалам жөндеген екен. Сияқалам ұсталығында өзіне тән әдістерді де қалыптастырған. Мұның бір құпия екенін былай түсіндіреді:

«Қаламның сорғысының ұшындағы құлақшасы бар ғой... Міне сол ең көп бұзылатын жері. Құлақша, сорғының ұшынан бөлініп қалады. Сынып қалғаннан кейін сияны сормайды. Оны ол жерге жабыстырудың бір оңай жолы және соны оңайлататын бір әдіс бар, оны мен өзім ойлап шығарғанмын. Оны ешкім білмейді. Жөндейтіндер кездесіп қалуы мүмкін, бірақ ұзаққа бармайды. Мінеки, қалам ұсталығының құпия жағы да осы. Мұны бөтендер-

34 Билдик, Ж., Ақшам газеті, 02.07.1947

ге бермеймін. Тіпті 1000 лира береміз деп те уәде берді, бәрібір айтпадым, үйретпедім. Мен ақшаны емес, өнерді сүйемін. Соғыстан бұрын еді, бірнеше шетелдік қаржыгер Ұлттық банкке 25 мың лира салды. «Барып Германиядан құрал-жабдықтар алып кел, осы жерде сияқалам өндіретін зауыт ашайық», – деді. Мұны да қабылдамадым. Менікі, осыны түрік қаржыгері жасасын деген тілек еді».

Марқұм Сейфи ұстаның осы тілегі 1964 жылы Скриксс (Scrikss) тарапынан (толықтай болмаса да) жүзеге асырылады. Компания, орталығы Түркияда орналасқан қалам өндірушісі. Каталан тіліндегі «жазу» мағынасын білдіретен «Escilure» деген сөзден шыққан Скриксс сөзінің түбірі испанша.[35]

1964 жылы Ыстанбұлда Скриксс маркалы май қалам өндіріле бастайды.

1939 жылы аяқталған Испания азаматтық соғысы кезінде Испанияның Альбасете кентінде сияқалам шығара бастағаны белгілі Скриксс компаниясы, 50-ші жылдардың соңында бренд атауын Мове (Mowe) атты швейцариялық фирмаға сатады. 1963 жылы Мове фирмасы Скриксс маркасына қатысты барлық құқықтарын Түркияда Скриксс Металл және пластик компаниясына өткізіп береді.

Алғашқы түрік сияқаламы 1966 жылы Скриксс маркасының атымен шығарылады. Код нөмірі 17 болған бұл қаламның ұшынан басқа жерінің барлығы жергілікті өнім болатын.

1974 жылы, француз маркасы болып табылатын Ватерман (Waterman) Скриксспен кездеседі. Ватерман ханымы деген атпен танымал Ватерманның әлемде әйгілі басшысы Франсин Гомес өздерінің Жиф-Ватерман (Jif-Waterman) сияқаламдарын Түркияда өндіріу лицензиясын Скриксске береді. Жиф-Ватерман сияқаламдарымен бірге Скриксс Түркияда алғашқы болып Ватерман

35 www.scrikss.com.tr/history

сияқалам картридждері мен Ватерман сиясын өндіре бастайды. 1981 жылы Скриксс толықтай тот баспайтын болаттан жасалған Файн Лайнер 22 (Fine Liner 22) жіңішке ұшты жазу қаламын нарыққа шығарды.

1984 жылы Скриксс Американың ең үлкен қалам шығаратын АТ Крос (AT Cross Ltd) фирмасының өкілдік құқығын алды.

Сейфи ұста бұл күндерді көре алмады, бірақ та тілегі ұзақ жылдардан кейін орындалды. Түркиядағы сияқалам өндірісінің оқиғасы осындай...

Ұсталыққа қайта оралсақ, әлемнің әр түкпірінде қаламен бірге бітісіп кеткен қолөнер орталықтары бар. Шағын шеберханалар және сол шеберханаларда тарихтың көзіндей өнерді жалғастырып отырған өз ісіне ғашық жандар бар. Бейоғлұда қалпақ шебері Мадам Катя, Капалы Чаршыда «Грамофоншы әкей» Мехмет Өзтекін, Еминөнүде құрғақ кофе сатушы Махмут Ефенді, Сіркежіде Али Мухиддин Қажы Бекир, Вефада Вефа бозашысы және тағы қаншамасы... Амал нешік, урбандалу үдерісі аясында бұлар жойылып кетпек. Алайда ол орындардың қасиеті бар. Ол жерлерден тарихтың иісі аңқиды. Оларды сақтап қалу керек.

Қалам шебері Мұрат ұста, жалғыз мен ғана қалдым деп уайымдайды. Ол да өз орнынан кез-келген сәтте айрылып қалатынын ойлайды.

Мейлі, қалам ұсталығы туралы жазып отырып, ортаға басқа мәселелерді де қосып жіберген болдық. Осы орайда естен шықпай тұрып, марқұм Сейфи ұстаның және Мұрат ұстаның сияқаламды ұзағырақ және күтіп ұстау үшін бірнеше кеңесін айта кетейік:

Ең маңыздысы – сия. Жақсы сия қолданыңыз, тіпті мүмкін болса қаламның өз маркасынан шыққан сияны қолданыңыз.

Бір қаламмен 2-3 ай жазу жазылмаса, сиясын төгіп, ішіне қарапайым су құйып тазалау керек. Болмаса ішіндегі сия құрғап, қаламның жазуын қиындатады.

Ұзақ уақыт бір болса да күтімін жасатып тұрыңыз.

Қаламды қатты суықта ұстамау керек.

Ұшы қаншалықты иілгіш болса, соншалықты жақсы жазады (осы себептен де алтын жақсырақ).

Сиясауыты оңай толтырылып, оңай босалтылуы тиіс.

Каламның өшегіші: сызғыш



Марқұм хұснихатшы Хамидтен естіген едім. «Жазу жазатын қолдарыммен екі килолық зат көтергенім есімде жоқ» деген болатын. Хайдарпашадағы Нумуне емханасында жатқан соңғы күндерінде көңілін сұрап барғанымда, әлі қалмаған еді. «Қаламды неғұрлым еркін ұстай алсаң, қолың мен саусақтарың қаншалықты нық болса, соншалықты әдемі жазасың» деген-ді.

Алайда саусақтарыңызды қаншалықты икемді ұстасаңыз да, бір өнер туындысы ретінде жазған жазудың (құснихаттың) қағазда мәнерлі көрінуі үшін сызғыш қажет. Жазу түзу, дөңгелектелген немесе сопақ болуы мүмкін. Жол ашып, жазуды дұрыс жолға тізіп жазу, жол сызықтарын кейін өшіріп тастай алатындай етіп қарындашпен немесе басқа қаламмен сызғыш арқылы сызып алу, жазуды түзу және жол аралықтарын теңдей етіп жазу үшін сызғыш өте маңызды.

Бірақ бет саны артқан сайын ол сызықтарды сызу ұзақ уақыт алуы мүмкін. Одан да қиыны беттер мен жолдар арасында ауытқулар болуы ықтимал. Осы себептен «мистар» немесе «мыстар» деп аталатын сызғыш қолдану керек. Мұның парсыша атауы «хаткеш».

Арапшада «Мисдар» жазудың реттілігін сақтау, «масдар» болса бір нәрсенің бастау алған (шыққан) жері деген мағынаны білдіреді.

Жазуды жазбастан бұрын алдымен оның рет-тәртібін, яғни әріптерді жол сызығына қалай тізбектеп орналастыруды жақсы біліп алу керек.

«Әр жазудың түріне қарай, әріптер мен сөздердің жол сызықтарында орналасатын арнайы орындары бар және ол орындар, оң мен сол жақтағы әріптердің құрылымына қарай өзгеріп отырады. Осыған қарамастан, әріптер мен сөздердің және олардан туған толықтай бір жазудың осы жол сызығы үстіндегі орнын бізге көрсететін сызық емес, сол сызық үстінде орналасатын жазудың өз реті».[36] Ол ретке «жол низамы» немесе «күрсі» делінеді. «Жол тәртібі» сөзі жазбастан бұрын, «күрсі» жазғаннан кейін қолданылады. «Мына жазу күрсісінде немесе күрсісінде емес» деген кезде жазудың тәртіпке сай жазылып-жазылмағаны айтылып жатыр деген сөз.

Мистардың ірілі-ұсақты көптеген түрі бар: машық мистары, парақ беті мистары, емтихан мистары, бөлім мистары сияқты... Бірақ ең көп қолданылатыны парақ бетінің мистары болғандықтан, осы жерде қысқаша сол туралы баяндалмақ [37].

Жазылатын жазудың қағазда алатын орнының жалпы пішіні мен көлемі және осыған сай жолдардың саны, ұзындығы, аралығы мен тағы басқа қосымша жоспарланған ерекшеліктері жұқа бір картонның үстіне қарындашпен және сызғышпен жүйелі түрде сызылады.

Сызылған жолдардың екі жақ басы жіңішке инемен тесіледі де, осы тесіктерден есілген жібек жіпті инемен өткізіп керіледі, барлық жолдар түйілмеген бір жіп арқылы тізіліп шыққаннан кейін «мистар» пайда болады.

Жазылатын қағазды осы мистардың үстіне қойып, жіптің үстінен саусақпен басып жолдың бағытына қарай сипап шықса, қағаздың бетіне жіптердің білінер-білінбес ізі қалады және осы ізге «жол сызығы» делінеді.

---

36 Языр, М.Б., Қаламның сұлулығы, 2-том, 207-б.

37 Қаламның сұлулығы, 2-том, 208-б.

Бір беттегі жолдардың саны тақ болуы керек, ал орта жол қағаздағы беттің тура ортасына дәл келуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, екі бет арасындағы өлшем бірлігі үйлесім таппайды, яғни бір-біріне «тепе-тең» және «бетпе-бет» болмайды. Ол үшін мистар картонына, ортадағы жолдың сыртқы жағына тесік тесіледі. Мистар, екі парақтан тұратын қағаз арасына қойылады да, алдымен осы тесікті қолмен бастырып, ізін екі параққа да түсіру керек.

Бірақ сызғыштың хұснихаттағы рөлі екінші орында. Жазудың, әріп пен сөздердің өз ретін, яғни жолға тізбектеліп жазылғанда ұстанылуы керек реттік сызығын білмейінше, мистарды жеткілікті дәрежеде пайдалану мүмкін емес [38].

Негізінде, жоғарыда қысқаша баяндалған «мистар», жазудың сыртқы сұлулығына қатысты. «Мистар» және «масдар» сөздерінің ұғымдарынан гөрі, ой мен санадағы мағыналарын зерттеген пайдалы. Себебі бір ұғымның «әріп мағынасынан» бөлек, «есім мағынасы» да бар.

Әріп мағынасы лұғат ілімі бойынша басқасының мағынасын көрсету, басқасының білінуіне қызмет ету деген мағынаны білдіреді. Есім мағынасы болса, бір нәрсенің өз атына және затына қарай бағытын білдіреді.

Мистардың есім мағынасы жоғарыда айтылған «зат» ретінде сызғыш. Олай болса оның әріп мағынасы – жазуды жаздырғанның сұлулығын, әдемілікті жақсы көргенін білдіреді. Осы себептен де хұснихатшы қолының тайып кетпеуі және жолақтардың қисық шықпауы үшін, беттің мизаны мен низамы бұзылмауы үшін мистар қолданады.

Сонымен, «мистар» жазудың реттілігін сақтау үшін қолданылатын зат, яғни сызғыш. «Масдар» болса, бір нәрсенің пайда болған (шыққан) жері.

---

38 Языр, М.Б., аты аталған еңбек, 209-б.

Алааддин Башар ұстаздың сөзімен айтқанда:

«Сызық сызғышпен сызылады, бірақ оны сызғыш сызбайды. Сол сияқты, сия қаламнан шығады, бірақ жазуды жазатын сия емес. Жаратылған әрбір жаратылыс Алланың ілімінде қалай қастерленсе, солай қалыптасады. Алланың іліміндегі осы ғылыми қалыптар, рухани қалып сияқты, ерік пен құдіретпен осы қалыптарға сай жаратылады. Олай болса «мистар» тағдырды білдерсе, «масдар» құдіретті білдіреді.

Яғни, «мистардың» тағдыры қаламның құдіретімен жазылады.

Әрине, «мистар» жалғыз өзі ешқандай мағынаны білдірмейді, болса сол бір «мастар»-ды және әлбетте жазудың әрбір сызығы, әрбір жолы, әрбір әрпі немесе нүктесінің үндестік тауып, үйлесіп тұрғанын қалайтын хұснихатшыны бірдіреді».

Солай да солай...

Сызғыштан, мисдардан Алланың құдірет қаламына...



Қалам және қаламдар



Қалам мен жазудың материалдық жағымен қатар, рухани жағы да өте маңызды. Сондықтан Алланың адамзатқа сыйлаған ең маңызды нәрсесінің қалам екеніне сенемін. Тіпті, Құран кәрімде ол туралы айтылған. Жазудың маңыздылығы соншалық, алғашқы адам және алғашқы пайғамбар Адам атаға (ғ.с.) сұхуф (кітап парақтары) түскен.

Қалам, пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) тарапынан дәріптелген жазу құралдарының ең басында келеді. Адам үшін сөз сияқты, жазудың да маңызы зор. Алла тағала, жазуды үйретуді өз болмысымен байланыстырып, «Ол сондай, адам баласына қаламмен жазуды үйретті, білмегенін үйретті», – дейді.

Жазу мен ғылымның адам баласына берілген сансыз нығметтердің ең басында келетінін, сонымен қатар жазу құралы болып табылатын қаламның қадір-қасиеті де өте жоғары екені баяндалған. Себебі, «иlаһи қаламмен» сана мен зердеге ойып жазылған мағыналар, жасанды қаламы арқылы жазылып, хатталады. Қаламның қасиетінің ұлылығына байланысты бір сүреге аты берілген, алғашқы аяттарында қаламға ант етіліп адамдарға ескерту жасалған. «Сиясауыт, қалам және қалам ұстағандардың жазғандары мен жазатындары үшін» деген мағынадағы аяттарда Алланың алдымен жазуды бұйырғаны және оның қияметке дейін болатын нәрселердің иlаһи қалам мен жасанды қалам арқылы жазылатынын нұсқаған.

«Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол, адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен

үйреткен. Ол, адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен» (әл-Аләқ сүресі, 96/1-5).

Бұл аяттар, хазіреті Пайғамбарға (с.ғ.с.) түскен алғашқы уахи (аян) болып, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) және оның атынан барлық мұсылмандарға оқуды бұйырады. Оларды қаламмен жазуға, ғылымда дамуға ынталандырды. Алғашқы уахидің (аянның) «Оқы» бұйрығымен басталуы және осы бұйрықтың екі рет қайталануы, оқудың және ғылымның дінде және адам өмірінде қаншалықты маңызды екенін көрсетуде. Құранда жаратылыстар арасында адамның ерекше және жоғары дәрежесін оның үйрену ерекшелігімен сипаттауы өте мағыналы.

«Жәбірейіл (ғ.с.) хазіреті Пайғамбарға (с.ғ.с.) «Оқы» дегенде, ол оқу ісін оқу мен жазуды білетіндердің жасай алатынын ойлап, «Мен оқи алмаймын» деген болатын. Міне 3-ші аят, бір жағынан, Алла Елшісінің осы бір жанама түрдегі кешірім сұрауына жауап ретінде болып отыр. Ол аятта, Алланың рақымы шексіз, Ол, адамды «ұйыған қаннан» жаратып, керемет бір жаратылысқа айналдырған және пайғамбарлық сияқты ұлы дәрежеге жеткізген құдіретімен, тілеген құлдарына қарапайым жолмен, яғни қалам мен басқа да білім заттарын қолданып, ұстаздан, мектептен, медреседен білім алуына жол ашып, оқуды үйреткен. Сонымен қатар, Ол, құлдарына, оқу-оқытусыз да үйретуге қабілетті.

4-ші және 5-ші аяттарда қаламның маңыздылығын баса айтқан, өйткені қаламның өте үлкен, санап тауысу мүмкін емес пайдасы бар. Қалам арқылы ғылым жинақталып жазылды, хикметтер хатталды, бұрынғыларға қатысты хабарлар мен мәліметтер қағазға түсті, Алла тарапынан түсірілген киелі кітаптар жазылды, қысқасы өркениеттер осы қаламның арқасында жалғасын тауып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырды. Алла, қаламның көмегімен адамға білмегендерін үйретіп оны надандық қараңғылығынан құтқарған, ғылымның шамшырағымен қауыштырған». [39]

---

39 www.kuran-i kerim.org

Демек, қаламмен жазуды үйреткен, осылайша ғылымды танытқан да Алла. Болмаса, ұйыған қаннан жаратылған адамдар қаламды да, жазуды да қайдан білсін.

Осыған қарағанда, әрбір ұстаз осы қаламның қызметін атқарып келеді. Бір жағынан, «Ол, адамға білмеген нәрсесін үйретті».

Ұстаз, ah, ұстаз...

Білмегенімізді бізге үйреткен...

Анамыздан кейінгі анамыз, әкемізден кейінгі әкеміз.

Бізді адам қылған, бойымызда бұғып жатқан қабілетті оятқан, мейірін төккен, құрметті үйреткен, сұлулық пен сұлулыққа деген құмарлықты дарытқан ұстаздарымыз!

Діндар болмағандықтан айтуға тартынамын, иншалла, қате емес деп ойлаймын, бірақ, «ұстаздар Алланың жер бетіндегі қаламы» дегім келеді. Өйткені білмегенімізді бізге білдіруге себепкер болды олар. Әйтсе де...

Жаңа ғана айтқанымдай, діни ғалым болмағаным үшін үкім кесе алмаймын. Бірақ, бір зерттеуші ретінде деректерден тапқан мәліметтерім бойынша, қалам сөзі Құран кәрімде екі жерде жекеше түрде, екі жерде көпше түрде (аклам)[40] айтылған. Жекеше түрде қолданылған аяттардың бірі жоғарыда атап кеткен әл-Аләқ сүресі, яғни Құран кәрімнің 96-шы сүресі болып табылады.

Екінші сүре – Қалам сүресі (68/1-4). Қаламға және жазғандарына серт етіп, хазіреті Пайғамбардың (с.ғ.с.) шексіз рухани құндылықтарға ие екенін көрсеткен. Адасқандардың санасыз қарсылықтарынан туған есалаң айыптауларына қатысы жоқ екені айтылған. Қаламның көпше түрі кездесетін екі аяттың біреуінде, иlаһи ілімнің шексіздігін жер бетіндегі ағаштардың барлығы қаламға айналып, теңіздердің жеті есесінен де көп сия болса да, иlаһи қаламымен жазып таусылмайтындай етіп сипатталған

40 Аклам: қаламдар

(Лұқман сүресі 31/27). Келесісіне, аклам (қаламдар) сөзі арқылы жонып жасалғандықтан жеребеде тартылған оқтарды меңзейді және Исраил ұлдарының қайсысының әзіреті Мариямды панасына алатынын белгілеу үшін оқтармен жеребе тастағаны туралы хабар берілген (Али Имран сүресі 3/44).

Жоғарыда да айтылғандай, бұл жазба қаламның Құран кәрімде және хадистерде қалай сипатталғанына қатысты. Барлық дерлік тәпсірлер мен мағыналар қаламға қатысты бірдей нәрселерді жазған.

Хадистерде болса, «қалам және аклам (қаламдар)» шамамен 80 хадисте түрлі жерлерде айтылады деп рауаят етілген. Бұлардың бір бөлігі туралы төменде жазылады. Бірақ мен қол жеткізген дереккөздері не тым егжей-тегжейлі мәліметтер берген, не болмаса өте үстірт қарап өткен. Маған кезіккен екі дереккөз тақырыпқа қатысты қысқаша түрде ақпарат берген және екеуінің мазмұны шамамен бірдей. Олар – Махмұт Каныктың, Шуайб Шерефүддиннің «Нүкте мен қалам» аудармасындағы «Қалам туралы» деген бөлімі және Юсуф Шевки Явуздың «Қалам» мақаласы. Екеуінің де еңбегінде көрсетілген хадистерді дереккөзден таптым. Хадистердегі «қалам және акламға (қаламдарға)» қатысты ақпараттар үшін осы екі дереккөзді пайдаландым.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қалам туралы былай деген: «Алланың алғаш жаратқан нәрсесі – қалам. Алла қаламды жаратқан соң оған қияметке дейін пайда болған барлық нәрсені жазуды бұйырады, ол да жазды, бірақ енді жазбау үшін қалам да құрғады». Хазіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) миғражға көтерілгенде қаламдардан шыққан (періштелерге тиесілі) дауыстарды естиді (Бұхари, «Салат», 1; Мұслим, «Иман». 263). Қаламдардың адамдар туралы жазған тұстарының ешқашан өзгермейтініне сену керектігін көрсеткен және барлық адамдар біріксе де Алла жазбайынша ешкімге пайда немесе зарар бере алмайтынын баяндайды. Сондай-ақ, ұйықтағандар оянғанға дейін, балалар кәмелет жасқа толғанға дейін, жынды және қартайып алжығандар есі кіргенге

дейін, бақытсыздыққа ұшырағандар азабынан құтылғанға дейін қаламның олар туралы күнә жазбайтынын айтады.

Ерте дәуірдің хадис дереккөздерінде кездеспесе де, кейінгі кезеңге тиесілі кейбір еңбектерде Пайғамбарға (с.ғ.с.) сілтеме жасалған және әлсіз деп бағаланған кейбір рауаяттарда қиямет-ке дейін болатын нәрселерді жазатын қаламның нұрдан жаратылғаны айтылған.

Ислам ғалымдары аят пен хадистерде жазылған қалам туралы түрлі көзқарастарын білдірген.[41] Бұлардың біріншісі, аят пен хадистерде екі түрлі қаламды аңғаруға болады. Бірі адамдардың білім алу және оқу құралы ретінде қолданатын материалдық қалам болса, екіншісі – иlаһи және рухани қалам. Бұл жағдайда, алғаш жаратылған және жоқтан бар болған барлық нәрселермен байланысты туындаған барлық оқиғаларды тағдыр тақтасына жазатын иlаһи қаламның бар екеніне сену керек. Ибни Аббасқа сілтеме жасай отырып, иlаһи қаламның нұрдан жаратылғанына қатысты рауаяттар бар болса да, оның болмысы мен ерекшелігіне қатысты сенімді деректер болмағандықтан, тек бар екеніне сеніп, болмысының белгісіз екеніне илану дұрысырақ. Өйткені жазу құралы болып табылатын қаламға жүгінуге және қалам туралы айтылған сөздерге оның жауап беруі мүмкін емес. Осы себептен қалам дегенде меңзелген нәрсе – пайда болатын нәрселердің жазылуы дегенді білдіреді.

Екіншісі, бар екендігі туралы айтылған иlаһи қалам, бүкіл жаратылғандардың негізін құрайтын теорияның алғашқы сатысы – алғашқы ақыл. Себебі, өзіне айтылғандарды ешқандай құралсыз түсінетін сол ақыл. Алла жаратқан алғашқы нақты жаратылыс болып табылатын ақыл, өз болмысы мен бастауын таныту үшін ақыл деп аталғанда, басқа жаратылыстардың пайда болуы мен мәліметтердің жазылуына көмекші құрал болған қалам, пайғамдар нұрының жайылуына септігі тигені үшін Нұр-и Мұхаммед

41 Яуыз, И.Ш. «Қалам», Ислам энциклопедиясы, 24-том, 244-б.

(Мұхаммедтің нұры) деп аталған. Осыған қарағанда алғашқы ақыл, яғни ең ұлы қалам жалғыз нұрдан тұрады. Бұл нұр, жаратылушы құлға айтылғанда «Калем-и Ала» деп те аталады. Шын мәнінде кейбір риуаяттарда алғаш жаратылған жаратылыстың қалам екендігі айтылса, басқа риуаяттарда Алланың алғаш жаратқан нәрсесі ақыл немесе жәуһар екендігі айтылады. Бұл дегеніміз ақыл, қалам және жәуһардың бір нәрсе екенін көрсетеді.

Үшіншісі, қаламның алғаш жаратылған жаратылыс екеніне қатысты рауаяттардан бөлек, жаратушы Алла тағаланың жаратылыстардың тағдырын жазғанда Аршының судың үстінде болғанын баяндайтын рауаяттардың да болуы, алғаш ненің жаратылғанын қайта қарау керектігін білдіреді. Осыған орай, алғашқы жаратылған нәрсенің Аршы екенін де айтуға болады. Аршыдан кейін алғаш рет қаламның жаратылғаны туралы баяндалуы мүмкін немесе илаһи қаламнан бөлек періштелер қолданатын түрлі қаламдар да бар. Алланың пайғамбарларға жіберген уаһиларын жазған уахи қаламы, адамдардың жасап жүрген немесе жасауы тиіс амалдарын жазған періштелердің қаламы, ғаламның барлық істерін атқарып жүрген періштелердің жұмыстарын жазған қаламды осыларға жатқызуға болады.

«Қалам туралы хадистерде берілген деректер мен ғалымдардың бұларға қатысты жасаған болжамдарынан, ғаламның пайда болуынан ақырет күніне дейін болатын заттар мен оқиғаларды илаһи ілім бойынша жазып отыратын материалдық емес бір қалам бар екенін ұғуға болады. Бірақ оның болмысы белгісіз. Өйткені аяттар мен шын екені мәлім хадистерде бұл туралы ешқандай ақпарат берілмеген. Қаламға қатысты хадистерден бөлек, Құран кәрімде барлық нәрсенің бір кітапта егжей-тегжейлі жазылғаны туралы айтылуы, болмысы білінбесе де материалдық емес құдіретті бір қаламның бар екенін көрсетеді. Олай болса қаламның саны, түрлері, белгілері, сипаттары мен қызметімен қоса барлық нәрселер мен оқиғалардың тағдырын жазатын құрал ретінде тағдырға иман келтірумен де байланысты. Бұл түсінік, бір қарағанда, адамдар ерік-жігер мен іс-әрекет бостандығынан

айырылып, барлық әрекеттерін иlаһи мәжбүрлікпен орындайды деген әсер туғызғанымен, тиісті аяттар мен хадистерді бір тұтас алып қарағанда жағдайдың мұндай емес екендігі белгілі болады. Өйткені аяттардың бірінде «уммул китаптың» Алланың құзырында екені және осы кітаптан қалағанын өшіріп, қалағанын қалдыра алатыны айтылады. Бұл жерде маңыздысы құлдың иlаһи бұйрықтар алдындағы ерік-жігері мен ұстанатын көзқарасы. Осыған қатысты Елмалылының да айтқанындай, иlаһи мақаланың қызметі толықтай бітті деуге келмейді. Болып біткендер жазылып қорытындыланған, бірақ алда болатындарға қатысты қаламның қызметі жалғаса бермек.

Осылайша, «Қалам және аклам» туралы теология және тәпсір кітаптарынан жан-жақты мағлұмат бере отырып, өз алдына бөлек зерттеу тақырыбы етіп алуға болады. Алайда бір тақырыпқа қатысты осы ақпараттармен тоқталайық. Қаламға қатысты Азиз Несефидің «Левх-и Махфуз кітапшасы және Құран, дәуіт, қалам» (Risale-i Levh-i Mahfuz ve Kitab-ı Huda ve Devat ve Kalem) (Сүлеймание кітапханасы, Шейіт Али Паша, №4899) және Мұхаммед Ибрахим Атайдың «Рисале-и Левх-у Калем'и» (Risale-i Levh-u Kalem) (Сүлеймание кітапханасы, Жазу қайырымдылықтары, №3929) шығармалары қалам мен қаламдар туралы жан-жақты мәлімет беретін еңбектер болып саналады.[42] Жазбаның бас жағында атап өткенімдей, хадистер мен аяттарды тәпсірлей алмаймын. Сол себептен тереңіне үңілместен дереккөздерге талдау жұмысы ретінде осы мағлұматтарды беруді жөн көрдім және сонымен қатар тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізгендердің еңбектеріне жүгіндім.

42 Яуыз, И.Ш. «Қалам», Ислам энциклопедиясы, 24-том, 245-б.

Каламгер (Калам білігі)



Ербаб-ы Калем – Османлы дәуірінде түрікшеге сіңіп кеткен атау. Қалам білгірі сарайда, мемлекеттік істерде маңызды қызметтер атқарды. Мемлекеттің барлық дерлік құпиясын білетін адамдар. Қатырма жейде мен үтіктелген шалбар киіп, дөңгелек көзілдірік тағып, тіпті сәндік үшін қолдарына таяқ ұстайтын. Олардың шапандарының ішінен киген күрмесінен, қалтасындағы шынжырлы сағатынан, жалт-жұлт еткен былғары аяққиімімен қоғамның оқымысты, ақсүйек, мәдениетті адамдары екені бірден байқалатын.

Османлының соңғы кезі мен республика құрылғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы пікірталастарға үнемі солар қатысатын. Кейбірі батысшыл болса, енді кейбірі осы мекенге біте қайнасқан дәстүрді ұстанатын. Бірақ міндетті түрде сұлулыққа құмар болатын. Жазушы болып, роман, әңгіме, пьеса жазды. Ақын болып, ғашығына, отанға, демократияға арнап өлеңдер жазғды. Мүсін және сурет өнерімен де айналысты.

Қаламдар қалтаға салуға болатындай деңгейге жеткелі бері, бәрінің бір-бір әдемі қаламдары болды. Жазушының ең көрнекті екі дүниесі: қаламдары мен сағаттары... Әрдайым барлық нәрсені жазып алып жүретін.... Тарихқа сәулесін шашсын деп күнделіктер де жазатын...

Республика құрылғаннан кейін, «Калем Ербабы» қызмет атауы болудан гөрі басқа мағына да білдіре бастады.

Бай болсын, кедей болсын өз қалталарына сай әдемі сияқаламдары болатын. Кавеко (Kaweco), Паркер (Parker), Пеликан

(Pelikan), Шиффер (Sheaffer), Омас (Omas), Монт Бланк (Mont Blanc) сияқты. Қазіргілерде болса бәлкім Монтеграппа (Montegrappa), Висконти (Visconti), Делта (Delta) не болмаса Аврора (Aurora)...

Ешқандай асықпайды өздері... әр сәтті тамаша өткізгілері келетін.

Қалталарында немесе сөмкелерінде міндетті түрде кішігірім дәптері болатын. Дәптер де қаламның ажырамас бір бөлшегі іспетті. Олар ақырын қозғалып, баяу сөйлейтін, ешқашан дауыс көтермейтін. Темекі шегетіндері ешқашан темекісін түрегеп тұрып немесе жүріп бара жатып шекпейтін еді.

Олар сияқалам ұстайтын, ешқашан май қалам қолданбайтын. Және де ешқашан оларға «май қаламыңызды алуға бола ма» дей көрмеңіз... Сияқалам олар үшін «ең» маңызды болмаса да, айрықша маңызды заттарының бірі еді. Түрлі-түсті сиялар және сия түсімен қаламның түсі әрдайым бір-біріне сай болып келетін. Сияқалам қолдану, онымен жазу қалыптасқан салт-дәстүр сияқты болатын.

Олар қаламға сия құйып, оны ұмытып кетпейтін. Қаламның ішіндегі сияны құрғағанға дейін қалдырып қоймайтын. Апта сайын қаламдарына күтім жасап тұратын. Кәдімгі сумен жуып тазалайтын. Тиісті сиясын құйғаннан кейін бос қағазға «S» немесе “” деп жазып көретін. Қаламның ұшына тиген сияны шүберекпен сүртіп, қақпағын жауып қаламды сыпайы түрде ішкі қалталарына салып алатын.

Біреуден сыйлыққа қалам алғанда қаламды үш рет сүйіп, маңдайына тигізетін. Сыйлықтан алған керемет сезімін ұзаққа жалғастырып, әлгі қаламды бірнеше күн бойы қолдарынан тастамайтын еді.

«Қалам білгірі» ең көңілсіз жиналыстардың өзін қаламдарымен қызықты етіп жіберетін. Қалам білгірінің сөмкесінде не болмаса қалтасында кем дегенде 5-6 қаламы болады. Тіпті кей-

бір кездері сөмкесінде де, қалтасында да көптеген қалам (10-15) жүретін. Мысалы құрметті Наби Авжы сияқты...

Кейіннен «қалам білгірі» болуға тырысқандар бөлек әңгіме. Байлықтың көмегімен қалаған қаламына (кейбіреулері тіпті 15-20 мың доллар) қол жеткізу арқылы «қалам білгірі» бола салмайды. Мысалы, бір қалам білгірі май қаламға онша мән бермесе, бай қалам коллекционерлері бір май қаламға мыңдаған доллар жұмсауы мүмкін. Қалам білгірінің 1940-шы жылдары қолданылған «Паркер-51» қаламынан алған ләззаты, «қалам коллекционерлерінің» мыңдаған доллар беріп алған қаламынан әлдеқайда жоғары.

Қалам білгірі қалам ұшының қай қолмен қолданылса сол қолдың икеміне және ұстауына қарай сәйкестеліп кететінін біледі. Шынында да, бір адам қолданған қаламды басқа бір адам қолдануға тырысса, жазылмайды, қағаз бетінде жүрмейді, сырғымайды. Өз иесінің саусақтарын іздейді.

Жоғарыда да айтылғандай, олар уақыттың қарбаластығына, әбігерлігіне және қауырттығына қарамастан, «әр сәтін» тамаша өткізіп, тыныш өмір сүріп, сия мен қағазға және қаламға деген адалдықтан айныған емес.

Қаламның сәждесі – жазу



Барлық тіршілік иесі, адам баласы, жан-жануарлар мен өсімдіктер және тіпті жансыз заттар да өз тілдерінде Аллаға зікір айтады. Көрінсе де, көрінбесе де бұл осылай. Өйткені жаратылыстың себебі – құлдық ету, ғибадат ету, Жаратқанның әміріне бағыну.

Сонымен адамдардың ғибадаты тәмам делік. Жануарлардың, өсімдіктердің тіпті жансыз заттардың ғибадаты қалай болмақ? Білгенімше түсіндіріп, тақырыпқа қайта оралайық. Білетіндер білер, хал (ишарат) тілі деген бар, сөйлеу тілі деген бар. Сөйлеу тілі – бәріміз білетін кәдімгі сөйлеу, тілмен, ауызбен мағынасын түсіндіру. Қолын жайып дұға жасау, өз тілімен Жаратқанға жалбарыну адамға тән нәрсе.

Сөйлеу тілі.

Нәресте туа салысымен жылайды. Оның тілін анасы түсінеді. Нәресте уақытылы жылағанда, екі себептен жылайтыны түсінікті: не қарны ашып, омырау іздегені, не болмаса жаялығын тазалауды сұрағаны. Егер бөбек бейберекет жылай берсе, анасы оны басқа бірнәрсе мазалайтынын ұғынады. Дәрігерге алып баруға тура келеді. Тілі шыққанға дейін нәресте өзіне керектіні жылап білдіреді. Оның хал тілі – жылау.

Нәрестелік және балалық шағы адамның ең кіршіксіз кезі. Нәрестенің хал тілінен бөлек хал әрекеттері де болады. Таңертең ұйқыдан оянғанда шығаратын дыбыстарын, ойыншықтарымен ойнағандағы халдерін, ұйықтайтын уақытта қолдарын артқа тастағанын көрген боларсыздар, міне осылар олардың сонша-

лықты тыныш, көңілді болғандарының көрінісі ... Егер ұйықтап жатқанда тізесін ішіне тартып, қастарын кергенін көрсеңіз, оны бір нәрсе мазалайтынын түсінесіз. Бұл да бөбектердің хал тілі.

Үлкендеріміз хал тілінің сөйлеу тілінен де маңызды екенін айтады. Себебі хал тілі өзімсініп, көңілін әрекетпен білдіру. Өте керемет сөйлейтін адамдар болады. Сөйлеген сөздеріне тәнті боласыз. Бірақ сол адамдардың «халдерін» көргенде қарныңыз ашады. Ұлы сопылар «тыныштық ілімімен» түсінісетін болған. Ешнәрсе сөйлемей жарты сағат, бір сағат қарама-қарсы отыратын болған. Содан кейін «қалай керемет сөйлестік» дейді екен.

Яғни, хал тілі сөйлеу тілінен үстем. Бұдан бөлек «сөзбен жасалатын дұға» және «әрекетпен жасалатын дұға» бар. Біздің тақырыбымызға көбірек қатысы бар. Сөзбен жасалатын дұға маңызды. Яғни қолдарыңды көкке жайып, Аллаға жалбарыну маңызды. Бірақ әрекетпен дұға жасамастан, сөзбен дұға жасау жеткіліксіз.

Мысалы бір оқушыны сабақ оқымастан, дәрістерге қатыспастан, баға алып, кітап оқымастан таңға дейін дұға жасаса, емтиханнан өтеді деп күтуге болмайды. Алдымен не керек соны жасайды, сабағына дайындалады, одан кейін дұға жасайды. Бір шаруа егістік жерін жыртпаса, тұқымын сеппесе, суарып, керек кезінде топырағын босату жұмыстарын жасамаса (бұлар әрекет дұғалары), тек дұға тілеп отыра берсе, өнім ала алмайды. Тек осылардың бәрін жасағаннан кейін, апаттан, бұршақтан, жауын-шашыннан, аптап ыстықтан, қуаңшылықтан қорға деп дұға жасаса ғана мәні болмақ. Тараудың басында айтылғандай, жануарлар, өсімдіктер және тіпті жансыз жаратылыстар да Аллаға сыйыну дұғасында болатынын тағы да айтып өтейік.

Деректі фильмдерден көрген боларсыздар. Керемет үндестік тізбегі бар. Барлығы өз міндеттерін атқарады. Олар тәртіпті сақтау үшін ең кішкентай жануардан бастап ең үлкеніне дейін өзіне берілген міндетті орындайды. Тек адамның қолы бұзбаса болғаны.

Өсімдіктер де солай.

Таулар – жансыз жаратылыстар болғанымен, өн-бойында адамдардың жұмысын жеңілдететін қаншама қазыналар сақтаулы. Энергия көздері, су қайнары сияқты... Тіпті кейде арасында жанартаулар да атылып жатады. Негізінде осының өзі олардың өз алдына хал тілімен дұғада екендерін көрсетеді. Егер ол тау жарылмаса және әлемнің жаңаруына мүмкіндік жасамаса үлкен апаттардың орын алуы да мүмкін еді.

Хал тілі, сөйлеу тілі, сөзбен дұға, әрекетпен дұға тақырыптарын жан-жақты түсіндіруді саланың мамандарына қалдырып, қаламның хал тілімен қағазбен кездесуін сәжде деп сипаттап, осы сәждеде жазудың пайда болуына оралайық.

Барлығы (адам, жануар, өсімдік) өзінің нәсілі жалғасқанын қалайтыны белгілі. Адам да солай, жануар да, өсімдік те. Таудың басындағы жартастардың арасынан тасты жарып шыққан жіңішке өсімдіктің қайсарлығын басқа қалай сипаттауға болады? Өз өмірін жалғастыру күресі бір басқа, сонымен қатар өзінен кейін де өмірін жалғастыруы үшін өзі құрғап бара жатқанда тұқымын тастап кетуі – оның да өз нәсілін жалғастыруға деген тілегі.

Бұл халымен сәждеге бас қойғанға ұқсайды. Қаламның жазу мақсатында қағазқа осылай жанасуын «Қаламның сәждесі» деп сипаттауымыз да осы себептен. Мысалы Аданадан шыққан ақын Хайрет Қожаның (1848-1913 жж.) ұзақ өлеңіндегі мына жолдар қалай дәл айтылған: [43]

Ey hâme! Niçun dursun öyle?
Buldum sana bir vesîle, söyle...
Haydi kırtasa eyle vaz-ı cebîn,
De, sûcûdunda: "Rabbena, âmin!

43 Дерман, У., «Қалам», 1967, 255-б.

Ей қалам, неге босқа тұрсың қарап,
Сөйлеу үшін бір себеп таптым ғажап...
Тигізіп маңдайыңды ақ қағазға,
Сәжде қыл: «Жарылқай гөр, рақымды Алла! »

Тағы бір парсыша өлең шумағында былай делінген:

Көк жүзінен түспесе, қалам, егер,
Неге жиы сәждеге бара берер?!.

Сәждеге бас қою – «адамның Аллаға ең жақын болатын халі». Адам Алла алдында қаншалықты денесін бүгіп, иіліп кішірейсе, рухани тұрғыдан соншалықты өседі.

Иілу, бас ию, кішіпейілділікпен бірдей мағына ретінде қолданылатын сәжде және сол түбірден шыққан сөздер Құранда «бас ию» мағынасында немесе атау ретінде сексен бір аятта айтылады. Алайда ғалымдар сәждені екіге бөледі. Алғашқысы, адамдар үшін арналған және оның сауабы бар. «Аллаға сәжде етіңдер»[44] деген сияқты аяттар сәжденің осы алғашқы мағынасына қатысты.

Екіншісі, адамдармен қоса жанды және жансыз барлық жаратылыстардың Алланың бұйырған ережелеріне бас июі. «Көктегі және жердегі барлық нәрсе және олардың көлеңкелері таңнан кешке дейін қаласа да қаламаса да Аллаға сәжде етеді»[45] деген аят сәжденің екінші мағынасына қатысты. Тәпсіршілер екінші мағынасы арқылы барлық жаратылыстардың Аллаға сәжде етуін жаратылыстардың міндеті ретінде, Жаратушының өздері үшін қойған ережелеріне тәуелді болып, оны бұзбау керектігін тәпсірлейі.[46]

«Қаламның сәждесі: жазу» деген тақырыпты қойғандағы мақсатымыз да «сәжденің» екінші мағынасына қатысты. Жазбаның басында ішінара түсіндірмелерге ерекше орын беруіміздің негіз-

---

44 Ен-Нежм 53/62

45 Әр-Рад 13/15

46 Далгын, Н., «Сәжде», Ислам энциклопедиясы, 36-том, 272-б.

гі себебі де осы. Өйткені, «сәждені» бірінші мағынасында қабылдау қателіктерге жол ашуы мүмкін.

Жанды, жансыз жаратылыстардың барлығы дерлік Аллаға сәждеде болатынын, қаламның да хал тілімен сәждеде екенін көруге болады.

Сәжде халы – нәпсінің жойылып, адамға тән өзге қасиеттердің ең жоғары дәрежеге жеткен күйі. Яғни, Алланың құзырына қабылдану күйі, Аллаға сыйыну, Алладан қолдау алу халы. Әрине, «қорқыныш пен үміт» қатар келген кез. Міне осы күй ең ұлы күй болып табылады. Толықсыған, толған күйі. Әрине, Алладан мейірім тілеу және осы тілекке жауап алу күйі. Алар сауабы мол, адамның ең таза және ең саф болуы керек сәт. Сәжде сәтінде адамның бойында дәреті бар, құлан-таза кезі. Дәрет алу – тыныштыққа дайындалу, дүниелік нәрседен арылу.[47] Сонымен, қаламның сәждесі – жазу. Қаламның дәреті – сиясы. Сүйіктісімен қауышар сәтте ең таза, ең саф халде болуы керек. Қалам бізге сиясыз сәжде жасалынбайтынын көрсетеді: сиясыз сәжде нәтижесіз, шын ниетсіз және қуанышсыз аяқталмақ. Сиясы құйылып, сәждеге дайын болғаннан кейін қаламның ұшы да бабына келеді. Сүйіктісімен кездесетін сәтті тағатсыз күтеді.

Хазіреті Пайғамбарға деген сүйіспеншілікпен және оның мүбәрак аяғынан шыққан шаңына бетін тигізу ниетімен жолға шыққан, басын тау мен тасқа соғып ағып жатқан судың халы сияқты (Физулидің суға мадақ өлеңі). Қалам да сүйіктісіне (қағазға) қауышу және өз хал тілінде сәжде ету үшін зарығып күтеді.

Жазу неліктен мұншалықты маңызды?

Біздің өркениетімізде «қалам», «жазу» және «жазушылардың» қадірі үнемі жоғары болып келді. Қияметке дейін қалам мен қалам ұстағандар «және қалам мен әр жол сайын жазғандарына серт етілсін» деп қалам мен оның жазғандарына ант еткен. Қандай үл-

47 Одан басқа барлық нәрсе

кен бақыт, қандай сыпайылық. Ilahi қаламға қызметші болған қаламға және жазғандарына деген құрмет,яғни қаламның маңыздылығы «жазудан» басталады... Және сол сәжде жасалған жазу да. «Жазу, тілдің қолы, қолдың тілі. Ақыл-ойдың таразысы, көңілдің дәнекері, ерік-жігердік өлшемі, рухтың айнасы. Жазу денедегі рухқа ұқсайды, ақылға елші, тапқырларға қару, ғылымға дерек-көз, өркениеттерге дәлел. Астарында сыр сақтаулы, көрінісінде көз бен көңіл қуанышы бар, арақашықтықтарды азайтқан, дәуірлерді естеліктерге сыйдырған, өткенді келешекке байланыстырған сиқырлы туынды, Жаратушының кереметі – жазу деген. Жазу, ойдың жүгін азайтады, тартымды шығарма мұны одан сайын жеңілдетеді. Көз бен сананы қалжыраудан сақтайды, пікірдің дамуына, жетілуіне септігі тиеді, сөзді реттейді, ұғымды күшейтеді, тілді тізгіндейді, ойлануға уақыт, түзетуге мүмкіндік береді. Жазушыны шешен, хұснихатшыны талғампаз етеді, түрлі мұқтаждықтарға және соған сай жаңа тапқырлықтарға жол ашады. Адамға нығмет, кедейге байлық, байға абырой, әлемге сұлулық, жоқшылықта жолдас, жалғыздықта дос болады, жазғанға атақ сыйлап, оқығанның ой өрісін кеңейтеді».[48]

Міне, жазу осындай керемет нәрсе. Ол сәждеге бас қоюмен бірдей.

Қалай болмасын?! Әлемнің барлық ғылымдарының шет-шегімен өлшенбестей ілімнің иесі, қарапайым адамдар түсінетін мағынадан бөлек мағынадағы Хазіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) ғылымды жазумен байланыстыруды үгіттеп, қаламның пайдасын меңзеп, қамысқаламның ұшын ұзын кесуді үгіттегеніндей-ақ егжей-тегжейлі ойлайтын кемеңгер еді. Тіпті де ең маңыздысы, «Жаратушы Алла алдымен қаламды және менің рухымды жаратты», – дейді.

48 Языр, М.Б., Қаламның сұлулығы, 1-том, 9-б.

Ол – Құранда айтылған нәрсе, ол – Хазіреті Пайғамбардың (с.ғ.с.) шамамен сексенге жуық хадисінде сөз болған нәрсе ... Ол туралы бүкіл әлемді билеген Явуз патша да:

«Алтын тағым болғанша, оның орнына бір қаламым болсын,

Ол қаламға сөз құдіреті қонсын, көңілдерді иітіп, жүректерге толсын», – дейді.

Ал, осындай бір жаратылыс қалай ғана Раббысына дұға етіп, дәрет алып, сәждеге жығылмасын?

Қаламның хақысы



Хақ... Әр нәрсенің хақы бар, адамның, жануардың, өсімдіктің, жанды мен жансыздың, баланың, әйелдің, жастың, кәрінің, барлығының Хақ тағалаға қараған бір жүзі бар. Күллі жанды жаратылыстың, бүкіл жансыз заттардың және Хақ тағалаға қараған барлық нәрсенің бір-бірінде хақысы бар.

Хақысын өтеу, ақысы бардың ақысын қарызданбай беру – Алланың құлы ретінде, адам ретінде біздің мойынымыздағы борышымыз.

Егер пәрмен келсе, «мүйізсіз қой мүйізді қойдан ақысын алады»... Бұл еш талассыз. «Хақ» сөзінің сөздік бойынша көптеген мағынасы бар. Ең алдымен, сөзсіз құдіреті күшті Хақ тағаланың сипатын білдіреді. Осы тарауға арқау болған «Қаламның да хақысы» бар: яғни оған құрмет көрсету, оны хақына сай қолдану, ақиқатты, сұлулықты, жақсылықты, ізгілікті, адамгершілікті, заңдылықты, әділеттілікті, сыпайылықты, рухани тазалықты және ар-ұжданды дәріптеу...

Қаламның хақысы... «Нун, қалам әрі оның жазған нәрселеріне серт» дегенді орындаудың алғышарты. Қаламның хақысы, ең алдымен қаламды жаратқан Хақ тағаланың хақысы.

Осы себептен де намысымыз бен қасиетімізге баланған қаламның қақысын беру – әр қалам ұстағанның құзыретіне уәжіп қылынған, аманат етілген. Ол аманаттың жүгі ауыр. Ол ауырлықтың хақысын беру керек. Себебі «хақтың қадірі – биік».

Бұл бізге рақымды Алланың берген нығметі...

Өйткені адам бір жауһар іспетті, Жаратушы Алла оны кемел түйсікпен жаратқан. Олай болса оған артылған міндет – осы түйсікті соған сай дамыту және дұрыс қолдану. Бұл «жүйелі ойлаумен», яғни, дамуды босқа кетірмей, болашаққа мирас болып қалуына септігі тиетін құралдың көмегімен – қаламмен жүзеге асады...

Нежип Фазыл: «Кітап біз үшін киелі. Себебі ең ұлы кітап бір Аллаға тиесілі. Аллаға сыйынбайтындарға «кітапсыз» деп тіл тигізу де сол мағынаның түпкі көрінісінен, яғни олардың имансыздығының белгісі», – дейді.

Әлемде дамуға байланысты не болса, сол қаламның арқасында емес пе? Сондықтан қаламның хақысын бермегендерді, «кітапсыз» деген сияқты, «қаламсыз» деп атау орынды.

«...Кітаптағы (Інжіл) інжу-маржандардың орнына өз тастарын қойғандар, адамдарды өртеп залымға айналды. «Шіркеу соты» деп, «діннен айыру» деп зұлымдықты дұрыс деп көрсетуге тырысты және заңдастырды. «Еркін ойлайтын адамдарды» яғни «қалам иелерін» тірідей өртеді. Тіпті сенесіз бе, «қаламмен жазу» былай тұрсын, ол туралы «ойлаудың» өзі қылмыс саналды».[49]

Сөйтіп, қаламның хақысын тартып алды.

«Қаламның хақысы» қолдан кетті ме, адам адамдық қасиеттерінен айрылады. Мінеки, ол хақ, осыншалықты маңызды. Қаламға және кітапқа деген сатқындық ешқашан да жауапсыз қалмайды. Шашыраңқы, жүйесіз, ойсыз, мақсатсыз және әрине нәтижесіз жазу – қаламның хақысын бермеудей нәтижеге жеткізеді.

Қаламның хақы, сезімтал болғаны соншалық, оны қолдан алып, жолын бөгегендердің жазасын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Осы үрейден қалам білгірлері дір-дір ететін.

---

49 Ердал, А., «Ал қолыңа қаламды», Карделен журналы, Шілде-қыркүйек, 2014.

«Хақтың қадірі – биік» дедік. Қаламның қадірі де Хақ тағаланың хақы. Қаламның қадірін қашыруға болмайды. Қаламның қадір-қасиетін кетіру керек, бағасын түсірмеу керек.

Себебі ол, «әлиф» (ا) сияқты. Тіп-тік, түп-түзу, бүгілмейді, егер оны бүгуге тырыссаңыз, сынып қалады. Хақысын сұрайды.

Шынында да, хақ деген не өзі?

«Хақ тағала» бізге белгілі. Хақ дегеніміз не?

Түрік тілі қоғамының түсіндірмесінде «хақ» деген зат есім ретінде «әділет» дегенді білдіреді.

Жалпы «хақ», әрекет пен болмыстың заңдылығының қайнар көзі болып табылады. Мысалы, адам өмір сүру хұқына сүйене отырып өмір сүреді немесе ойлау еркіндігі хақына сүйеніп, өз ойын жеткізеді.

Қандай да бір жаратылыстың заңды немесе моральді себептермен қандайда бір неге ие болуы немесе жасай алуы қалыпты құбылыс.

Жаратылыстарға берілген хақ бұзылған жағдайда, оны ықпал-шарасыз шешу мүмкін емес. Алайда басқа тіршілік иелерінен айырмашылығы, адамдар кейде хақ пен құқықты танымай кетеді. Осы себептен де, «залым» және «надан» деген сипаттаулар адамға қатысты айтылады. Барлық нәрсеге және кез-келген адамға әділетсіздік жасауға бейім тұратын адам баласы көбінде қаламға да қиянат жасап, қаламның хақысын бермей, шектен шығып кетеді.

Ақиқатты сүйетін қаламға деген әділетсіздік – оған жасалған залымдық болып саналады. Адамдар, осыншалықты аңғал, сезімтал және нәзік қаламға өтірік сөйлетіп, жала жаптырып, еркінен тыс нәрселерді жаздырып және жасатып, жәбір көрсетіп келгені тарихтан белгілі. Сөйтіп, залымның қолында зорлықшы, суайттың қолында өтірікші, бәлеқордың қолында жалақорға ай-

налып кетеді. Қаламның өзі сенбейтін, табиғатына жат пікірлер қалауынан тыс жазылып жатады.

Бұл, иман, сүйіспеншілік, ақыл-парасат, ізгілік, бауырластық пен достықты таратсын деп жаратылған қалам үшін үлкен залымдық пен әділетсіздік. Оның хақысын жеген қаншама зымияндар, қабілетсіздер, өтірікшілер мен нәпсі құмарлардың оған арам қолдары тиді...

Қалам!

Ол үнсіз қалды дейсіз бе?

Немесе көндікті деп ойлайсыз ба? Ақиқат пен әділдіктің жаршысы, момын көнбістердің ар-намысы болуға жаралған қалам өз хақысын алмай қойсын ба? Жүректен толғамай, қор сөзді судай сапырып, қарадүрсін жазғандардың сумаңдаған тілдерін жасындай қиып түскенде ғана екі жүзділердің үні өшеді.[50]

Қалам өз хақысын алады.

«Білектінің күші басым» қоғамда «құлдырау» болса, «біліктінің күші басым» болған жерде даму, бейбітшілік, өсіп-өркендеу болары даусыз.

«Қаламның хақысына» Хақ тағаланың алдында жауап беріледі. Олай болса қарапайым қисын бойынша, қаламның хақысын білген қоғам – «біліктінің күші басым» қоғам.

«...Сол себептен қалам, жүрекке ем, көңілге дем беретін нәрсені жазғанда, Алла тағала мен оның елшісінің жолында бағдар көрсеткенде өзінің болмысына сай қызмет еткен болып табылады. Өзіне жақсы қарап, дұрыс бағытта қолданғандар риясыз досы болып келеді. Хақысын берген адамға дос болатыны сонша-лық, қолғанаты болып, біте қайнасып кетеді. Жақсылап, баптап ұстағанды қалайды.

---

50 Аййылдыз, Х., «Қаламның жанайқайы», www.endulushan.com

Керек жерінде қаламның жасағанын қылыш жасай алмайды. Демек, қолдануын білгендер үшін қалам, қылыштан да өткір. Қаламның жазғандары ғасырдан ғасырға жетіп, барлық кезеңде алдымыздан шығып отырады. Қара күштің өзі қалам сияқты тұрақты, әсерлі және байламды емес».[51]

Міне, қалам осындай...

Өз хақысын ұмытпайды.

Ол әрдайым жас, әрқашан өміршең. Адам ұмытып кеткенімен, қалам ешқашан ұмытпайды. Қалам өзінің дұрыстығы, киелілігі мен жүйелілігінің бағаланғанын қалайды. Өйткені қалам көркем сөздің жаршысы, ал, көркем сөз – қаламның туындысы. «Қаламның хақы» – қаламнан туған көркем сөздің хақысы. Сөз ұстаған қалам иесінде үш қасиет болуы шарт: кемел ақыл, ізгі жүрек, мінсіз талғам. Қаламның хақысын осы қасиеттерге ие болғандар ғана өтей алады.

Кемел ақыл – ғылым мен парасаттың көкжиегі.

Ізгі жүрек – рухани тазалықтың қайнары.

Мінсіз талғам – өнердің көркемдік өресі.

Алғашқы екі арнадан үшіншісі туындайды. Мінсіз талғам дегеніміз, жазу мен қаламға деген көр-соқыр, даңғаза құрмет емес, ғылым мен парасаттан туған талғампаз құрметті меңзейді. Сондықтан да, қалам иесі ғылым мен парасатқа сусындауы керек. Алайда, қаламның хақысын бере алуы үшін адамда мінсіз талғамның ғана болуы жеткіліксіз. Сонымен қатар, ізгі жүрекке де мұқтаж. Жүрек ақыл-ойды теңестіріп, тереңдетеді. Ақылсыз жүрек немесе жүрексіз ақыл – сыңар қанат іспеттес.

Қаламға деген көзқарас сөз болғанда, қаламның туындысы саналатын жазуды жазған адамда кемел ақыл болмаса, онда жазуда таным, тәлім, ізгілік пен ғылым болмайды. Жазушы ізгіліктен

51 Илбей, А., «Қаламның құпиясы және өлмегені туралы», Хабер Вактим, 20.11.2012

мақұрым болса, барлығын ақылмен жеткізуге тырысса да, жазғанында шынайылық пен шындық болмақ емес.

Жазушыда кемел ақыл мен ізгі жүрекпен қоса, мінсіз талғам да болса, оның жазғанын тек оқып қана қоймай, қарап отырудың өзі адамға ләззат сыйлайды. Міне, осы қаламның құнды хақысы болып табылады. Оны ұстаған саусақтар оның эстетикалық хақын да беруге барынша күш салады.

Табиғы хақына сай қолданылған қаламнан шыққан жазу, жалпы «ақыл-ойдың таразысы, көңілдің дәнекері, ерік-жігердің өлшемі, рухтың айнасы болады. Ақылға елші, тапқырларға қару, ғылымға дереккөз, өркениеттерге дәлел болады. Жазу сонда ғана астарында сыр сақтаулы, көрінісінде көз бен көңіл қуанышы бар, арақашықтықтарды азайтқан, дәуірлерді естеліктерге сыйдырған, өткенді келешекке байланыстырған сиқырлы туындыға айналады».

Қаламның хақысы жазылған жазу мен әріптің үйлесім тапқан көркемдігі мен эстетикалық құндылығының оқығанның, тіпті көргеннің де талғамына сай келуіне байланысты. Бұл ерекшелік, әсіресе, көркемөнерде маңызды орын алатын «хұснихатта» өте маңызды. Сол себепті хұснихатшылардың қаламдарының үдесінен шығу үшін көп күш салады.

Кемел ақыл, ізгі жүрек және мінсіз талғамға ие, өресі биік хұснихатшылар өздірінің қаламмен тығыз байланыста екенін білген. Жазуда қандайда бір қателіктер мен олқылықтар кездескен жағдайда, себебін өздерінен, қаламынан немесе екеуінің байланысынан іздеуге тырысатын. Көптеген хұснихатшылар жалпы алғанда қателіктер мен олқылықтардың басты себебі өздерінің қаламның үдесінен шыға алмаулары екендігіне сенетін. Сондықтан, жазушы «қаламның хақысын» жемесе, қалам да жазудың хақысын жемейтіндігі түсінікті. Қаламның хақысы желінсе, ләммим демейді. Ең басты мәселе де осында. Қалам ештеңеге қарсылық танытпай-ақ қаламгерден өз хақысын алады. Сондықтан қалам ұстағандар сол хақсыздықты біліп және оны қалпына кел-

тіруі керек. Алайда, қаламгер «қаламның қандайда бір хақысының» бар екенін білмесе және хаққа құрмет етпесе, қалам да иесінен күткенін таппайды.

Егер қалам ұстағандар жазу жазғанда қаламның хақысын ұмытпай, ақысын беруге құлшынса, қаламнан қиық-шиық дыбыс шықса да, бірақ қаламды оңды-солды, жоғары-төмен қозғалтқанда табиғи болмысы сақталса, қалам өз рөлін жеткілікті атқара береді. Демек, қаламды ұстап тұрған саусақтар өз парызын орындады деген сөз. Қалам да саусақтың хақына немқұрайдылық танытпайды. Егер қаламның ұшы жақсы болмаса, қағазға сәйкес келмесе, қолдың икемі қашып, тепе-теңдік бұзылса, онымен жазбағанды жазып, сызбағанды сызса, қаламның табиғатына сай нәтиже шықпайды деген сөз. Осы хақсыздықтың салдары мен зардабы жазуда бірден байқалады. «Қаламның хақысы әр жағдайға сәйкес бөлек бөлек бағаланады. Мысалы, жазу кезінде қаламды қандайда бір жерге не олай, не бұлай қалдыра салып, тоқтаған жерден қайта бастағанда, қаламның сол әуелгі күйі мен бабын таппасақ, онда бұрынғы әрекетті жалғастыра алмай, жазудың сиқы мен мәнері бұрынғыдан өзгеше болып шығады. Ендеше бұл айырмашылық қандайда бір артық немесе кем әрекетке байланысты туындаған хақсыздықты білдіреді. Мұндай жағдайларда қаламның хақысын қандайда бір әрекеттің жалғасында емес, бір-бірінен парықты бірнеше әрекет аясында, қаламның сол әрекеттерге қарай қажет қылған хақысы арқылы өтеген боламыз.

Хақысы берілген қаламнан шыққан жазу ойдың жүгін азайтады, тартымды шығарма мұны одан сайын жеңілдетеді, көз бен сананы қалжыраудан сақтайды, пікірдің дамуына, жетілуіне септігі тиеді, сөзді реттейді, ұғымды күшейтеді, тілді тізгіндейді, ойлануға уақыт, түзетуге мүмкіндік береді. Жазушыны шешен, хұснихатшыны талғампаз етеді, түрлі мұқтаждықтарға және соған сай жаңа тапқырлықтарға жол ашады. Адамға нығмет, кедейге байлық, байға абырой, әлемге сұлулық, жоқшылықта жол-

дас, жалғыздықта дос болады, жазғанға атақ сыйлап, оқығанның ой өрісін кеңейтеді.».. [52].

Хақысы берілмеген қаламнан, «кемел ақыл, ізгі жүрек пен мінсіз талғамнан» мақұрым қолдан шыққан жазудың мағынасы көмескіленіп, өзгереді. Міне осыдан келіп адасушылық пайда болады. Ақыры бір-бірінен өш алуға, бітпес дауға айналады, берекені кетіріп, жүйені бұзады, бәрін былықтырады, адамды оқып-білгеніне өкіндіреді; сондай бір заман келеді, адамдар оқып-жаза алмағанына, надандығына шүкір етеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, хақысы берілген қалам – ант етілген қалам. Ондай қаламның иесінде жоғарыда айтылған үш қасиет болады.

Дәл сол ерекшеліктердің арқасында санадан ой боп шығып, саусақтарға дейін жетіп, содан кейін қалам арқылы бүкіл әлемге таралған жазбалар ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға жалғасады. Жалғасады да ескірмейді, оқырманын жалықтырмайды.

Әр дәуірдің адамдары одан тиісті мағлұматтар алады. Әр сөзінен тұнып тұрған сұлулық табады…

Шәкірт те одан керегін үйренеді, ұстаз да ләззат алады. Патшаларға да жол сілтейді. Ғасырлар бойы барлық адамдарға бағыт-бағдар көрсетеді...

Ал, хақысы берілмеген қалам ше?

Жазбаған да жақсырақ...

Жазбағаным тіпті жақсы ...

---

52 Қаламның сұлулығы, 1-том, 10-б.



Қалемше тілу



«Калам» сөзіне байланысты ұғымдарының бірі де «сабақ телу» мағынасындағы «қалемше телу» тіркесі.

Қалам мен сабақ теліп бұдандастырудың үйлесімділігі туралы сәл кейінірек айтатын боламын.

Қалемшелеу немесе сабақ телу дегеніміз – екі өсімдікті бір өсімдікке бірлестіріп, ұласып өсетіндей етіп біріктіру әдісіне немесе өнеріне берілген атау. Яғни, біріктірілген өсімдіктің жоғарғы бөлігі немесе бүршігі бар телінуші бөлігі «қалемше», ал төменгі бөлігі немесе тамыры бар телітуші бөлігі «аналық» деп аталады.

Теліп өсіру – ең сенімді және ең жылдам өнім беретін әдіс.

Телу үшін бір «аналық, яғни телітуші» мен бір «тұқымдық ағаш» немесе көшет қажет. Қалемше телінетін ағаш немесе көшетті «аналық» деп, ал қалемше алынатын ағашты «тұқымдық ағаш» деп атайды.

Әрине, бұл тарауда «телу, будандастыру» тақырыбын баяндамақ емеспін. Алайда, телу әдісі туралы кішкене техникалық ақпараттан кейін, «қалам телу» жайлы сөз қозғайтын боламын.

Ғылым мен білім ұзақ тарих бойы ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс арқылы дамып келді. Медреселерде, тіпті қазіргі университеттерде де жағдай осындай. Шындығында, телу әдісі ғылымның дамуында да әрдайым қолданылды. Мұндай байланыста әрқашан «тұқымдық» және «аналық» қаламдарға қажеттілік туады.

«Тұқымдық қалам», яғни мұғалім, ұстаз және шебер әрдайым өзінің білгені мен білімін «аналыққа», яғни оқушыға теліп келді. Әрине, бұндай телу «қалам» арқылы жасалып, ғылым, білім және асқақ арман әрқашан ұрпақтан-ұрпаққа «қаламмен» жалғасып отырды. Сол себептен, көшеттің немесе жеміс бермейтін ағаштың бүршік жарып, жеміс беруі және өркен жаюы үшін қалай қалемше телінсе, білімнің дәл солай мұқтаж болған өзге адамдарға жетуі де қалам арқылы жүзеге асты.

Қалам – иlаһи әлемдегі барлық заттар мен оқиғалардың хатталуына мүмкіндік беретін құрал. Сөздіктегі мағынасына қарайтын болсақ, «қалам» сөзі арапшадағы «қысқарту, кесу, жону» мағынасын білдіретін «калын» деген түбірден туындаған атау ретінде «аздап кесіліп, жонылып, жазу үшін ыңғайлы етіп жасалған құрал» дегенді білдіреді.[53] Бұл жерде аталған түпкі мағынасының «қалемше телу» ұғымымен сабақтасып жатқанымен қатар, астарындағы танымдық мағынасына да қарап көрейік.

Қаламның діни термин ретінде «ғаламның пайда болуынан ақырет күніне дейін болатын барлық заттар мен оқиғаларды жазатын иlаһи қалам» екенін айтуға болады [54].

Ал, сопылық ілімде қалам – «құдайды тәпсірлеу ілімі болып табылады. Өйткені мағынаның көрінісі болып табылатын әріптер сиясауыттағы сияның құрамында болады және онда болғанда еш мағына үстемейді. Сия сиясауыттан қаламға еніп, қағазға түскен сәттен бастап мағынаның бір формасына өтеді. Осылайша ілім де талапқа сай түсіндірмеге ие болады. Сол сияқты адамның жанды молекуласы болып табылатын шәует те адам бойында жиынтық түрде болып, адам бойында тұрғанда мағына үстемейді. Тек жатырға енгенде ғана түрленіп, мағына үстейді».[55] Яғни «иlаһи ілімнің мағынасын, сөздердің формасын көрсететін құралы ретінде мағынаға ие болады. Сопылық мәнге ие осы түсінік

53 Йавуз. Й.Ш., Ислам энциклопедиясы,.243-б.

54 Йавуз, аты аталған еңбек, 244-б.

55 Жебежіоғлу, Е., «Тасаввуф терминдері мен сөз тіркестері сөздігі», 145-б.

бойынша, мағынаның көрінісін білдіретін әріптер сиясауытта немесе сиясауыттың ішіндегі сияның құрамында болады, алайда бұл әріптер қаламның арқасында қағаз бетіне түсіп, көрініске ие болады және мағына білдіреді. Осы арқылы ілім де жеткілікті таралған болып табылады. Бұл дәл бір еркектің беліндегі шәуеттің құрамында адамның барлық қасиеттері мен ерекшеліктерінің жинақталуы және күндердің күнінде ананың жатырына түсіп, адам бейнесіне айналуына ұқсайды».[56]

Жоғарыда келтірілген анықтамада айтылғандай, шәуеттен пайда болған адам, сол шәует күйінде ешқандай мағына бермейді. Алайда, шәует жатырға еніп ұрықтанғанда ғана «адамға» айналуы ықтимал. Демек, мұнда да «аталық» пен «аналық» бар.

Мысалы, өрік ағашынан кесілген «тұқымдық» сабақтағы өрік бүршіктерін «аналыққа», яғни жемісі жоқ ағашқа телу секілді, жоғарыда баяндалған сиясауыт пен сияны ой-санадағы ақпараттарды ашыққа шығаратын нәрсе деуге болады.[57] Осы орайда, Алла алдымен қаламды жаратып, «жаз», – деп бүйырды. Қалам: «Не жазамын, я Раббым?», -дегенде, «тағдырды жаз», – деп бұйырды. «Сол мезетте, қалам да барлық болған жағдайды және қияметке дейін не болатынын жазды», – делінген хадис осы көзқарасты білдіріп тұр.

Қалам туралы аяттар мен хадистерде келтірілген мәліметтерден және оларға қатысты ғалымдардың түсіндірмелерінен түсінгеніміздей, ғаламның (жаратылыстың) пайда болуынан ақырет күніне дейін болатын заттар мен оқиғаларды иlahи ілім бойынша жазып отыратын материалдық емес бір қалам бар.[58] Қаламның саны, түрлері, белгілері, сипаттары мен қызметімен қоса

56 Шенгүн, Н., «Классикалық түрік өлеңдерінде қалам туралы толғаулар»,Turkish Studies International Periodicul Fort he Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, Vol. ¾ Summer 2008, 732-б.

57 Шенгүн. Н., аты аталған еңбек, 733-б.

58 Шенгүн. Н., аты аталған еңбек, 733-б.

барлық нәрселер мен оқиғалардың тағдырын жазатын құрал ретінде тағдырға иман келтірумен де байланысты.[59]

Қалам атауы тілімізде өте кең қолданыстағы сөз. Осы қолданыс аясының ішінде «телу» мақсатында пайдаланылатын «жас шыбық» мағынасы жазбамыздың тақырыбын қалыптастырды.

Қаламның сырға толы болмысының астарында оны қысып ұстаған саусақ иесінің ойлау мәнерін де қамтиды. Сөйтіп, оны ұстаған қолдың икеміне қарай бейімделеді. Күндердің күнінде хат-хабарды билеушілерге, серілердің ғашықтық жырларын сүйіктілеріне, атаның ақылын балаға, ұстаздың тәлімін шәкіртке жеткізді. Ілім санаға, санадан саусаққа жеткізсе, қалам болашақ ұрпаққа жеткізді. Ғасырлар бойы мейірімділіктің, нәзіктік пен тектіліктің белгісі болды. Оған ант бергізді құдіретті Жаратушы. Ол әрдайым өзіндегі ілім-білімді өзгелерге теліп, жеткізіп келді... Оның арқасында болмағандар болып, жетілмегендер жетіліп, бүршік атып, жемісін берді...

Әкем пістелерден «қалемше» аларда әрқашан «тұқымдық» үшін ең жақсысын іздейтін еді. Тіпті өрік ағашын телу үшін Малатьядан «тұқымдық» алдыратын... Ең жақсы «тұқымдық» іздеп тауып, одан алған қалемшені жеміс беруге зарыққан «аналық» телітушіге телісе болғаны, олар жайқалып өсіп, жеміс беріп шыға келетін.

Қожа Ахмет Ясауи, Мәулана, Ахи Еуран, Юнус Эмре, Азиз Махмұд Худаи және тағы басқалары теліну үшін қаншама азап шегіп, қанша рет көшіп-қонды. Өздеріне телу үшін ілімнің «қалемшесін» іздеді. Білім көксеген «телінуші» болып, «телітуші» іздеді. Содан кейін ...

Содан кейін олар да қаншама шәкірттің санасына ілімнің «қалемшесін» екті. Олар да өркен жаып, жемісін берді. Толысып, кемелденіп, әулиелікке жетті, бүгінгі күнге дейін адамдар олардың ілім «қалемшесімен» жетіліп келеді. Ілімі «қалемшесінен» нәр алу қандай ғанибет, ілім «қалемшесіне» жету қандай бақыт...

---

59 Йавуз. Й.Ш., аты аталған еңбек, 145-б.



Каламмен безендіру



«Қаламмен безендіру» тілімізде көптеген ұғымдарды білдіреді. Безендіру жұмыстарында мотивтердің айналасындағы сызықтар мен жиектерді сызу немесе кітап беттерінің айналасына қылқаламмен әр түрлі қалыңдықтағы сызықтар салу үшін қолданылатын термин. Мұны «шегу, кестелеу, бояу» деп те атайды. Бұл кәсіппен айналысатындарды «безендіруші» деп атайды.

Көптеген көркем өнерде қолданылатын қаламмен безендіру өнері, өкінішке орай, бүгінде онша танымал емес.

Бұл атау «қаламын безеу» болып қолданылғанда, «біреудің беделін түсіру, қаралау, елемеу» дегенді де білдіріп, саясатта көп айтылатын «беделіне сызат түсіру» мағынасында да қолданылады. «Қаламмен безендіру» әдебиетте, әсіресе, өлеңдерде өз орнын тапқан. Әдетте, сұлулықтың нақты тылсым көрінісі көзде тұнып тұрады. Көптеген ғашықтар сүйіктісінің қасы-көзі мен кірпіктерінің сұлулығына тәнті болып, сезімін де сол арқылы білдіреді. Алайда «көз сұқты, көңіл жаралағыш қатыгез болғандықтан, сұлулықтың нышаны саналатын кірпік, қас және беттің шұңқырымен салыстырылып суреттеледі. Кейде көз – бәрінен үстем, үкім беруші. Кейде көз бәрінен қымбат. Ғашықтың көзі Сүлейменнің тағынан да, Арабия, Хорасан, Харпут, Диярбақыр, Румели және бүкіл әлемнің кереметінен де қымбат әрі баға жетпес.[60]

60 Кая Д., «Диуан өлеңі және XIX ғасырдағы халық өлеңдеріндегі әдемілік суреттемесі», Ақын әдебиеті, Ыстанбұл 2000, 253-б.

Кейде көзді «айға» теңейді, әдетте ғашығына сүйіктісінің көздері ай секілді мөп-мөлдір болып көрінеді.

Кейде мұндай көз байлаған сұлулыққа алданбау керегі айтылады. Себебі ол бір сиқыр, назары түскеннің бәрін дуалап, баурап алатын жәдігөй көз. Немесе сүйіктісінің жүрегіне шоқ түсірген, сұңқардың көзіндей өткір көз. Кейде сұлу мүсін құралай немесе сол құралайдың жәудіреген көзі. Сұлулар ерке де назды көзімен қарағанда періштеге, қор қызына ұқсайды. Тіпті кейде шынымен де періштедей қор қызына айналады. Кейде нәркес гүлдей құлпырып, ғашық жүректі мас қылады.

Көздің әсері соншалық, ғашық болған әркім сүйіктісінің көзінен басқасын көрмейді. Сүйіктісінің көзі ғашық жанның жүрегін жаралап, есінен тандырып, мас қылып, шерменде етіп, сезімнің тұтқынына айналдырады. Нихал Атсыз бір өлеңінде:[61]

Gözler ki birer parçasıdır sende ilâh'ın,
Gözler ki senin en katı zulmün ve silahın,
Vur şanlı silahınla gönül mülkü düzelsin,
Sen öldürüyorken de vururken de güzelsin!

Сенің көзің – тудырады терең ой,
Сенің көзің – жаралайды жебедей.
Көз – оғыңмен жүрегімнен ат менің,
Бақыттымын – сен сыйласаң тәтті өлім,

деп көздің қаншалықты қатал екенін білдіреді. Көздің дуасына кімдер ұшырамады десең ше? Тіпті күллі әлемнің құдіретті билеушісі Явуз Сұлтан Сәлім де көздің құдіретіне шырмалды. Көсем көшбасшы, қаймықпас қаһарлы қолбасшы еді ғой ол?! Ол туралы Кемалпашазаде бір өлеңінде былай дейді:

Şems-i asr idi asırda şemsin,
Zilli memdûd olur zamanı kasîr,
Fahrederdi tâc-u tahtıyla beyler,
Fahrederdi anınla tâc-u serîr.

---

61 Кері қайтқан хат

Атағы шыққан күндей пәш болатын,
Аз ғұмырда шығарған асқақ атын.
Тақ, тәжімен қаншама ер мақтанса да,
Тақ пен тәжі онымен мақтанатын.

Көсемдігі мен шешендігі қатар келген Явуз Сұлтан Сәлімнің қаламы да қарымды еді, бүгінде көптеген адамдардың аузынан түспейтін, Диуан әдебиетінде ерекше орны бар мына бір өлең шумағы, оның күллі әлемді билеген қаһары күшті патша болумен қатар, қаншалықты саф көңілді, сезімтал жан екенін де көрсетеді.

Merdüm-î dîdeme bilmem ne fusûn etti felek,
Eşkimi kıldı fuzûn giryemi hûn etti felek,
Şiirler pençe-i kahrımdan olurken lerzân,
Beni bir gözleri âhûya zebun etti felek.

Білмеймін, қандай сиқыр жаңылдырды,
Көз байланды, көңіл мас, жаным мұңлы.
Арыстанды жасқаған айбарлы едім,
Құралай көз бір сұлу бағындырды.

Көріп отырғанмыздай, батыл да ер жүрек, әділетті де қаһары күшті сұлтан да «құралай көзге» тұтқын болуы әбден мүмкін. Тіпті, құралай көз оған өз әмірін жүргізіп, дәрменсіз күйде қалдыруы да ықтимал.

Қаражаоғлан өзінің бір өлеңінде:

Elvan çiçekleri sokma başına,
Kudret kalemini çekme kaşına,
Beni unutursan doyma yaşına,
Gez benim aşkımla yar melül melül,

Мексіз қалай қолаң шашты өрерсің?
Мексіз қалай қалам қасты терерсің?
Мені ұмытсаң, көз жасыңа не дерсің?
Өкініштің қасіретін шегерсің,

деп, сұлу қыздың қалам қасын тілге тиек етеді. Көздің көркін асырып, әрлі жүздің ажарын ашқан қалам қас «құдіреттің»

«хикметі» ретінде Алла берген табиғи сұлулықты меңзейді. «Қаламмен безендіру» тәсілі ең көп қолданылатын «көздің» поэзиямыздағы, сүйіспеншілігіміздегі, жүрегіміздегі және қашықтық махаббатымыздағы маңызын қысқаша атап өткеннен кейін, көзді көрнектілендіретін басты ерекшелігі «қаламмен безендірілген» және «дөп-дөңгелек» болуында екенін байқаймыз.

Үлкен көздер тарихтың әр кезеңінде әсерлі болғаны белгілі. Сондықтан үлкен және тұнық көз «дөп-дөңгелек» болып суреттеледі.

Шындығында, шынайы ниет көзден гөрі көздің қарасынан байқалады. Сондықтан, сұлулыққа құмар әйел заты көз жанарын тіпті де әсерлі көрсету үшін, «Алланың қаламынан» шыққан сұрықсыз көздерді «адамның қаламымен» безендіріп, көз жанарын тіпті де тартымды, баурағыш және әсерлі еткісі келеді.

Бүгінгі күнде өз алдына бір салаға айналған сұлулық мамандары көз бен қасты «қаламмен безендіру» арқылы сондай әсерлі ету үшін түрлі құлықтарға жүгінеді.

Мысалы:

қасты тіпті де қалың, әдемі көрсету үшін көз бояғыштарын қас бояғыш ретінде де пайдаланады.

Ал енді, мысық көзді көрінгісі келсе, қаламды көздің жиегінен қабаққа қарай тартады.

Жапондар сияқты қысық көзді көріну үшін, қаламмен үстіңгі және астыңғы кірпіктердің ортасынан бастап көздің жиегіне дейін сызады.

Ақ тәнділер көздерін қоңыр түсті қаламмен безендірсе, ажарлы көрінеді.

Көзді үлкен етіп көрсету үшін, көздің үстіңгі және астыңғы жағын қаламмен сызып бояйды.

Көз жанарын тартымды көрсету үшін, көздің шанағын қаламмен безендіруге тура келеді.

Көз бояғышпен боянғаннан кейін, құлақ тазалағыш шырпымен сызылған сызықтың үстінен жүргізсе, ойлы, мұңлы көрінеді.

Егер көздің арасы жақын болса, көздің үстіңгі және астыңғы жағын ортасынан бастап көздің жиегіне дейін, егер көздің арасы алшақ болса, көздің үстіңгі және астыңғы жағын ортасынан бастап көз ұяшығына дейін бояу керек.

Жоғарыдағы қаламмен бояну, безену тәсілдерін жақсы біледі екен деп ойлап қалмаңыз. Жоқ, «қаламмен безендіруді» түсіну үшін сол саланың мамандарынан сұрап, ұғыстым. Бұл тізім жалғасып кете береді. Алайда, ойды шатастырмау үшін оны осы тұста қысқартуды жөн санадым.

Қалам ғасырлар бойы соншалықты киелі болып, жүректерге шабыт сыйлап, ақыл-ойға сенімділік ұялатып, адамдардың жан сұлулығын байытып келсе, сонымен бірге адамдар да оны пайдалану арқылы тән сұлулығын қамтамасыз етуге құлшынды.

Адамның табиғатында бар сүйікті болу, әдемі болу, баурау немесе құштар болу ұмтылысын жүзеге асырудың маңызды жолдарының бірі болып табылатын «қаламмен безендіру» ұғымы, өкінішке орай қазірде «қаралу», «елемеу» дегенді де білдіреді.

Құдірет күштен келмейінше, әрбір нәрседе қарама-қайшылық орын алатыны белгілі. Сондықтан, адам баласы болған болмысты, жаратылысты «қаламмен безендірумен» бірге, хикметтен, ақиқаттан және құдіреттен «қалам тартып» сұлулыққа жетіп жатса, бұл сұлулық «құдірет қаламынан» туған сұлулыққа ұқсаған дер едім.

Каламға мадақ (қаламия)



Ант беріліп, атына *сүре түсірілген қалам туралы тарихтың әр кезеңінде ғалымдар, ақындар, ойшылдар мен сопылар қалам иесі атаулыға мадақтау айтып, уағыздар жазды. Сөйтіп, қаламды өз биігіне шығаруға талпынды*. Сонымен, қалам сөзі діни наным-сенімдерден бастап күнделікті өмірдің *әр қырына дейін әр түрлі символ*, теңеу немесе тікелей өз мағынасында *жеке немесе көпше түрінде кең әрі тұрақты қолдану аясына ие болды.*

«Қалам сөзі Құран кәрімде жекеше және көпше түрде төрт жерде кездеседі. Жекеше түрде қолданылған аяттарда Алла тағаланың адам баласына қалам қолдануды үйреткені (әл-Аләқ сүресі 96/1-4), қаламға және жазғандарына серт етіп, әзіреті Пайғамбардың (с.ғ.с.) шексіз рухани құндылықтарға ие екені атап көрсетілген (Қалам сүресі 68/1-4). Көпше түрде қолданылған аяттарда жер бетіндегі ағаштардың барлығы қаламға айналса да, теңіздердің жеті есесінен де көп сия болса да, ilahi қаламның жазудан ешқашан таусылмайтындығы (Лұқман сүресі 31/27) және жеребеде тартылған оқтарды меңзейтіні айтылған (Али Имран сүресі 3/44). Хадистерде де Алланың алғаш рет қаламды жаратқаны және оған ақырет күніне дейін болатын барлық заттар мен оқиғаларды жазуды бұйырғаны, сондай-ақ, қайта жазылмастай етіп жазу керектігі сөз болады».[62]

Жоғарыда да айтылғандай, осындай маңызды бір нәрсе үшін аталмыш тұлғалардың үнсіз қала алмайтыны заңды құбылыс.

62 Сүнгұрхан, А., «Наби мен Сабиттің диуандарындағы қалам», Халықаралық әлеуметтік зерттеулер журналы, 4-сан, 2011, 149-б.

Олар том-том жазбаға арқау болардай жеткілікті. Алайда мен бірқатар ақындар, ғұламалар мен ойшылдардың қалам туралы айтқандарын таңдап, оған қатысты хикаялар мен мадақтарды сіздерге жеткізуге тырысамын.

Дегенмен, «қаламия» сөзі қаламды мақтау ретінде қабылданғанымен, ол басқа мағынада да қолданылған. Осы анықтамаға қысқаша тоқталайық та, содан кейін оның бастапқы мағынасына көшейік. Қаламия – қаламақы орнына қолданылатын термин. Бұрын мемлекеттік қызметкерлерде қазынадан төленетін белгілі бір жалақы болмағандықтан, оларға тапсырыс бергендер төлемді осылай атайтын. Османлы кезінде бас уәзірлерге осындай атау берілген.

Қаламия кеңсесі – қаржылық есепте тұру шартымен жалға берілген шаруашылық жерлерінен он пайыз салық жинаумен айналысатын мекеменің атауы. Танзиматтан кейін көптеген басқа салықтар сияқты бұл да жойылды.

Османлы мемлекеттік ұйымдарының төрт маңызды сыныбы болды: мулкия, илмия, қаламия және сейфия. Қаламия сыныбына «қалам әмірлері» деп те аталатын есепші-хатшылар мен басқа да кеңсе қызметкерлері кіреді. Олардың ең жоғары дәрежесі таңбашы (нишанжы), одан кейінгілері есепші (дефтердар), төраға (рейс) , бас есепші (дефтер емині), салықшы (шыкк-и салис) және кіші есепші (салис дефтердар) деп аталды. Бұл алты мансап та «мансап кеңесі» деп аталды.

Бастапқы кезеңдерде есепші-хатшылар үшін ең соңғы мансап баспалдағы болса, кейін басқа лауазымдар сияқты өзгертіліп, мұндайларға бектер бегі және уәзірлік лауазымдар да берілетін болды.

Қаламияның негізі мағынасынан тыс қолданылғандығы туралы ақпарат бергеннен кейін, түпкі «мадақ» деген мағынасына келетін болсақ, мәдениетіміз бен өркениетімізде маңызды орын

алатын қалам туралы толғаулар мен мадақ өлеңдер маңызды жанр болып табылады.

Шындап келгенде, «қаламия» – қалам туралы мадақ өлеңдерге арналған атау. Ақындар толғаулардан басқа поэтикалық жанр түріндегі өлеңдерінде қалам туралы тармақтар мен шумақтар жазумен қатар, қалам туралы жеке-дара мадақ өлеңдер де жазған.[63]

«Қаламның қамысқалам және қылқалам сықылды екі түрлі болады. Ең көп қолданылатыны – қамысқалам. Қамысқаламға деген бұндай қызығушылықтың басты себебі – пішіні, түсі мен сырты тегіс, қисық емес және іші қуыс қамыстың бас жағын кесіліп, сия оңай ағуы үшін ұшы сәл ашылып, қаламға айналған соң, сезім мен ойды хатқа түсіретін ең маңызды құрал болуында жатыр. Аяттар мен хадистерде айтылғандай, Ислам дінінің қаламға деген ерекше құрметі мен маңызы – ислами әдеби туынды саналатын Диуан әдебиетінің көрнекті өкілдерінің қаламға деген қызығушылығының басты себептерінің бірі болып табылады».[64] Мысал үшін:

Мүстаким-заде Сүлейман Седеддин Әфендидің «Тухфе-и Хаттатин» (Хұснихатшылардың тартуы) атты еңбегінде:[65]

Delil-i izzet erbab-ı hatta kafidir,
Ki hurde-i kalemi zir-i pâye dökmezler

Қаламгерлерде қаламға құрмет болса шын,
Аяқ астына тастамас қалам жоңқасын,

деп қаламға деген құрметтің өмір салты екенін атап көрсетеді. (Бұл тақырып басқа тарауда да айтылғандықтан, мұнда қысқа *қайырдық*).

---

63 Тақырып бойынша көбірек мағлұмат алу үшін: Сефержиоғлу, Н., e-kaynak: http://www.geocities.com/mseferciogluu/makaleler/divansiirindeyazi.htm

64 Шенгүн, Н., « Классикалық түрік өлеңдерінде қалам туралы толғаулар», Turkish Studies International Periodicul Fort he Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, Vol. ¾ Summer 2008, s.732

65 Мүстаким-заде, Тухфе-и Хаттатин, 740-б.

Ал, Хелаки диуанында:

Her kişinin ki sırrın îde sinede nihân,
Kat' olmayınca başı demez hayr u şer kalem

Өзегінде қаламның сырлар жатыр қаншама,
Ешбір сырды ашпайды, басын кесіп алсада.



Мұндай мысалдарды ондап, жүздеп көрсетуге болады. Алайда, «оның мақтауын асырмаса, одан не пайда?» *деген абыз ақсақалымыз, «Шифа-и Шериф» (Жүректің емі) сияқты орасан зор еңбекпен қауыштырған Яшар Кандемир ұстазымызға деген құрметпен және оның түсініктемесімен Йозгаттық Мұхаммед Феннидің* (*ө.1918 ж.*) *алпыс бәйттік «қалам туралы толғауының» бір үзіндісін ұсынғым келеді.*[66] (*Осы орайда доктор Али Шакир Эргинге рахмет айтамын...*)

Қалам туралы толғаудың алғашқы жартысында қаламның қасиеттері мен көркемдігі бейнеленген. Бастапқы екі бәйітте қаламға деген мадақ пен алғыс білдіріліп, ұштап жонған сайын Аллаға мадақ, Пайғамбарға *салауат айтқаны үшін иланы ризалыққа татитыны, оның бақыты мен қуанышының осыдан басталатыны баяндалады*:

Her dem açılsa ağzı, Hakk'a hamd eyler kalem,
Mazhar-ı rağbettir anınçün cihanda her kalem.
Hamd-ı terdifen edip Peygamber'e arz-ı selam,
Rahmet-i Hak'la olur mesrûr-u müstebşir kalem.

Ұшталған сайын айтатын Аллаға мадақ,
қаламды әр кім ұстайды жүрекпен қалап.
Хаққа мадақ, пайғамбарға салауат қылған
қаламды, Алла жаратқан бағалап нұрдан.

66 Кандемир, М.И., «Қалам егер оның мадағын жазбаса», Алтынолық журналы, Наурыз 1990,49-сан, 20-б.

Қаламның кейбір ерекшеліктері өте жақсы сипатталғанда, адамдарды қамқор анадай баулитыны айтылады:

Kadiri bilihtiram et, etme hürmette kusûr,
Ademî şefkatli bir mader gibi besler kalem.

Қадірін біл, құрметіңді аяма,
Қалам ұқсар мейірімді анаға.

*Қалам шығарған дыбыстарды қағылез құлақпен тыңдау керек. Өйткені ол әрдайым Алланың ең биік аты (Әл-Жәлил) болған «hy» дегендей дыбыс шығарады. Алланың сүйген құлының жәннатқа асығатыны сонша*лық, *егер оған қанат бітсе*, қуан*а-қуана ұшып кетер еді:*

Arifane istima eyle sarir-i hâmeyi
Daima ism-i Celil-i Hû'yu zikr eyler kalem
Kûy-i mahbûb-i Hüdâya ol kadar müştakkım
Şavk ile perrâzederdi bulsa bölü per kalem.

Қалам дыбысын қағылез құлақ ұғынар,
Алланың ұлы есіміндей боп ұғылар.
Ынтызар құлдай мәңгілік бейіш мекенге,
Қанаты болса, қаламның ұшар түрі бар.

Егер болмыстың құпиясын ашу керек болса, жан мен тәннің қамын ғана күйттеп қалуға болмайды. Шын*ында*, егер қалам өз *басын құрбандыққа шалып, бәрін жазып-сызбаса*, ғалам*да не болып жатқанын кім білер еді*:

Can-ü ten kaydında olma sırrı bilmekse meram
Mahrem olmazdı şuûna, vermeseydi ser kalem.

Өнер-білім жолында жан-тәніңді аяма,
Қара басын тікпесе, қалам қалам бола ма?

Хазіреті Пайғамбарды (с.ғ.с.) *шын жүректен мадақтамаған болса, қаламның қадірі мен дәрежесі мұндай жоғарламас еді. Қалам мадақтаған Пайғамбардың* (с.ғ.с.) *қызметкерінің өзі Жәбірейіл (ғ.с.) періште болатын. Қалам ежелден бері Пайғамбардың* (с.ғ.с.) *мақтаушысы болып, оның мүбәрәк ерекшеліктерін*

толығымен жаттап келді. Қалам Мұхаммед Мұстафаның (с.ғ.с.) *есімін зарыға еске алғанда, күрсініп, аһылайтын*. *Өйткені Пайғамбар* (с.ғ.с.) *екі дүниенің сұлтаны, адамдар мен жындардың имамы еді*. *Қаламды бұны ұрпақтан ұрпаққа осылай жеткізіп келеді.*

İ'tibâr-u pâyesî etmezdi lakin i'tila
Olmasaydı sıdk ile vassaf-ı Peygamber kalem.

Даңқы асар ма еді қаламның аса,
Пайғамбарды шын мадақтамаса

Егер, сол ұлы Пайғамбар (с.ғ.с.) *бұйырса*, қара жер *түгелдей ақ маржанға айналар еді. Егер Алланың Елшісі қаламға назар салып қараса*, ол бірден жапырақ *жайып*, жеміс *берер еді. Әсіресе, егер Ол қаламға ілтипат етсе*, *қалам лезде баға жетпес саф асылға айналып*, әлемдегілерге күміс пен алтын шаш*ар еді*:

"Ol!" dese, hak-i siyeh yek pare dürr-i nâb olur
Bir nazar kılsa, eder peyda-yı berk-u ber kalem
İltifat etse, kalem bir kimya-yı mahz olur
Ehl-î dünyaya eder isar-ı simmü zer kalem

«Өзгер!», – десе, қара жер ақ маржанға айналар,
Бір қараса, гүл ашып, жеміс берер қалам да.
Ілтипатын білдірсе, қалам асыл дүр болар,
Алтын, күміс шашу боп шашылады ғаламға.

Егер, сүйікті Пайғамбардың *(с.ғ.с.) берекетті бұлтынан қаламға бір тамшы тамып кетсе, Каусар бұлағына айналып, мәңгілікке әлемді сусындатар еді*. Егер Алланың Елшісінің мүбәрак хош иісі қаламға енсе, *күллі әлемге хош иіс таратар еді. Мадақ пен құрметке лайық Пайғамбар (с.ғ.с) қаламға ықыласпен көз қиығын салса, қалам тіпті күнге назданып*, айды қызғандырар еді:

Ebr-i feyzinden eğer bir katre düşse hameye
Ta ebed icra ederdi aleme Kevser kalem

Şemme-i ihsanı girseydi dimağ-ı hameye
Alemine neşrederdi nefha-yı amber kalem

Müşfikane göz ucuyla bir işaret eylese
Mihre nazeyler, olur mehtaba reşk-aver kalem.

Құдіретті ніл тамса таңдайына қаламның,
Мәңгі кәусар бұлақтай шөлін басар ғаламның.

Пайғамбардың хош иісі дарыса қаламға,
Күллі әлемге таратады хош иісті ол онда.

Ал, қаламға құдіреттің көз қиығы түссе, егер,
Күнге еркелеп, айды да қызғандырар күш берер.

Егер қалам «Барша ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мүбәрәк жүзі мен ең көркем мінезі дүниеде ешкімде жоқ» деп мың рет ант берсе, ол антын ешқашан бұзған емес. Пайғамбарлар сұлтаны хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) *көркем мінезін суреттегенде, қалам оның пайғамбарлығын жоққа шығаратындардың жүрегіне қанжардай қадалады*. Тіпті жер бетіндегі барлық адамдар *қаламгер болып, барлығы Пайғамбарға* (с.ғ.с.) *тоқтаусыз мадақ жазса да, күллі әлемнің кітабы Оның мақтауын жеткізе алмас*.

Sûret-ü sîrette misli gelmedi, gelmez yine,
Haris olmaz, bin yemin etse bu yolda ger kalem.

Ol şehinşahın kemâlatından eyledikçe bahs,
Münkiranın bağrına hançer gibi işler kalem.

Ol şehin sığmaz kitab-ı kainata midhati
Cümle insan katip olsa, tutsa her eller kalem.

«Пайғамбардай нұрлы жүз жоқ, ондай ешкім туылмас», -
деп мың ант берсе де, қаламның серті бұзылмас.

Жазса қалам, Пайғамбардың кемелдігін әр қандай,
Оған қарсы болғандарға қадалады қанжардай.

Пайғамбардың шын мақтауын жеткізе алмас еш қандай,
Күллі адам ол туралы мадақ жазса тоқталмай.

Қалам ұлы Пайғамбарды мадақтағанда, өзінің *кемшіндігін түсініп, ұяттан өртенеді*. *Қателік жіберуден қорқып*, *тіпті қаламның ұшы жарылып кетеді. Бірақ соған қарамастан, ол оны мақтай береді. Себебі қалам оны шын жүректен аңсап, сағынышымен өмір сүреді.*

Medhini deruhte ettikçe o şah-ı emredin,
Aczini anlar, kemâli-i şerm ile terler kalem,

Her kusuriyle sitayişte yine eyler devam,
Çünkü dilde iştiyak-u arzu besler kalem.

Пайғамбарды мақтауды парыз көріп, құп алар,
Бірақ өзін кемсініп, қалам іштей ұялар.

Қателіктен қорықса да, мақтай берер тағы да,
Пайғамбарға деген құрмет, сағынышпен зарыға.

Фенни толғауының соңғы бөліктерінде былай дейді: *Егер қалам ұлы Пайғамбарға (с.ғ.с.) мадақ жазуды білмесе, жай ғана таяқша іспеттес*, оны қалам де*уге келмейді*. О, Фенни! Менің *бүкіл денем қалам сияқты қураса да*, *Пайғамбардың шапағатынан үміт үзбеймін*. Бүкіл әлемдегі *қаламгерлер қалам ұстауды тоқтатпайынша*, *Пайғамбарға шексіз сәлем жолдай береді*. *Уа, Алланың елшісі! Сені паналаймын. О, Әбул Қасым, мен өзімнен медет тілеймін! Менің қаламым әрқашан сенен рухани ләззат пен шабыт алғысы келеді*!

Bir kalem kim olmaya na't-ı celilinden habîr,
Bir kuru çöptür, ona ıtlak etmezler kalem.

Etmem in'amından ol şahenşehin kat'-ı ümid,
Fenni'ya ecza-yı cismim olsa ser-ta-ser kalem

Ravza-ı ulyasına olsun selam-ı bî-hesab,
Ca-be-ca kullandığı müddetçe katipler kalem.

Ya Rasûlallah dahilek, ya Ebe'l-Kâsım meded,
Daimi hem manevi bir zevkû şevk ister, kalem.

Жазылмаса қаламның Пайғабарға мадағы,
Оғам «қалам» делінбес, ол – ағаштың сояуы.

Пайғамбардың шапағатынан үміт үзбегем,
Мейлі, қаламға айналсын тұтас бұл денем!

Пайғамбарға салауат, сәлем айтар бәрі де,
Барлық адам қаламнан қол үзбесе, әлі де.

Я, Расул Алла, сыйынам, Әбул Қасым, медет қыл,
Қаламыма рух, шабыт беріп, демеп кіл!

Қаламыңыз – стиліңіз



Адамдар қолданатын қаламы мен олардың өмір сүру салты, өмірлік философиясы мен мінез-құлқы арасындағы байланыстың бар-жоғы туралы зерттеу жүргізілген бе? Әйтеуір оны білмедім! Егер ондай зерттеу жүргізілген болса, онда өте қызықты болар еді...

Өткеннен бүгінге дейінгі қалам қолданушылар туралы қысқаша талдау жасай кетейік:

Қамысқалам: қазіргі кезде тек хұснихатшылар ғана қолданатын қаламдар. Алайда, Османлы дәуірінде қолданылған жалғыз ғана қалам түрі қамысқалам болатын. Жазушының стилін өз ойымша, қиялыма мен түсінігімше баяндауға тырысамын. Алдымен, олар элита өкілдері, өйткені сауатты болу адамдар үшін маңызды ұғымдардың бірі. Сауаттылығы төмен қоғамда жазу және жаза білу маңызды оқиға болуы мүмкін. Олар таза киінген, абыройлы, жағдайлары орташа немесе сәл жоғары, қаламды қалай ұштауды, қағаз өлшемін, тіпті сия жасауды меңгерген, өзіне деген шынайы түрде өз ортасында құрметке бөленген адамдар. Онсыз да, мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін, қалам ұстайтын адамдарды «қалам иесі» деп атаудың себебі де осыдан болса керек. Олар «зиялы» адамдар, кейінірек «мырза» деп те аталды. Олар ұстаз, шәкірт, әртүрлі деңгейде жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлер және әртүрлі деңгейдегі әскери офицерлер. Олар ұқыпты әрі жинақы. Олардың мәдениетті екендігі кез-келген әрекеттерінен айқын көрінеді. Олар қайда барса да, әртүрлі қалам түрлері бар қаламсауыттарын, жазу керек-жарақтары мен сиясауыттарын, тіпті жазу тақтайшаларын да бірге алып жүреді.

Олар жазу емлесі мен керек-жарақтарына ерекше назар аударатын «сауаттылықтың» арқасында жазуды өте көркем жазатын. Қағаз парақты инженердей жіңішкелікпен қолданатын. Парақтың оң, сол, жоғарғы және төменгі жағына арнайы бос орын тастап, оқырманға түртіп алар орын қалтыратын. Бұл қалдырылған орындар «жиек» деп аталады.

Егер олар қазіргі уақытта өмір сүретін болса, онда үлкен қиындықтарға тап болар еді. Ал, ол уақытта теледидар, телефон, автомобиль, ұшақ, ауыр техника, электр қуаты, тіпті майқалам, қарындаш және сияқаламдар болмаған жағдайда да сабырлы, ұқыпты (есепшілер үшін) өмір салты болды. Ол кезде олардың ақыл-ойлары ешқандай ықпалға ұшырамаған, ештеңеге араласпаған таза болғандықтан, көркем, керемет туындылар жазатын. Ал, сондай көркем шығармалар жазу қазір мүмкін емес.

Қалам өмір салтымызды, стиліміздің белгілей ме? Оны бір Алла біледі.

Біздікі – тек болжам ғана ...

Қарындаш: көбінесе сәулетшілер мен студенттер қолданады. Бұл әлемдегі ең көп шығарылатын және тұтынылатын қалам түрі. Табиғатпен етене өмір сүретін, қарындаш ұшталған сайын, жазған сайын, мұқалып түгесілген сайын тіпті де өнімді болатынын көріп, одан ләззәт алатындар да бар. (Яшар Кемал, Аттила Илхан, Орхан Вели сияқты әдебиет қайраткерлерімен қатар...)

Қарындаш пайдаланушылар онымен жазу жазғанда ұдайы әуреге түседі. Бітуге жақындағанда, ұшы сынғанда немесе мұқалғанда пышақпен, ұстарамен, бәкімен немесе ұштағышпен қарындаштың ұшын ұштау оларға қызықты. Олардың түрлі-түсті қарындаш ұштағыштары болады... Қарындаштың ұшын тез шығарса сынып кетеді деп алаңдап, ақырын ұштайды. Олар ұшты қатты өткір шығармайды. Әйтпесе, қағазға тиген бойда сынатынын біледі. Олар өздерінің жазбаларының үстін сызып түзеткісі келмейді. Оның орнына өз қателіктерін өшіруді жөн

көреді. Сондықтан да өшіргіш алып жүреді немесе қарындаштарының өшіргіші болады.

Оларда түрлі-түсті қарындаштар бар. Қарындаштарының сыртқы өзгерістерін безенуге ұқсатады. Олар үшін өзгермейтіні – қарындаштың өзегіндегі «қорғасын» деп сипатталатын, бірақ қорғасынмен ешқандай қатысы жоқ «графит». Алайда олардың пішіндері басқаша болуы мүмкін. Қарындаш әуесқойлары әрқашан қалталарында және сөмкелерінде көптеген қарындаш салып жүреді және оларды сыйға тартудан қымсынбайды... Қарапайым көрінетін қарындаштардың осы күндері металмен (әсіресе күміспен) апталуын олар өте қуанышпен қабылдады.

Қарындаштарды сүйетіндер оқыған кітаптарының жолдарын қара, қызыл, жасыл түспен (бұл маңызды емес), алайда міндетті түрде ағаш қарындашпен сызады. Көптеген жазушылар өздерінің өлең, роман, очерк, әңгіме және мақалаларын қарындашпен жазады. Доған Хызланның «Хүрриет» газетінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі санында шыққан жазбасына қарағанда, Яшар Кемал барлық кітаптарын қарындашпен жазыпты. Осы тұста, «апырай, Инже Мехмет үшін қанша қарындаш кетті екен?» деп ойладым.

Өнертанушы Мазхар Шевкет Ипшіроғлу және Жорж Сименон (детектив жанрындағы ең көрнекті тұлғалардың бірі) алдымен, көптеген қарындаштарды қаламсауытқа толтырып алып, содан кейін жазуға кіріседі екен. Ферит Эдгү мен Фикрет Муалла да тап солай ... Аттила Илхан өлеңдерін, ал, Садри Алышык картиналарын қарындашпен салады екен. Менің ойымша, қарындаш қолданушылар салыстырмалы түрде қарапайым, ақжарқын және төзімді болып келетін секілді. Тұрақсыз, «қолдан да тастай бер» дейтіндей майқаламды қолданатындар, негізінен, қазіргі өмір сүру салтына тез бейімделетін адамдар. Олар үнемі асығыс жүретін, үнемі бір жерге шапшаң, тіпті асығып-үсігіп жетуге тырысатын, әрдайым тек табысқа кенелгісі келетін, әрқашан жеңгісі келетін және жеңіліске шыдай алмайтын адамдар.

Олар оқыған-тоқыған, мәдениетті, бірақ көбіне орта деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер болып келеді. Аздап ақша тапты ма, болды, одан да жақсы, қымбатырақ қаламдар алады. Бірақ көбінесе майқалам сатып алады. Қазіргі өндіріс пен тұтыну үдерісінде тез тұтынғыш қоғамның мүшесі ретінде майқаламдарды пайдаланатын адамдар көбінде нәтижеге ғана бой ұрғыш адамдар болып табылады.

Қаламды тұтыну елдердің даму деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Барлық кеңсе тауарларын өндірушілер мен импорттаушылар қауымдастығының (TÜKİD) төрағасы Левент Артан, әсіресе, дамыған елдерде сияқалам көбірек қолданылатынын айта отырып, қарындаштар санатында ағаштан жасалғандары көп кәдеге жарайтынын тілге тиек етеді. Сонымен қатар, елдердің даму деңгейі төмендеген сайын қатты сиялы, яғни майқаламдарды тұтыну арта түсетіндігін атап өтеді.

1990 жылы Франкфурттегі бір дәмханадан шай ішкен сәтімді ешқашан ұмытпаймын. Ол жерде жұмыс істеп жүрген бір отандасымыз менің төсқалтамдағы қаламның сияқалам екенін көре сала: «Аға, майқаламыңызды ала тұрсам бола ма?», – дегеніне таң қалдым. Германияда, Франкфуртте біреу менен «майқалам» сұрайтыны ойыма да кіріп шықпапты.

Ия, таңғалдым...

Сияқаламды алып, қолына ұстаттым. «Бұл сияқалам. Неліктен майқалам деп сұрадың?», – деген сұрағыма ол: «Аға, біз тек майқаламды білеміз», -деп жауап берген болатын.

«Майқалам» туралы осымен доғарып, қаламдардың патшасы – сияқаламға туралы баяндауға кірісейік.

Оны қолданушылар оны өз атауымен атайды. Олар сіздің «сияқаламыңызды» сұрауы мүмкін. Бірақ, сізден «сия» сұрамайды.

Олардың кірісі мен мәдени деңгейі де жоғары келеді. Оқыған, тоқыған зиялы жандар, жазулары да әдемі. Олар баяу қозғалады.

Олар жинақы және үйлесімді киінеді. Жазуларының өз мәнері болады. Олар үшін үйден шығарда өзімен бірге алуы керек болатын үш нәрсенің бірі – сияқалам. Қызық ұстанымдары бар сияқалам пайдаланушылардың. Олар пайдаланатын сияқаламның құны үй жалдау ақысынан асып түседі (егер олар жалға алынған болса). Тіпті әбден бауыр басып қалады. Егер сияқаламы сынып қалса, тастай салмайды. Жөндетуге апарады.

Достарының туған күні бола қалса, жақсы сияқаламнан бірін сатып алады. Сүндет той үшін балаға сағат немесе басқа бір нәрсе сатып алмайды. Алатын сыйлығы міндетті түрде сияқалам болады. Ал, біреу мектепті бітірді ме, университетке оқуға түсті ме, жаңадан жұмысқа кірді ме... міне, оларға алынатын сыйлық белгілі, сия қалам...

Білмеймін, неге екенін? Мен қамысқалам мен сияқалам қолданатындар арасында тұрақты қарым-қатынас орната алдым. Олар да дәрежелері мен байлығына қарамастан, кішіпейіл және мейірімді адамдар болды. Сияқалам қолданатындар да солай. Қамысқалам қолданғандар өздері туралы: «Бұл пақырыңыз ... Бұл қатесі көп құлыңыз... Бұл қабілетсіз», – деп сөйлейтін. Бүгінде сияқалам қолданушылар да өздері туралы «пендеңіз»[67] сөз бастайды.

Көбінесе жазулары «маржандай» болады. Бастауыш мектепте бір мұғаліміміз болды (Ергүн мұғалім), ол тіпті қою жасыл түсті сияқаламымен оқушыларды түгелдеудің өзін асқан байыппен орындайтын. «Сабаққа келмегендерді» белгілегенде маржандай тізіп қоятын. Мен оны сүйсініп тамашалайтын едім.

Біреу қажет болған кезде қалам сұраса, сияқалам қолданатындар қаламсабын өзінде қалдырып, қаламын ғана береді. Өйткені ұмытылған жағдайда, сұрап алғанның қолында кетпесін дейді.

Олардың саусақтары сияқаламға әбден үйренген. Дұрысы, қаламы да иесінің саусағына бейімделген. Ол басқаның қолын-

67 Пенде: құл. Пендеңіз - құлыңыз.

да дұрыс жазбайды. Ол қағазбен үйлесе кетеді, сырғып, тайып кетпейді. Ол иесінің саусағын ғана іздейді. Ол қарындаш сияқты қысқа ғұмырлы емес, майқалам сияқты тұрақсыз да емес ... Ол әрқашан сізбен бірге. Егер күтіп қолдансаңыз, сүндет тойыңызда сыйланған қаламмен орта мектепті бітіресіз, университетті тауысасыз, үлкен өмірге аяқ басасыз, ұлыңыздың сүндет тойын өткізесіз, сол қалпы өміріңіздің естелігіне айналады. Кейбіреулер бар, сияқаламы бұзылса да, жазған сайын қолдарын сияға бояса да, қаламынан бас тартпайды. Мысалы, Дениз Байкал ұзақ жылдар бойы қолданған MontBlanc маркалы сияқаламын үнемі сиясы ағып, қолын бояп, кейде жазбай қалған уақытында ғана жөндеуге апарады екен. Бір күні қалам жөндеуші ұшты-қилы жоғалып кетеді. Шеберханасын жауып тастайды. Ол адамды еш жерден таба алмайды. Сөйтіп қана құтылыпты (!) әлгі жазбайтын, ескі қаламнан...

Өзім эстетикалық талғамын қатты ұнататын, өте зиялы М. Шевкі Эйгі – сияқалам қолданушылардың бірі. Қаламға мән бермейтіндерге, арзан қалам тұтынушыларға қатты ашуланатын еді: «Ол екі мың лиралық сәнді телефонмен сөйлесіп отырған еді. Қарсы жақ оған мекен-жай ма, нөмер ме, бірдеңе айтты, ол оны жазып жазуы керек болды. Қалтасынан 25 куруш тұратын майқаламын алып, жаза салды.

Қандай бейшаралық! Ұялы телефонның құны екі мың лира, қаламы 25 куруш.

Ал енді, қалам пайдалы, құнды және асыл ма? Әлде ұялы телефон ба? Бізге салсаң, әрине, телефон.

Мысалы, 150 мың долларлық көлігі бар. Бірақ қалтасында әдемі қаламы жоқ.

Сияқалам шығаратын бір ірі компания жыл сайын өте аз, сапалы және сирек кездесетін сияқалам шығарады екен. Мысалы, бір жылы сияқаламның сыртын итбалық тістерінен жасайды екен. Бай болсам, мен осындай қаламдарды сатып алар едім.

Мен бай адамды қаламсыз, кітапсыз, кітапханасыз және өнерсіз елестете алмаймын. Онсыз миллиард доллары болса да, онда ол бай емес, тақыр кедей».[68]

Көрнекті ойшыл ұстаздың бұл пікірімен келіспеу мүмкін емес.

Тарихта көптеген билеушілер сияқаламға құмар болған. Байқап қарасаңыз, мемлекет басшылары, президенттер, премьер-министрлер мен бас директорлар әрқашан сияқалам пайдаланады.

Жорж Буш президент болып тұрғанда Ақ Үйде маңызды шешімдерге Кросс маркалы сияқаламмен қол қойған екен. Ал, Билл Клинтон «қаламға сараң» болған деседі. Қаламының көптігіне қарамастан, сараңдықпен пайдаланатын болған. Клинтон Паркер мен Монтеграппаға құмар болған көрінеді. Монтеграппаның тағы бір тұтқыны – Ресей президенті Путин. Ал, атақты жазушы Эрнест Хемингуэй барлық жазбаларын тек Монтеграппамен жазып келген.

Ал, Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған өзінің барлық маңызды қолтаңбаларын Монтбланк маркалы сияқаламмен жазады деп естиміз. Ұлттық білім министрі Нажи Авжының айтқанына қарағанда, Президент Ердоғанның көптеген сияқаламы бар. Мен сол қаламдарды көргім келеді. Менің сүйікті ағам Наби Авжы да, алдында айтып кеткеніміздей, өте қалам құмар адам. Ол да әкесінен қалған қою жасыл түсті Пеликанды пайдаланды.

Сияқаламды пайдаланушылар оны көрінісіне, тектілігіне, жазу сапасына, салмағы мен тұрақтылығына байланысты көбірек ұнатады... Биліктегі аға буынның сияқалам қолдануының себебі – олардың жазғандарының тұрақты болуында жатыр деп ойлаймын (бұл тұрғыда да қамысқаламға ұқсас). Пайдаланушылар жақсы біледі, өмірінің белгілі бір кезеңіне дейін «майқалам» қолданатындардың қолына сияқалам сай келмейді, өйткені онымен

68 Ейгі, М.Ш., «Майқалам шіріген бай», «Милли» газеті, 28 тамыз 2010.

қалай жазуды және күтуді білудің өзі ерекше дағдыны, мәдениетті қажет етеді.

Түркияның Нобель сыйлығын алған жалғыз жазушысы Орхан Памук өзінің барлық кітаптарын сияқаламмен жазып, басуға ұсынады екен...

Енис Батур «Мен тек бір үстелде жаза аламын, ұшы кесік сияқалам қолданамын (басқа қаламдармен шабыт ала алмаймын), жазатын дәптерім немесе қағазым сызықты болуы керек», – деп сияқаламға деген құштарлығын білдіреді.

Хади Улуенгин орта мектепте хұснихат жазуды үйренгендіктен, сөзсіз сияқаламмен жазатын болған (таңдауы МонтБланк).

Эрнест Хемингуэй өзінің кітаптары мен газет мақалаларын Монтеграппа, Паркер51 және Эстерброкс маркалы сияқаламдармен жазған.

Әйгілі физик Альберт Эйнштейннің бір фотосуретінде Пеликан100 сияқалам қолданғандығы байқалады.

Атақты жазушы Марио Леви барлық жазбаларын сия қаламмен жазып, содан кейін оны компьютермен теруге беріп отырған.

Қалам әуесқойлары, әсіресе, сияқаламға құмарлар үшін өздерінен бұрынғы жазушылар, саясаткерлер, суретшілер, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің қандай қалам қолданғаны қызықтыратын тақырып болған. Мысалы, Эйнштейннің бір суретінде күртешесінің төсқалтасына қыстырылған Паркер 51, Жемил Меричтің бір суретінде Паркерді қолданғаны, Аднан Мендерестің Яссыадада жазба жазғанда қолданған сияқаламы мені қатты әсерлендірді. Марқұм Тұргут Өзал қолданған Cross маркалы алтын сия қаламның толқытқаны сияқты (ол қалам қазір менде).

Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтандағы мемлекеттік мұражайды аралаған сәтімде, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қолданған «Сенатор» маркалы си-

яқаламды тамашалаған едім. Дәл сондай сияқаламның менде де болуы, өзімді қатты қуантады. Ататүрік, Исмет Инөнү және Желал Баяр қолданған сияқаламдар I Мәжіліс мұражайына қойылған.

Сол қаламдармен нелер жазылды, нелер сызылды? Олар ненің куәсі болды? Аднан Мендерес Яссыадада қолданған сияқаламы Желал Баярдан алған қолымдағы сияқалам ба еді, әлде? Кім біледі?

«Адамның қиялдаудан басқа амалы жоқ... Мысалы, Ахмет Хамди Танпынардың Нарманлы жатақханасында «XIX ғасыр түрік әдебиетінің тарихын» жазу кезінде қолданған қаламының маркасы қандай болды? Яхья Кемалдың «Қар әуенін» жазған сияқаламы қандай еді?

Ахмет Хамди Танпынардың сияқаламы әйтеуір сынық, қисық бірдеңе болған болуы мүмкін деп ойлаймын. Себебі жазбаларынан оның ондай нәрселерге назар аударатын адам болмағанын аңғардым. Мысалы, қаламсабы жарылған, қыстырғышы сынған Пеликан болуы ықтимал. Тіпті, жылдар бұрын «Мен уақыттың не ішінде, не сыртында емеспін» деген сөздерден басталған өлең жолдарды көрген бір досы, сол қаламды оған көбірек өлең жазсын деп сыйлаған болар. Ахмет Хамди Танпынар ойдағыдай өлең жаза алмай тарығып отырған бір күні, қолында ойнатып отырып, сындырып алған болса керек.

Яхья Кемал Беятлының қаламы ол елші болған кезде сатып алған, алтын жалатылған ұшы жалт-жұлт екен сияқалам болар. Себебі, ақын үйлесімді нәрсенің бәріне сақтықпен қарайтын. Онсызда бұл сияқаламды үйлесімді болғандықтан таңдаған. Сол сияқалам нелер көрмеді, кім біледі?»[69]

Технологияның дамуы, тіпті пернетақталарды шатырға лақтырып тастап, сандық пернетақталар қолданылатын кезеңде

69 Бахадыр Х.Х., «Жазушы немен жазады?»,мErguvankalem, Blogspot, 08.01.2012

бұл айтып отырғандарым боссөз, қиял, әпсана емес, шындықтың тап өзі... Барлық технологиялық дамуға қарамастан, сияқалам қолданатын адамдардың қатары көбейеді деп санаймын.

Сияқалам ерекше болады, сирек кездеседі, виртуалдылықтан ада, тұрақты әсер қалдырады. Электронды қолтаңба, электронды үкімет, электронды салық, электронды банк ... Біздің өміріміз қаншалықты «электронданса» да, Баку-Тбилиси-Карс теміржолы жобасының келісім-шартына үш елдің президенттері қара түсті, жуан Meisterstuck Montblanc «сия қаламмен» қол қойды (ол қалам да қазір менде).

Ия, қалам – біздің стиліміз.

Қолданатын қаламдарымыздың түрі, тіпті оның түсі де біздің стиліміз, өмірге деген көзқарасымыз бен мінезіміз туралы жіп ұшын береді.

Қалтаңыздан қаламыңызды шығарыңыз да, осы тұрғыдан бір қарап көріңіз...


12
1
2
3
4
5
6
7
8
9
10
11

Жазу – баяулық



Жаңа ұрпақтың жолы болмады...

Жаңа буын өздеріннің көптеген жақсылық пен мүмкіндіктерге ие екенін ойлағанымен, олар көз жазып қалған нәрсе көп. Сондықтан да олар қанағатсыз, мазасыз, бақытсыз ...

Капиталистік жүйе оларды еркінен тыс уысында ұстап отыр. Бұл оларды жылдам, жылдамырақ және тіпті де жылдам болуға мәжбүр етті. Олар үшін барлығы жылдам. Олардың тамақтануы, ойындары, үй тапсырмалары, мектептері, тіпті достық қарым-қатынастары да тез, шапшаң... Олардың сүйіспеншілігі, құрметі, қайғысы, қуанышы... бәрі де лезде, өткінші! Бәсекелестік қатал. Сондықтан олар жылдам болулары керектігін сезінеді (біз өзімізді бұдан бөле қарамайық, біз де солаймыз) ... Бәсекелестіктің өлшемін санағанда да «жылдамдық» ұғымына баса назар аударылады. Біз шапшаңдыққа бой алдырғанымыз соншалық, өзімізді тануды, оқуды да «жылдам» қылдық.

Үш жарым жасар қызымды байқап жүремін. Болмыста жалғандық болмайды ғой. Оның ең бақытты сәті – компьютермен емес, менімен ойнаған сәті; қуыршақтарын ақырын жатқызып, үй жасап ойнаған, сурет кітапшасын түрлі-түсті қарындаштармен бояған немесе баяу айналатын әткеншекке мінген сәті. Ipad-дан тыңдаған ертегілері емес, түнде өзім білгенімше (немесе ойлап тапқан) айтып беретін ертегілерім оны тіпті де қызықтырады. Мен оның бойынан өзгермеген табиғи болмысты көремін: ол баяулықты, тыныштықты қалайды. Себебі ол қаласа да тездете алмайды. Шапшаңдыққа оның аяқтары мен қолдары жол бер-

мейді. Өсе келе планшетпен, компьютермен, 3G, ALES, ÖSS, DGS, KPSS және KPDS-пен танысқан сайын оның өмірі де жылдамдайтын болады, өкінішке қарай, ол өмірдің көптеген сұлулықтарын жіберіп алатын болады. Өз маусымынан бұрын піскен жеміс немесе көкөніс сияқты, дәм-татусыз өмір сүреді. Қыста жеген қызанақтың, жазда жеген апельсиннің дәмі бола ма! Мынау шапшаң өмірде тыныштық сағатымыздың барынша тездеп, кері кетуі бізді төзімсіз, сабырсыз, өзімшіл ете түсті.

Милан Кундера өзінің «Баяулық» атты романында «Неге баяулықтың мәнісі жоғалды? Ah, бұрынғы асықпас аяқтар қайда қазір? Халық әндерінің жалқау кейіпкерлері қайда, бір диірменнен екінші диірменге барып, ашық аспандағы жұлдыздарға қарап, масаты кілемде ұйықтап жатқандар қайда қазір? Олар өздерінің соқпақ жолдарымен, шабындықтарымен, қырмандарымен және табиғи сұлулығымен бірге қайда кетті?», -деп сұрайды.

«Кундераның бұл әйгілі романы баяулық пен есте сақтау, жылдамдық пен ұмыту арасындағы байланысқа назар аударады. Бұл жерде баса назар аударатын маңызды жайт, баяулықтың дәстүрлі қоғамда, ал жылдамдықтың қазіргі қоғамда орын алуы. Кундера жоғалтып алған саяжайлар, шабындықтар мен қырмандар дәстүрлі қоғамда қалып қойды. Қазіргі қоғамда әуежайлар, күрежолдар мен кең аумақты алып жатқан сауда орталықтары бар. Жылдам үдеріс пен дамуға бағытталған заманауи қоғамда баяулықтың мәнеріне ешкім төзбейді. Қазіргі қоғамда барлығы алдын ала күні мен уақыты бойынша жоспарланып, жүзеге асырылуы керек. Кешіккен ұшақ, ақырын жүретін кептеліс, бұзылған лифт, кешігіп келген тамақ тапсырысы, жұмыс істемейтін кассалық аппараттар, интернет жылдамдығының бәсеңдеуі және егжей-тегжейлі ұзақ әңгімелер қазіргі адамдарды есінен тандырады».[70]

Иә! Жазу – баяулық. Жазу болғанда да қаламмен жазу...

---

70 Шен, Ш., «Баяулық та бақыт», Gazete 360, 29.11.2013.

Компьютер, планшет және ақылды телефондар жасанды. Олар сізді жылдам болуға итермелейді. Экрандар мен қатты дискілер ләззат сыйламайды. Нағыз ләззат қағаз бен қаламда. Қуаныш сыйлайтыны – екі ғасыр бұрын жазылған шығарма ма, әлде қалтаңызда жүрген USB ме?

Қонақ үйде отырғанымда анасының шамамен 2-3 жасар сәбиді емізгеніне куә болдым. Планшетті алдына қойды, бала онымен ойнаған кезде анасы қасықпен тамақ жегізді. Оны көріп іштей мұңайдым, қынжылдым.

Жастарымызды да байқап жүремін. Бірнеше сағат бойы экраннан көз алмайтын жастарымызды... жапа-жалғыз, ешкімсіз, белгісіз, қоғамға жат жастарымызды... көрдім...

Олар виртуалды әлемде өмір сүреді.

Алайда, қағаз-қаламмен үйір болу тіл мен ақыл-ой дағдыларын жақсартатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Жазу, яғни қаламмен жазу – баяулық.

Үнемі пернетақта қолданатын адамдар қолмен жазғанда қиындықтарға тап болатындықтан, бұл жазудың формасына, түріне, сапасына, жылдамдығына, анықтылығы сияқты әр түрлі ерекшеліктеріне әсер етеді және өзгертеді. Бұл өзгерістер уақыт өте келе біздің ақыл-ой құрылымымыз бен ойлау тәсілімізді де өзгертеді. Профессор, доктор Фирдевс Гүнеш қолжазбаның шығармашылық қабілетті арттыратындығына назар аудара отырып, қалам мен пернетақта арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін, ал саусақтардың пернетақтадағы тұрақты қозғалысы мен түймешелердің дыбыстары физикалық және психикалық шаршауды үдететінін атап көрсетеді. Ол зерттеулерінде: «қаламмен жазу мен қолмен жазу оқушының жазу дағдыларын дамуы, жеке тұлғалық қалыптасуы, жазуға мән беруі, таза және ұқыпты болуы сияқты мәселелерде маңызды жіп ұшын береді», – деген тұжырымға келеді.

Висконсин университетінің бір топ зерттеушілері қаламмен жазу шығарма жазуға және ақыл-ой дағдыларын жетілдіруге айтарлықтай үлес қосатынын анықтайды. Одардың зерттеуі бойынша, оқушылар қаламмен жазғанда өз қабілеттерін жақсырақ көрсетеді және әлдеқайда ерекше ойларын білдірді. Тағы да, осы зерттеуге сәйкес, жазу кезіндегі саусақ қимылдары мидың ойлау, тіл және жылдам есте сақтау сияқты түрлі бөліктерін белсендіреді. Бұл жағдай оқушылардың шығармашылығын күшейтіп, өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, өз ойларын жақсы жеткізе білу қабілеттерін арттырды.

Мен әрдайым қате түсініп қалудан қорқатынмын.

Технологияны жақсы пайдаланатындардың бірімін. Бұл бас тарта алмас құбылыс. Менде бас тартуға жол жоқ. Алайда, бір сәт болсын айналамызды қоршаған технологиядан оңаша қалып, баяулау біздің адамзаттың табиғи қажеттілігі. Егер біз әлі де қаламмен жазудан, әсіресе, әдемі сияқаламмен жазудан ләззәт ала білсек, көп нәрсе өзгереді.

Бүгінгі таңда қалам мен пернетақта, ipad, iphone арасында күрес жүріп жатыр...

Атақты ойшылдарымыздың бірі Мехмед Ниязи дамып келе жатқан технология да қаламның жемісі дейді. Себебі қалам болмаса, қызығушылықпен және сүйсініп қолданатын технология да болмас еді. Үлкен үлкен жобалар, адамзаттың өмірін өзгертетін барлық даму мен өзгерістердің барлығы қаламның жемісі емес пе? Компьютермен жазғанда неғұрлым жазық, эстетикасыз жазудан қорқатын Мехмед Ниязи: «Бес күндік дүниеге ұзақ қонақ болмаспыз! Қолымнан келгенше қаламыммен қоғамға пайдалы болуға тырысамын. Адамдар қаламға опасыздық жасауда. Алайда, қалам – өмірдің рухы, оның жан тамыры. Ол ғасырлар бойы халық әндері мен теңеулерге арқау болды. Егер адамдар сол рухқа сәл де болса қайта орала алса, оны жанымен сезіне алса,

технологияны өзіне құл етер еді. Басқаша айтқанда, технологияның тұтқыны болмай, керісінше дамуды өз рухына бейімдейтін еді», – дейді. Мен де дәл осыны айтқым келеді.

Адамдар қаламмен сондай қабысып, тұтасып кеткен. Әрі-бері заманда сүйікті болған Әлиф сияқты, көзге түскен құдіреттің қаламына айналып, соғыстарды тоқтатар қылыш болып, Жаратқанның аманаты сияқты көріліп, қастерленеді. Ал, пернетақталар... компьютерлер, планшеттер, экрандар, LCD-лер, қатты дискілер, USB-лер..?

Оларды қолданасың, лақтырасың, бітті...

Мерзімі өтсе, технологиясы ескірсе, тастай саласың. Олармен арамызда ешқандай ажырамас байланыс жоқ, керісінше қоқысқа тастағанда жаңа нұсқасын аламыз деп қуанамыз. Қандай жаман...

Олардың уақытқа байланысы шектеулі. Тіпті жоқ деуге де болады. Өйткені олармен қандай да бір ажырамас байланыс, қимастық жоқ. Сіз біреудің пернетақтаға байланғанын көрдіңіз бе? Ол қолданылып, уақыт өте келе тасталады. Алайда, қалам жаныңа тыныштық сыйлайды. Онымен парақтар кестеленеді. Қолданушысының өмірінің бір бөлшегіне айналып кетеді. Көптеген қаламдарда пайдаланушының аты немесе сыйлыққа берушінің аты ойылып жазылады. Елу жылдық қаламдардағы есімдер мені қатты толқытады. Сол есімдердің иесін іздеп көрдім, тапқандарым да болды. Іштерінде дүниені өзгерткендер де бар.

Қаламның сыртындағы сол жазулар сізді балалық шағыңызға немесе өзіңіз өмір сүрмеген ескі кездеріңізге жетелейді. Бізге уақыттың шын мәнінде өткен-кеткенге қатысты салыстырмалы түсінік екенін ұғындырады.

Сонымен, қалам өмірдің әр сәтін сезіндіреді, ал, жазу адамды баяулатады, тыныштандырады.

Қаламгерден қаламға...



Қалам ұстағандар жай ғана жаза салмайды.

Олар жазғылары келетін тақырыптарды мұқият таңдап, ерекше назар аударады. Бұл тақырыптар кейде ғашықтардың сүйіктілеріне деген махаббат жырына айналса, кейде роман, өлең және әңгімелерге арқау болды. Кейде қасиетті Құранның тәпсірі, кейде хадистердің түсіндірмесі болды. Енді, кейде билеушілерге ескерту немесе шәкірттерге кеңес беру түрінде болды. Бірақ олар мейлі не жазса да, жазған қаламды ұмытпай, ол туралы не бір көркем өлеңдер мен прозалар жазды.

Қалам туралы айтылғандар мен жазылғандар әрдайым мақтау бола бермейді. Кейде қиындықтардың қайнар көзі, ақшаға сатылғыш ретінде, қателескіш ретінде де көрінді. Кейбіреулер оның әділетттен ауытқып кететіндігіне алаңдап, Аллаға сыйынды.

Рухани күрес әрқашан қаламмен жасалды. Қалам қуаты күшті болғандары жеңді. Алайда, бірде-бір жазушы, ақын, ойшыл қаламның беделі мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жазбалар жазған жоқ.

«Қалам» туралы «қалам ұстағандардың» не айтқанын қарастырғанымда, алдымда керемет қазына тұрғанын көрдім. Олардың жүздеген, мыңдаған емес, тіпті он мыңдаған шумақ, жазбаларды мұраға қалғандығына куә болдым. Олар тек өткеннен қалған, көнеден келгендер ме? Жоқ, қазіргі кезде өмір сүріп жатқан қаншама жазушылардың да дәл осылай «қалам туралы» қаншалаған жазбалар жазғанына куә болдым. Бұл тақырып бойынша жүздеген мысал келтіруге болғанымен, төменде таңдаулыларын ғана ұсынамын.

Османлы сұлтандарының көбі поэзия мен әдебиетке қызығушылық танытты. Тіпті, диуан жазғандары да бар. Мысалы, Фатих Сұлтан Мехмет Хан өте жақсы ақын және оның диуаны бар. «Авни» бүркеншік есімімен өлеңдер жазды. Міне, солардың бірі Сұлтан Сәлім Хан. Ол қайтыс болғанда, Кемалпашазаде оған арнап жазған жоқтауында былай дейді:

Hayf Sultan Selim'e, yüzbin hayf!
Hem kalem ağlasın ana, hem seyf

Ah, Сұлтан Сәлім! Ah, қайғы, өкініш!
Еңіреп қалам, жоқтайды-ау қылыш!

Жазушылар бұнның қандай да бір сөзсайыстың (айтыс) түрі екенін айтады. Бұл дәстүрдің алғашқы мысалдарының бірі IX ғасырдағы Махмұд Қашқаридің «Түрік тілдерінің сөздігі» шығармасында айталған «жаз» бен «қыс» арасындағы өлең шумақтары түрінде кездеседі. Кейінірек көптеген «қалам мен қылыш» сөзсайыстары жазыла басталды. Жоғарыдағы бәйітте де қылыш пен қалам салыстырмасы қолданылады. Әсіресе, қылыштың қолынан келмейтін нәрсені қалам жасай алады деген пікір басым. Ақын сұлтандардың бірі III. Сәлім шейіт болғанда, қалтасынан осы бәйіттің шыққаны айтылды:

Kendi elimle yâre kesip verdiğim kalem,
Fetvâ-yı hûn-ı nâ-hakkımı yazdı ibtidâ.

Қайдан білем, өз қолыммен ұштап берген қаламым,
Өз қанымды төккен хақсыз пәтуаны жазарын!

Өз қолыммен ұштап берген қаламмен өз жақыным, ең алдымен, жазықсыз қанымды төгу үшін пәтуа жазды! Бұл не деген азап десең ше? Бұл азапты оқиғаны Жәннат Мекан екі-ақ жолмен суреттейді. Сұлтан Сәлім кім? Оның көңіл-күйі қандай болды?

Рыфкы Али Әфендидің қалам туралы жазған өлеңдері дұға мақамында болып келеді. Оның ең үлкен қорқынышы – қаламының қылдай қателесуі. Сонымен қатар, жазғандарының жаман ниетті адамдардың нысанасы болуына алаңдайды. Осы үшін Құдайға жалбарынады. Қайда жүрсе де Алланың тура жол көрсетуін, дін жолында қателіктерден сақтауын тілейді.

Yarab! Kalemim muy-i hatadan sakla!
Tahrîrimi ta'n-ı süfehadan sakla!
Tevfik'in edip kande gidersem rehber,
Şehrah-ı şerîatde hatadan sakla.

«Раббым! Қаламымды қылдай қателіктен сақтай, гөр!
Жазғанымды жамандардың өсек тілінен сақтай, гөр!
Қайда барсам бағыт беріп, шапағатыңмен жақтай, гөр!
Дін жолынан тайдырмай, тура жолға бастай, гөр!

Ал, Хелаки қаламды өзіне берілген құпияларды өмірін қиса да айтпайтын өте жақсы сенімді сырлас, досы-дұшпанын ажырата алатын ақылды адам ретінде суреттейді.

Физулидің көзқарасы бойынша, қалам – өз дерті өзінде, үнемі ел кезіп жүретін, айтқанға қарамай, бір жерде тұрақтап тұрмайтын адам.[71]

Kara başın götürüp dâ'im ilden ile gezer,
Dutarlar ise dahi eylemez karâr kalem.

Қара басын күйттеп, ел аралап, жер кезер,
Айтасадағы үгіттеп, қалам кімге сөз берер.

Физули келесі бір өлеңінде былай дейді:

Kalem olsun eli ol kâtîb-i bed tahrîrîn,
Ki fesad-ı rakamı, sûrumuzu şûr eyler

71 Сеферджиоғлу, Н., Жазу және жазуға қатысты атаулардың Диуан поэзиясындағы қолданылуы. e-kaynak: http://www.geocities.com/mseferciogluk/makaleler/divansiirindeyazi.htm

Gah bir harf sukutuyla kılar “nadir”i “nar”,
Gah bir nokta kusuruyla “göz”ü “kör” eyler.

Сауатсыздың қолы қалам боп қатып, құрасын,
Бір қателігімен тойлардың шырқын бұзбасын.
Бір әріпі кем болса, «надир» сөзі «нар» болар,
Бір нүктесі кем болса, «көз» дегенің «көр» болар.

Нашар жазған жазушының қолы қаламдай құрап қалсын. Өйткені оның жазбасындағы қателік бір тойдың шырқын бұзады. Кейде бір әріп кем болса, «надир» сирек сұлулық) деген сөзді «нар» (от) деген сөзге айналдырады. Кейде нүкте түсіп қалса, «көз»-ді дегенді «көр» (соқыр) қылады. (Османлы жазуындағы «сур» (үйлену) сөзіндегі «س» (Сӣн) әрпінің үстіне нүктелер қойылса, «ش» (Шӣн) болып, «шур» (қиын) деген сөзге өзгереді. Ал, «надир» (сирек сұлулық) деген сөздің ортасындағы «د» (дāль) әрпі түсіп қалса, «нар» болып оқылады; егер «көз» деген сөздегі «зе» (ز) әрпіне нүкте қойылмаса, қалады).

Фатих дәуірінің әйгілі ақыны Нежати Бей қалам туралы былай дейді:

Zahiri rast olup bâtını her kimin kec ise
Kalem gibi kat’edip dilin ondan iki dil.

«Сырты бүтін, іші түтін» адам көп,
Қаламдай қып тілін айыр шеменде п.

234Біздің әнұранымызды жазған марқұм ақынымыз Мехмет Акиф те қиындыққа ұшыраған уақытта және осы қиын сәттердің көрінісін өзінің шығармаларында бір сөйлеммен сипаттайды: «Қаламымның тамшылары – жанымды азап жаншығаны».

Ал, Фарук Нафиз бәлкім жазғандары үшін қиындыққа тап болған болуы керек, «Уа, қаламым, өртеніп жанамын! Жолына өмірімді атадым»,- деп өзінің күйзелісін білдірді.

Марқұм Махир Издің қайын атасы Мухиддин Райф Бей османлыша мен ағылшыншаны өте жақсы меңгерген мәдениетті

Ыстанбұлдық еді. Тіпті ағылшын тілінде рубайлар жазған-ды. Ол өзінің бір өлеңінде:

Görmedik bir hâme Muhyî, kilk-i î'cazın gibi,
Uçlarından gerçi kan damlar kalemler görmüşüz.

Талайды көрдік, е, Мухи, теңдесі жоқ сөз айтқан,
Қаламдай ешкім көрмедік тілінен кіл қан аққан.

Ал, Мухиддин-и Араби: «Қаламға сатқындық жасауға, оған селқос қарауға және оны қорлауға болмайды, оны көздің қарашығындай аялап ұстайды. Егер адамдар оның қасиеті туралы білсе, ешкім одан қашпас еді. Оған қол жеткізудің орайын жібермес еді. Оның жазған жай жазу немесе әріп қана емес. Бірақ онымен бір әріп жазылса, әріп те оған дұға етеді, өйткені ол әріпті жоқтан бар қылды. Егер онымен зікір немесе Құран немесе Пайғамбарға салауат жазылған болса, сол ұлы зікірден періштелер мен рухтар жаратылады. Зікір мен салауаттың соңы үзілмейді. Мұның бәрі бұл құлдың амал дәптеріне жазылады», деп, қаламға ерекше құрмет көрсетеді.

Қолына қалам ұстаған, жазбаға, жазуға және ізгілікті таратуға құштар көптеген қаламгерлер онымен сөйлесті, оны сөйлетті. Себебі қалам иелерінің жалғыз қаруы мен досы әрқашан қалам болған. Мехмет Ұлұ да қалам туралы бір кітабында мынандай жазған еді:[72]

«Ғашықтық дәптерде, кітап беттерінде жазылмаған. Ғашық болу – өзіңді тану, от ішіндегі қаламға айналу деген сөз. Алланың атымен ант етемін, әр әріпте, әр сөзде, әр сөйлемде қатар-қатар, тамшы-тамшы болып тұрған менмін. Бар мен жоқ, өмір мен өлім тайталасқан мақшарда есіркеу күтіп, мың өліп, мың тірілген әр пенденің азабы мен қуанышын сезінген де менмін.

72 Улұ, М., «Сомұнжұ Баба, Ғашықтың сыры», Каратай Академиясы, Кония, 2013, 13-б.

Біткен сайын көбейген, қанша жазса сонша жасайтын, өз құпиясымен бөлісуден қашып, ғашықтың құпиясына ұмтылатын қаламмын мен...

Маған «құпияңды аш!» дейтіндер мүмкін емес нәрсеге талпынады. Басымды алса да, сырымды ашпаймын. Алайда мен өз өмірімді тек ғашықтық жолында құнымның баға жетпес бағасына сатамын. Ол құндылық – Құдайдың құлының әлі жазылаған жолдарда менің атымнан ант беруі. Ол құндылық – қанымның әр тамшысының өшпес жазбалармен маған арналуы. Ол құндылық – жүрегімнің қарасын білдіретін сөздердің ақ парақтарға жазылуы.

Мен бір ғашықпын, ал кез келген махаббаттың бодауы болады. Ең жеңіл бодау – өзін құрбан ету. Мен махаббаттың ақыретіне өзімнің болмысымды сіңіру арқылы ғашықтықтың бодауын өтеттім. Мені ұстаған немесе ұстамаса да білетін әр қолдың өз құпиясын менімен бөлісуі мен төлеген азапты бодаудың сыйы болып табылады. Өте үлкен бодау бұл. Алайды, қандай аңыз үлкен бодау сұрамас еді?

Мен тағы, тағы, тағы да бір қаламмын. Өмір бойы басым денемді тұтам-тұтам тәрк етіп отырды. Қолына ұстағанның әрқашан құлы болдым. Сондықтан әлемдегі барлық ерлер мен әйелдер маған қолдарымен әмір етеді. Кейбіреуі жүрегінің үнімен шындықты айтқызса, енді біреулері азғындықтың азапты отын менімен тұтандыратын. Мен жазудан ұялдым, бірақ жазушы ұялмады.

Маған сап салмаңыз. Жаннан кешу қиын емес. Ең қиыны – өкпе-ренішке толы ауыр сөздерді жазып, сүйіктісімен айырылысу. Мен сөйлей беремін, қалаған өзін ұстасын, қалай айтуды білмейтіндер үндемесін. Үнсіз қалсын да, үнсіздіктің көп нәрсе айтқаннан артық екенін түсінсін. Өткен бір кезде мен қаламгерді былай жазғырған едім:

Ей, қолына қаламды ұстағандар! Ынсап қыл. Жүректі жаралайтын ащы сөздер әдемі жаратылған ауызға жараса ма? Алланың сөзі түскен парақтарда лас амалдар жазылған ба? Нағыз махаббатқа ұмтылғандардың қолынан, тілінен ащы сөз шықпайды. Алайда, жүрегі жалған махаббаттан мұз болып қатып қалған, бостан-босқа көздерінен қанды жас төккен, дірілдеген қолдардың ащы сөздерін жазу да менің бақытым. Жаным да, басым да қолдарында. Бірақ мен сол сұлу жүзді сүйіктінің есігінің алдындағы топырағын қатарынан суаруға құмармын. Менің әрбір әрпім тылсым. Ішімде телегей теңіз жасырынып жатыр. Сүйіктінің сұлулығын жеткізу тілге де, жарлыққа да сыймаса да, жүрегіме сыйғанына таңқаламын. Қара тілім мен қара көңілімді мекен тұтты. Мені қолына алған қаламгер: сен сып-сидам денеңе сенесің бе, әлде әдемі жүзіңдегі қара жазбаға ма немесе өткір тіліңе сенесің бе? Тіліңді безеп, менің тілегіме қайшы сөз сөйлеме. Сенің басың да, денең де маған кепілге берілген.

Үндемей қалдым!

Шындықты жазушының қолында, сүйікті күннің айналасында махаббат деп шыр айналған періштелердей күй кешсем, ал, Хаққа қарсы шыққандардың қолынан күндіз-түні көзімнен қанды жас төгемін. Менің басымды алып, қанымды тылсым жолақтарға төккендерді соңында ешкімнің де ұнатпайтынын олар білмесе керек. Жаным қолдарында кетеді шырылдап. Қабық сәлдемнің, жазбай жатып отқа түскен басымның тыс жарар халы бар ма? Ей, жүрек! Ішіңде махаббат отына күйген қара қанжар болмаса, басыммен бірге сен де кет. Өйткені бұл құрбандық сенің шаруаң емес. Бұл менің шаруам. Менің ісім. Менің міндетім…»

Көрнекті мәдениет қайраткерлерімізден бірі Доған Хызлан, менің қаламдас досым. Әр көйлегіне қарай әр түрлі қалам қолданады. Демалыс күндеріндегі қаламдар басқа, жұмыс уақытында қолданатындары басқа. Әдетте қаламдарымен жиі сөйлеседі.

«... сияқалам, менің өзгермес сүйіктім, көңілімнің сұлтаны. Өмірімдегі өз орнын білгендіктен, жасырын махаббатымды да кешірді... Қара түсті сияқаламыма адалдығым мәңгілік. Мәңгіліктің символы. Ал, басқалары – шын жүректен шыққан шытырман оқиғаларым, жалтақойларым, сән қуып, өзгеріс іздеген рухымның саусақтарындағы тап іздері. Қаламдарым менің айтайын дегенімді түсінеді, оларға сенемін. Менің оларға деген күтімім, оларды қораптан шығарып, тазартуым – махаббаттың қамқорлықты қажет ететіндігінің белгісі. Нәпсі міндетті түрде жыныстық тұрғыдан ба? Жауабын өзіңізге қалдырайын. Қаламдарымның жеке құпия сырлары бар. Істей алмағандарымды, айта алмағандарымды, ұмытқандарымды және ұмытқым келетіндерді, әрқашан олармен жаздым. Мүмкін менің қаламдарыма деген құштарлығыма айналды.

... Жақсы бір сияқаламмен махаббат хатын жаздың ба? Қаламдарымның есінде жоқ. Олай болса сатқындыққа балайтын еді. Жоқ. Ең алдымен, қалай жеткізетінімді білмемін, жазып біткенде сүйіспеншілігімді жеткізе алмадым деп хатты жібермедім. Мен сүйіспеншілігімді көзге қарап тұрып айтқым келеді, сол сәттегі толқыған көңіл-күй мүлде басқаша. Ғашық дерті – кездескенге дейінгі зарығу. Әлде қолым жетпей жүрген қаламның қамықтырғаны. Махаббатта теңдік бар ма? Жоқ, қаламның мені сүйгеннен гөрі, мен қаламды өте сүйемін». (Хүрриет, 01.08.2008)

Тек Доған Хызлан ғана ма? Жоқ, қаламға деген сүйіспеншілігі басым қалам шебері Енис Батур, сия дәуірі көрмесінің сәулетшісі, «Язбоз»-да қалам туралы былай дейді:

«Менің негізгі жазу құралдарым бір негізгі, алты өгей, бір қосалқы жетек және он шақты кесік ұшты сияқаламнан тұрады.

Оларды алмастыратын, қолдайтын тағы бір қосалқы жазу құралдарымның жиынтығы да бар: бес-алты тал қарындаш, ұштары әр түрлі қалыңдығы хұснихаттық қаламдар, екі бояу қарындаш, бір майқалам. Хұснихаттық қаламдарды сызғанда, қалғандарын қосымша жұмыстарға қолданамын (көбінесе ескертулер).

Сондай-ақ, «арнайы» сияқаламдар – барлық сыйлықтар – жазу үстелімдегі қаламсауытты безендіріп тұрады, оларды онша қолданбаймын. Алдымда он сиясауыт тұрады: қара, қаракөк, көк, күрең, қою қара, қою жасыл және сұры. Менің тартпамдағы картридж қораптары да түрлі түсті. Көңіл-күйіме байланысты түстерді өзгертіп қолданып отырамын. Мен отыз жыл бойы ұшы кесік сияқаламмен жазып келемін. Өлген сияқаламдарымды сақтап қоямын, оларды лақтыра алмаймын: жақсы-жаман болсын, қайсысымен қайсы кітаптарымды жазғанымды білемін. Сияқалам шынымен өле ме, неге өледі?

... Мен көбінесе жолақты ақ қағаздардан жасалған қойын дәптер мен әдеттегі дәптерге жазамын. Жазуым әдемі болғанымен, оқылмайтынын айтады көргендер. Дәптерлерімнің бірін көрген адам өте ұқыпты, таза жазуды көргенде таң қалар еді. Алайда, жақыннан қарағанда әріптерім мүлдем сәйкес келмейді, жазуымның оқылуын қиындататын да осы ерекшелік. Сөздердің буынына, нүктелі немесе бас әріппен жазылған сөздердің санына қарай әріптерімнің формасы да әр түрлі болып келеді. Ендеше, мұны түсіну үшін қолжазбаны жақсылап түсіну керек. Сонымен қатар менің жазу шапшаңдағым да жазуыма әсер ететіндігін байқауға болады. Орхан Памук өзінің мақалаларының бірінде күніне орта есеппен 0,75 бет жазатынан айтқан еді, менің жазғандарым күніне орташа 2,5 бетті құрайды, мен осы орташа ырғақпен жазған кезімде жазуым онша өзгермейді, ал, егер мен үш-төрт аптаның демалысына шықсам, онда жазу қарқынным да үш-төрт есе артады деген сөз.

Әрбір жазушы сияқты, менде де «кежегемнен кейін тартар» әдетім бар, олардың бірі: бір мәтінді әртүрлі қаламмен сілтеме жасай отырып жазғанды ұнатпаймын. Сонда да жазу жылдамдығым бабына келіп тұрғанда, шоғырланған зейінім шашырамасын деп анда-санда сияны кептіру үшін үзіліс жасауға да тартынамын, керісінше қалам ауыстырып алып, ат ауыстырып ұзақ жүретін асығыс жолаушыдай көсілтіп отырамын».

Кейбір қалам иелерінің мәселеге көзқарасы біраз сезімтал болады. Аса қалам құмар Али Чолак, қолына біраз ақша түссе, бірден сияқалам сатып алатынын айтады. «Мен сыртқа шықсам, шапанымның қалтасына кем дегенде үш сәнді сияқалам салып шығамын. Қаламға деген әлі басылмаған «құрметімнің» немесе «адалдығымның» көрінісі ретінде қаламды қалтама салып жүремін. Бұл сүйіспеншіліктен бас тартпасам да, шығармаларымды компьютер пернетақтасы арқылы жазуды қаламға деген опасыздықтай көремін». Али Чолактан бұны білгенде, «Ал, мен не істеп жатырмын?» деп өзім туралы ойлап көрдім. Шынымды айтсам, бұл сыныптан өттім дей аламын. Мен өзімнің барлық жазбаларымды және кітаптарымды алдымен, сияқаламмен жазып алған соң, оларды табиғи түрде пернетақтаны жақсы қолданатын көмекшілерім Пынар мен Несліге беремін. Олар оны технологияның тіліне аударады (Қолдарына дерт бермесін!). Бірақ бұл ұстанымым «технологияға немқұрайлықты» білдірмейді. Себебі мен оларды өте жақсы қолданамын. Бірақ «жазу» құралы ретінде емес.

Білікті зерттеуші Мехмет Ниязи ағамыз, қаламды бүгінгі таңда қарабайыр жазу құралына айналды деп ойлайтындарға ренжиді. Өйткені ол қалам да технологиялық өнім екенін алға тартады. Бізге мүмкіндік беретін технологияның бүкілдей тұтқындап алғанын айтады. Қаламмен жазу ойлауға жетелейтіндіктен, компьютерден гөрі қаламды артық көретін Ниязи, компьютермен жазғанда ойлана алмайтындықтан жылдамдыққа беріліп, тез бірақ мағынасыз жазудан қорқып: «Адамдар қаламға опасыздық жасауда. Алайда, қалам – өмірдің рухы, оның жан тамыры. Ол ғасырлар бойы халық әндері мен теңеулерге арқау болды. Егер адамдар сол рухқа сәл де болса қайта орала алса, оны жанымен сезіне алса, технологияны өзіне құл етер еді. Басқаша айтқанда, технологияның тұтқыны болмай, керісінше, дамуды өз рухына бейімдейтін еді», – дейді.

Очерктерін сүйсініп оқитын құрметті ұстазымыз Назан Бекироғлу өзінің «Қалам очеркінде» қаламға, жазуы мен қағазға ұзақ талдау жасайды (Ярын, 05.08.2006):

«...Егер қалам болмаса, дұғалар, халықаралық келісімдер, сот үкімдері, сауда келісімдері, барлық келісім-шарттар, көріпкелдік, сиқыр, дәрі-дәрмек, жұлдыздар және осыларға қатысты барлық ақпараттар мен анықтамалар, сондай-ақ, пәлсапа, тарих және әдебиет туындылары бәрі не болар еді? Жазушы осылардың бәрін жазып, соңына өзінің аты-жөнін қалдырады. Папирус пен теріден жасалған қағаз бумалары, ойма жазу үлгілері кітапханаларда сақталады.

... Ибн-и Арабидің пікірінше, қалам ең әуелі жазу құралы, егер оған қанағаттанбаса оны ұстаған қол, ал егер оған да қанағаттанбаса, түрлі деңгейде, қатар-қатар, тізбек-тізбек көптеген мағынаны білдіре береді. Елмалылы бастаған кейбір тәпсіршілер, иlahи қаламның жазбасы әлі аяқталған жоқ деген пікірде.

... Мұсылмандық шығыс дәстүрінде қалам әрқашан да қамысқалам болып саналады. Қаламның өзіне тән қасиетті мағынасы мен ауыспалы мағынасын да қатар қамтитындықтан, бұл артықшылығы қамыспен арадағы жүйелі байланысынан туындайды. Бұның ең жақын және терең түсіндірмесі «Мәснәуи»-дің алғашқы он сегіз шумағында кездеседі. «Қамыстан тыңда» деп басталатын жиырма бес мыңнан артық бейттен тұратын үлкен шығарма саналатын «Мәснәуи»-дің алғашқы он сегіз шумағында айтылғандай, Мәулана оны өзінің қалампыр аңқыған сүйрік саусақтарының арасына қысып ұстаған қамысқаламымен қағазға бір тамшы сия тамызбастан жазып шығады. Есік алдында ойнап жүрген немере, үй ішінде шәрбат қайнатып жатқан жас келін. Өмір жалғасуда, қамыс күңіреніп, қалам жылайды, қамысқаламның сықырлағанын тыңдап отырып жазылды бұл еңбек.

Екеуі де қамыс. Екеуі де атамекенінен айырылған. Екеуі де әрнені еске түсіреді, қайта келмес өмір сәттерін еске түсіру азапты сезім сыйлайды. Екеуі де қасірет шегіп, ішкі дерттерін ақтара-

ды. Дыбыс немесе жазу, нәй немесе қалам. Екеуі де сыр шертеді. Сыр – барлық нәрсені, бүкіл болмыстың мағынасын, себебін біліреді. Жасау да соншалықты оңай, бір буда қамыс жетеді. Қамыс ішкі дертін әлде бір дыбыспен, тыныспен және қандай да бір әуеспен сөзге айналдырады. Қалам тыныш, үн-түнсіз тұра береді. Жазғанының біліну, таралуы қандайда бір талапты, еңбекті қажет етеді. Сондықтан шақырмаса бармайды, бірақ шақырғаннан қалмайды.

... Қаламның ұшы өткір болады. Алайда, аузына келгенді айтуды мақұл көрмейді, одан талап етілетіні де көмпіс өткірлік. Егер ол айтылмаған сөздерді, атаусыз сезімдерді жаза бастаса ше? Егер оның өз еркі болса ше? Сонымен не істеу керек? Қалам тілден батыл, жазу сөзден түсінікті. Немесе қаламның бас көтеріп, қарсыласуы керек пе? Әлде сол арандатушының, басбұзардың қылша мойынын кесу керек пе?

Қаламды ондайға қию мүмкін емес. Ол қанша бас көтергісі келсе де, қаламның аты қалам. Қалам – маңдайына жалғыздық жазылған хұснихатшының жалғыз серігі. Хұснихатшының көркем жазуымен қатар, оның қаламмен байланысы туралы көптеген әсерлі әңгімелердің айтылуы бекер емес. Басқа заттар сияқты, қаламды да бисмилламен ұстайды. Оны белдікте қыстырып немесе баста, қалпақтың қайырмасының арасында салып алып жүреді. Ол жерде гүл мен хат та қыстырып жүреді. Кішірейіп тозған қаламды жазғандарының қасиетіне байланысты аяқтың астына тастамайды, көмеді. Жонып ұштағандағы қалам жоңқаларын да лақтырмайды, жерлейді. Кейде тіпті хұснихатшының көзі тірісінде ұштаған қаламдарының жоңқаларын ол қайтыс болғанда өсиет бойынша мәйітін жуындырар суды жылытуға жаратады. Құлпытасшы қаламынан шыққан хұснихат та болады. Құлпытасқа ұшталған қыны бар қанжар, желкені сынған кеме суреті де өлімді бейнелейді. Бірақ өлім де қаламмен мағыналы жазылады.

... Қалам – жазудың кішіпейіл, үнсіз серігі, мұндасы, айрылмас досы. Бүкіл оқиғаның бағаланбаған, тасадағы, елеусіз кейіпкері. Бірақ ол нағыз қаһарман. Оқиғаның нағыз жазушысы болғанымен, оның сыртында қалу қаламның маңдайына жазылған жазмышы. Үнсіз, барлық әрекеттеріне қарамастан, әрекетсіз көрінетін қызметкер. Ешқашан қайта жазылмастай өлмес шығарма жазса да, қаламның аты да аталмайтыны қандай бір қиын тағдыр десей ше? Тек оның жазғандары ғана оқылады».

Қалам біздің халық әндеріміз бен толғауларымызда жиі аталып, лайықты орнын алды. Кейде онымен мадақ айтылса, кейде шағымды жеткізді, кейде қалам сынығы таяқшаға, кейде сүйіктінің сұлу қасына теңелді. Ол туралы барлық халық әндері мен толғауларды осы араға топтау мүмкін де емес, әрі қажеті де жоқ. Мұндай зерттеуді тек әдебиеттанушы ғалымдардың еншісіне қалдырып, бірнеше мысал ғана келтірейік.

Пір Сұлтан Абдалдың атақты өлеңінің бірінші шумағында:

Kul olayım kalem tutan ellere,
Katip, arzuhalim yaz yâre böyle,
Şekerler ekeyim şirin dillere
Katip, arzuhalim yaz yâre böyle.

Құл болайын қалам тұтқан қолдарға,
Тілегімді жаз осылай, шайырым.!
Бал болайын шырын тілді таңдайға,
Тілегімді жаз осылай, шайырым! –

деп шайырға жаздырғысы келген, өзінің сүйіктісіне деген сезімін жеткізгісі келеді. Бұл сүйіктісіне жазылатындықтан, қалам ұстап жазып берген шайырдың қолына да құрбан болғысы келеді. Керек десе, тілекті жазып беруші дөрекі біреу болсын, мейлі.

Бафра жақтың халық әнінде:

Al eline galemi
Yaz başına geleni
Doktor rapor vermiyor
Sevdalıktan ölene

Қаламыңды қолыңа ал,
Қасіретімді жазып ал.
Ғашықтықтан өлгенге,
Рапор бар ма жазылар?

Диярбакыр жақтың халық әнінде:

Kalemi kaşta koydun
Gözümü yaşda koydun
Seni bir yad ettim
Beni ateşte koydun

Eğildim kelep ettim
Şam yolun Halep ettim
Bir vefasız yar için
Ömrümü telef ettim

Қаламды қасыңа баладым,
Көзімді жасыма бұладым.
Өзіңді есіме түсірдім,
Сезімнің отына орадың.

Тұтқын боп ішінде қапастың,
Жол таппай қаншама адастым.
Бір сұлу опасыз жар үшін,
Құр босқа уақыт санаппын.

Абдуррахим Каракочтың әйгілі «Михрибан» өлеңі ән ретінде де кең таралған:

Yar deyince, kalem elden düşüyor
Gözlerim görmüyor, aklım şaşıyor
Lambamda titreyen alev üşüyor
Aşk, kağıda yazılmıyor Mihriban

Жар дегенде, қалам қолдан түсердей,
Көз байланып, ақыл-ойым бітердей,
Көңіл шамы жаурайды үсердей,
Ақ қағазға жазылмайды Михрибан.

Ерзурум жақтың халық әніндегі «Сары келіншек» атауы белгілі:

Erzurum çarşı pazar
İçinde bir kız gezer
Elinde divit kalem
Katlime ferman yazar

Ерзурум шаршы базары
Ішінде бір қыз барады.
Қолында дәуіт, қаламы,
Өлімге пәрмен жазады.

Сакария жақтың халыық әнінде:

Allı yazma başında
Kalem oynar kaşında
Ben bir yeni yar sevdim
On üç on dört yaşında.

Қызыл жаулық басында,
Қалам ойнар қасында,
Бір сұлуды ұнаттым,
Он үш, он төрт жасында.

Нури Сесігүзел айтқан халық әнінде:

Derdimi söylemekle bitmiyor kalem
Gün geçer geçmiyor bendeki elem
Her gün türlü türlü bulur dert beni
Bütün dertlerimi yaz benim kalem

Yaz nameyi kalem kareli olsun
Yer de benim gibi yaralı olsun
Eğer acımazsa benim derdime
Bir derdi yok iken bin derdi olsun.

Жазса да, бітпес дертім еш қандай,
Күн сайын үдеп бара жатқандай.
Күн сайын түрлі дерттер жамалар,
Дертімді, қалам, жазшы тоқталмай.

Жазшы, дәптердің жолағы толсын,
Қара жер мендей жаралы болсын.
Егер, дертіме жаны ашымаса,
Бір дерті жоқта, мың дерті болсын.

Қаламның ауыз әдебиетіміз бен халық әндерімізде әртүрлі форматта қолданылып келгенін көреміз. Жоғарыда айтылғандай, бұл мысалдарды көбейте беруге болады.

Қолына қалам ұстаған барлық қалам иелерінің, атап айтқанда ойшылдарымыздың, жазушыларымыздың және суреткерлеріміздің қалам туралы жазғандары мен айтқандарын бірнеше егжей-тегжейлі жинақтап көрсетуге талпындым.

Қалам туралы жалпыға мәлім көптеген нақыл сөздердің бар екеніне сенемін.

Мысалы, Булвер Литонның «Қалам қылыштан үстем» деген сөзі сияқты. Кейінірек бұл сөз тіркесі туралы кітаптар жазылып, баяндамалар айтылды. Мемлекет қайраткерлері де осы анықтамаға сай келеді. Осы анықтамамен оларды «көгершін» немесе «сұңқар» деп бағалауға болады.

Сервантес: «Қалам – ақылдың тілі», – деген.

Жеймс Хоуэлл: «Бұл әлемді қалам, қағаз және сия басқарады», – деп идеяны көрсететін құралдарының маңыздылығын атап өтеді.

Жон Адамс: «Қалам – адамның назарын аударып, оның құмарлығын оятатын тамаша құрал», – деп қалам қуаты күшті адамдардың қолынан барлығы келетін баса айтады.

Ал, Малкольм С.Форбес «Қағазға тиетін қалам сіріңкеден гөрі көбірек от шығарады», – деген екен.

Осы тақырыптағы жазбамызды Наполеонның келесі сөздерімен аяқтауды жөн көрдім: «Әлемде екі ұлы күш бар, оның бірі – қылыш, екіншісі – қалам. Бірақ қаламның күші ерте ме, кеш пе, қылыштың күшін жеңеді».

Қаламның сұлулығы: М. Бедреддин Ахыр



Өздері шұғылданған істің тіпті де тереңдеп дами түсуіне үлес қосатын адамдар өте аз, өйткені жұмыс істегенде, әлде нені өндіргенде, қандай да бір туынды жасаған кезде санаткер тек өз жұмысына ғана баса назар аударады. Ол оны жарыққа шығаруға тырысады. Тіпті сол өнерінің шыңына жетсе де, сол өнер туралы тарихи, әлеуметтік, қоғамдық және салалар аралық барлық мәселелер бойынша зерттеу жүргізетіндер онша көп емес. Алайда, бұған үлкен қажеттілік бар. Кем дегенде болашақ ұрпаққа дерек-көз қалдыру және болашақта сол жұмысты жасайтындарға бағыт-бағдар беру қаншалықты құнды. Адамдар өздері қол жеткізген нәрселердің мәңгі солай бола беретіні туралы сезімге көбірек беріледі де, оның жоқтығын немесе бір күні жоғалып кетуі мүмкін екенін ешқашан ойлай бермейді. Ақын қандай әдемі айтқан:

Geçti mâzi, çekme istikbale gam,
Gün bugün, saat bu saat, dem bu dem

Болашағыңды жоғалтпай тұрып бағдарла,
Уақыт барда, орайың бар да, дем бар да.

Адамдар қолдағы бары жоғалған кезде ғана, өткенін, келмеске кеткен шағын, жоғалтып алған болашағын қайта табуға құлшыныс жасай бастайды.[73] Жазудың (хұснихат) бір өнер, өнер болғанда да аса маңызды бір өнер екендігінде еш күмән жоқ. Жазудың (хұснихат) ғылым екендігіне де ешқандай талас жоқ. Алайда жазу ғылымы туралы егжей-тегжейлі және түсінікті түрде жазылған еңбек те өте аз.

---

73 «Қаламның сұлулығы»-ын баспаға дайындаған Уғұр Дерманның алғысөзі.

Жүздеген атақты хұснихатшыны дайындаған бұл өркениеттің, жазудың бір «ғылым» екендігін түсіндірген туынды XX ғасырдың ортасында өмірге келсе де, бірақ сол туындымен тек XX ғасырдың үшінші ширегінде ғана кездестік. Мен «Қаламның сұлуы» туралы айтып отырмын.

Мен өзімді «жазу» ғылымында жаза алатындай құзыреттемін деп ойламаймын және «жазу» ғылымынан толық хабардар адам ретінде де көрмеймін, өзімді тек қана көшенің бұрышында қалған құндылықтарды жарыққа шығаруға талпынған «қазбагер» сияқты санаймын. Қазіргі таңда осы тақырып бойынша білгір ұстаз Уғұр Дерманның (Алла оған ұзақ ғұмыр берсін) арқасында шыққан (оны баспаға дайындаған) үш томдық керемет туынды бар.

Мен осы мақалада аталған еңбекті жазған адамды таныстыруға, дәлірек айтсам, жеткізуге тырысамын. Бүгінде «жазу» өнерімен қатысты көптеген өнер түрлеріне (хұснихат, мәрмәр қағаз, ою-өрнек) қызығушылық танытатын және осы мәселелер бойынша терең зерттеулер жүргізген ғалым Уғұр Дерман тарапынан баспаға дайындалып, жарық көрген «Калем Гүзелі» (Қаламның сұлуы) – осы тақырыпта жазылған ең талғампаз еңбек екеніне еш күмән жоқ. Өкінішке қарай, марқұм Махмұд Языр бұл керемет туындының баспадан шыққанын көре алмады.

Уғұр ұстаз бұл еңбекті «Кунз-у махфиенің мифтахы»[74] қолжазбасынан қотарып дайындап, Түркия Дін істері басқармасынан шығаруға мүмкіндік алды. Уғұр Дерман осы шығарма туралы өзінің ойларын былайша түсіндіреді:

«Аллаға сансыз шүкірлер болсын, Махмұд Языр атты шын ықыласты бір адам шығып, ойына алған нәрсесін, тіпті көп адамның ойына келмеген нәрсені де ең әдемі және әдеби түрде

74 Құпия қазынаның кілті

жаза білді. Біздің буыннан осындай керемет талантты адамның шықпағанын, шықпайтынын мойындау парыз. Себебі осы стильде жан-жақты жаза білу үшін кейбір мәліметтерден толық хабардар болу керек еді, алайда біздің буын ұрпақ ретінде ондайдан айырылып қалдық.

Сонымен, бұл Махмұд Бедреддин Языр деген кім? Қаласаңыз, ол жайлы ең жақын достарының бірі, ақын Кемал Едип Күрікшуоғлуынан тыңдайық:[75]

Марқұм Махмұд Бедреддин Язырмен Қорлар басқармасында Қайидер қорының (әлде Кюуд-и Кадиме ме?) кеңсе бастығы болып жүрген кезінде, сол кездегі Басқарма жанындағы Қосымша қорлар бөлімінің директоры Халим Баки Кунтер арқылы 1939 жылы таныстым. Біздің сыйластығымыз ол директор қызметіне тағайындалғанда да, Тіл және тарих-география факультеті мен Анкара университетінің кітапханасын басқарған кезінде де, аталған факультетте өзінің негізгі қызметімен қоса «Осман палеографиясынан» дәріс берген жылдарында да тоқтаған жоқ, Құдайға жақындап, мәңгілік пен тыныштыққа бет бұрғанға дейін де оған деген ерекше ізет-құрметіммен, үнемі әңгіме-дүкен құрумен үздіксіз жалғасты.

Бұл адам, бұл керемет тұлға, тамыры, терең білім алған, кемел ғалым болды. Ол Ислам ілімінің жоғары мамандандырылған мектебін (Медресет-үл Мутехассисин) бітіріп, философияға маманданған. Ол өмірінің соңына дейін «Дерс-и Әм» атағына ие болды. Сондай-ақ, Құранды жетік меңгерген керемет хафиз еді. Османлы қорының төрағаларының бірі елмалылық атақты аудармашы Күчүк Мұхаммед Хамди осы Язырдың інісі болатын. Ғалым болумен қатар, дін қызметкері болды!

Керемет хұснихатшы болды.

---

75 Қаламның сұлулығы, 1-том. х-б.

Оның атақ-даңқы туралы айтуға хақым жоқтай сезінемін. Фатихтегі Искендер Паша мешіті мен Анкарадағы Бахчелиевлер мешітінде және тағы да Анкараның Денізжілер көшесінде Уакыфлардың арменияльық сәулетшінің табиғи қателігінен михраб құбылаға қарамай қалған мешіттегі маңдайша жазулармен қатар, кейбір мақалалары жарияланған «Исламның Нұры» журналының бір нөмірдің мұқабасындағы маңдайша және 1951 жылы Тіл және тарих-география факультетінің бір топ студенттері Пәкістанға барғанда сол елдің құтқарушысы әрі құрушысы Мұхаммед Әли Жиннахтың кесенесіне іліп қою үшін алып кеткен бірнеше маңдайша да оның қолынан шыққан. Мұхаммед Хамди Язырдың Дін істері басқармасы тарапынан шығарылған «Хақ діннің Құран тілі» деп аталатын тоғыз томдықты түсіндірмесінің мусхаф мәтіні де оның туындысы болып табылады. Ибн-үл Емин Махмұд Кемал Инал өзінің «Соңғы хұснихатшылар» атты кітабының 200-бетінде оның хұснихаттары туралы терең де ауқымды болмаса да, азды-көпті мәліметтер беруге тырысады.

Оның «Ескі жазбаларды оқудың кілті» және «Сиякат әліппесі» деп аталатын екі туындысын Қорлар басқармасы шығарғанымен, көп ұзамай таусылып кетті. Осы орайда, өте үлкен қажеттілікті қанағаттандыратын, барлығы іздейтін және басып шығарылуына аздап болсын көмегім тиген осы екі шығармасын марқұмның үйінде сақталуы мүмкін түпнұсқаларымен салыстырыла отырып қайта басудың ерекше қажеттілігін білдіргім келеді.

Өмірінің соңында, біраз уақыт өз үйінде және екі аптадай Анкара Нумуне ауруханасында емделіп жатқанында көңілін сұрай барғанымда, дәрігерлер оның миында ісік бар деген диагноз қойғанан өз аузынан естіген едім. Марқұм 1952 жылы 1 желтоқсанда қайтыс болды. Артында үш ұлы мен екі қызы қалды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде әйгілі неміс қолбасшысы Рабе Бейн атындағы Әскери оқу-жаттығу орталығында үш жарым жыл офицерлер даярлаумен де айналысқан марқұмның

ресми және егжей-тегжейлі өмірбаяны Қорлар басқармасының кадр бөлімінің мұрағатында.

Марқұм ұстаз Ыстанбұлда дүниеден өтіп, ағасының жанына жерленгісі келетінін жиі қайталап, осыған байланысты Құдай тағаланың рақым күтетін. Алла дұғасын қабыл қылып, өтініші орындалып, Сахрайы Сидид зиратында жатқан ағасының қасына жерленді.

Қазір өзі де Алланың рахметіне қауышқан Кемал Едиб бейдің осы тұшымды жазбасынан кейін Махмұд Бедреддин Язырды енді Уғұр Дерман ұстаздың қаламымен баяндағым келеді:[76]

Махмұд мырза Конституциялық монархия кезінде Елмалыдан Ыстанбұлға келіп, орта мектепте білім алғаннан кейін Нуруосмание медресесіне түсті, сол уақытта ол хұснихатпен (көркемжазу) айналыса бастады.

Ол алдымен ағасынан үйренді. Елмалылық Хамди Әфенди (1878-1942) көбінесе тәфсірімен танымал болған. Алайда, оның жас кезінде хұснихат өнеріне қызығушылық танытып, Баккал Ариф Әфендиден (1830-1909) сүлүс-насих, Сами Әфендиден (1838-1912) талих және жели сүлүс үлгілерін үйренгені, сол дәуірдегі ең атақты екі хұснихат шеберінен тәлім алғаны көп айтыла бермейді. Сол кезде ол тіпті насих үлгісімен ғылыми лицензиялар жазып та қажеттілігін айыратын.

Өзімен бірге сол екі ұстаздан хұснихат тәлімін алған Нежмеддин (Окиай) Әфенди ұстазы туралы: «Егер Хамди Әфенди ғылымға қызығушылық танытқаннан гөрі, өзінің уақытын жазуға көбірек жұмсаса, онда әлемде бірде-бір хұснихатшының атағы болмас еді», – дейді.

Ағасы туралы Хамди Әфендидің әр екеуімен де тығыз байланыста болған адал дос Нури Арсалеске айтқандарына тоқтала ке-

76 Дерман, У., «Алғысөз», Қаламның сұлулығы, 1-том, XII-б.

тейін: «Ағамның ғылымға деген қабілеті менен артық, бірақ ол ұстазын таппады».

Махмұд Әфенди Нуруосмание медресесінде оқып жүргенде, Ракым Бейден (1874-1949), одан кейін Хулуси (1869-1940) мен Өмер Васфи (1880-1928) мырзалардан, ал Масихат Мектуби Калемде (1871) жұмыстаған кезінде Азиз Әфендиден (1871-1934) хұснихаттың әртүрлі үлгілерін үйренеді. Алайда оның қызметтік міндеттерінің салмағы оның осы өнермен дұрыс айналысуына және кемелдікке жетуіне мүмкіндік бермеді. Негізі, жазуды жазу және жазуды түсіну бір-бірінен бөлек мәселелер. Махмұд Языр хұснихат өнеріне таза қуаныш пен философиялық көзқараспен қарауды білетін жалғыз адам болған шығар. Абыз автордың қасиетті кітабын оқыған адам, шығармада нелер айтылғанын біледі.

«Калем Гүзелі»-нің – хұснихат өнерінің стилі, мазмұны және көлемі жағынан бұрын-соңды болмаған алғашқы кітап екені даусыз.

Әр екі атақты тұлғаның айтқандары мен естеліктері Махмұд Бедреддин Язырдың қалам мен жазға деген танымы мен ғылыми көзқарасы таралы құнды мағлұматтар береді. Мәдениетіміз бен өркениетімізде маңызды орны бар марқұмның бұл туындысының қайта басып шығарылуын және университетімізде оның атына ғылыми зерттеу орталығының құрылуын шын жүректен тілеймін.



Қалам ісі (нақыштау)



Көптеген көркем өнер салалары қаламның көмегімен жүзеге асырылады. Сол себептен де өнердің сол салаларының атауына «қалам» анықтамасы қосылып қолданылады қолданады.

Осы өнер салаларында қолданылатын құралдардың барлығы дерлік қалам емес. Алайда қаламға деген құрметтен болса керек, қолданылатын құралдардың басқаша болғанына қарамастан оларға да «қалам» делінген. Осы құралдардың көмегімен жасалған істерге «қалам ісі»[77] немесе «калемкар» деген ұғым қолданылған.

«Қалам ісі» деген ұғым дұрысырақ деген ойдамын. Өйткені «қаламгер» деген термин бойынша әдебиетшілер, тілшілер арасында дау бар. Кейбірлері «қалам»-ға «гер» жұрнағы жалғанғанда «қалам ісі» деген мағынаға сай келетінін, оған тағы қосымша «-лық» жалғауы керек емес дегенді жақтайды.

«Қалам ісі», яғни, нақыштау/безендіру – көркем өнердің көптеген саласында қолданылатынын айтқан болатынмын. Осылардың бірнешеуіне қысқаша тоқталып, ең көп қолданылатынын егжей-тегжейлі айтуға тырысамын.

Көркемөнершілер, өздерінің туындыларында тек өз сезім, таным, көзқарас, талғам, сенім және тебіреністерін емес, сонымен

---

77 қалам ісі – қалам немесе соған ұқсас құралдар арқылы нақыштау немесе безендіру: діни және басқа да құрылыстардың ішкі қабырғалары, күмбездері, доға арқалықтары мен төбелеріндегі сылақ, ағаш, тас, мата немесе тері сияқты материалдарға түрлі-түсті бояу мен сүрме жағу немесе алтын-күміс жалату арқылы әшекейлі, ою-өрнекті, бедерлі, оймалы, нақышты безендіру, әрлеу.

қатар өздері өмір сүрген қоғамдық ортаның құндылықтарын да суреттейді. Осы себептен бір өнер туындысы өзінің көрерменіне бір жағынан тебіреніс сезімін сыйласа, екінші жағынан сол кезеңнің адамдарының өмірге деген көзқарасын, құндылықтарға қатысты пайымдарын, мәдениеті мен өркениетін жеткізеді. Басқаша айтқанда, өнер туындысы өзі тиесілі қоғамның мәдени төлқұжаты секілді.

«Ислам өнері осының көмегімен өзіне тән ерекшелік пен сипатқа ие болып, Батыс өнерінен мүлдем басқаша бағытты бетке алған. Өзіндік геометриялық композицияларымен, мукарнастарымен (Ислам архитектурасында араның ұясындай шоғыр-шоғыр, үсті-үстіне келген пішіндер мен нақыштар арқылы безендіру мәнері), хатаи және руми нақыштарымен теңдессіз өнер бірегейлігін қалыптастырды».[78]

Тоқылған ақ бөздің үстіне щетка немесе қылқаламмен салынатын нақыштарды тоқыма өнерінде «қалам ісі» деп айтылады. Бұл жерде щетка немесе қылқаламды қалам деп айтылады.

Әрлеу жұмыстарында қалам ісі ұзақ жылдардан бері ішкі сәулет өнерінде ғимараттың қабырғасы, төбесі және күмбездердің бояу және щетка немесе қылқаламмен жасалатын жұмыстың атауы ретінде қолданылып келеді.

Мәрмәршілер қолданатын темір істіктен жасалған ұшы алмас құралдар да қалам деп айтылады. Айналамызда кездесетін мәрмәрдан жасалған ескерткіштердің барлығы осы темір қаламдармен бедерленген.

Ағаш ойма өнерінде, ағаштың түбірін түсіріп бастап, қалған бөлігіне ою-өрнектерді ойып, бедерлеп жасауда қолданылатын

78 Кабакчы, Б., «Мешітті безендіру жұмыстарының мақсаты, ағымдағы мәселелері, күтілетін нәтижелер мен шешім жолдары», «Kalemişi» журналы, 1-том, 1-сан, 2013, 32-б.

болат темірден жасалған, сабы ағаш құрал-саймандарды да қалам деп атайды.[79]

Жоғарыда аталған әдістердің ішінде ең көп қолданылатын «қалам ісі», әдетте ғимараттардың қабырғалары мен күмбездеріне қолданылатын тәсіл.

«Түрік нақыштау өнерінің түп-тамыры Орталық Азиядан бастау алған VIII-IX ғасырлардағы көне түрік халықтарының өнерінен басталып, түріктердің ұлы көшімен бірге Анадолыға келіп, өркен жайған. Кара Хоча мен Безеклік қабырға бедерілі, нақышты безендірулер түрік сәулет өнеріндегі өрнектердің өзегіне айналған. Түріктердің Ислам дінін қабылдауы және нақышталған өрнектер мен композициялардың Ислам өнерімен сәйкес келіп ұштасуы осындай сәулет заңдылықтары мен тәжірибелерінің дамуына жол ашты. Орталық Азиядан Анадолыға дейінгі өмір тәжірибесі мен тарихи үдерісте кемелденген, сондай-ақ, Исламды қабылдаумен қатар дамыған классикалық сәулет өнері мен осы өнерлердің өзегі болған нақыштау өнері ілгеріндi-кейінді Селжұқ сұлтандығы, Анадолы Селжұқтар, Бейліктер дәуірі, Османлы дәуірінің алғашқы кезеңі, Османлы империясының классикалық кезеңі, Республикадан кейінгі және бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан тарихи даму үдерісін бастан өткерді. Ғимараттардың төбесі, қабырғасы, күмбез сияқты құрылымдарына жасалған нақышты безендірулер сылақ, ағаш, тас, бөз мата, былғары және металл сияқты әртүрлі заттарға қолданылды. Тіпті ағаш үстіне бедерленсе «Едирнекари», сылақ үстіне бедерленсе «малакари» деген атауларға да ие болды. Селжуки, классик, барокко, рококо, ампир сияқты тарихи стильдері мен өз кезеңдері болған бұл өнер, XVI ғасырда классик стильде шарықтау шегіне жетті. Сарай нақышханасы дәстүрімен өз кезеңінің тұтастығы және стилін айқын көрсеткен сол XVI ғасырда, классикалық өнердің барлық саласы Қайта өрлеу дәуірін бастан өткеріп,

79 Кушоғлу, З., «Қалам ісі», dosya.kitapkaynagi.com/tanitim/didital/3518/files/ 3518.pdf. 8-б.

нақыштау өнері де сирек кездесетін керемет туындыларымен сол кезеңнің бір бөлігіне айналған болатын. Османлы империясының батысқа бет бұруымен өнердің барлық саласында басым болған эклектизмнің, әсіресе, нақыштау өнеріне көп әсер етуінен туындағы барокко, рококо және ампир өзара қосылған күрделі нақыштау мәнері Анадолы даласынан Ыстанбұл бұғазына дейінгі барлық жерде кеңінен қолданылды. Байлық пен биліктің белгісі болып табылатын алтынын жалату немесе алтын жапырақшаларын пайдалану нақыштау өнерінің маңызды бір элементі болды.

Күмбезше, күмбез тәрізді құрылымдардағы нақыштық безендірулердің бүгінгі күнге жеткен ең көрнекті мысалдарының бірі – 1228-1229 жылдары салынып біткен Дивригі Ұлұ мешіті мен шипаханасы. Бұл техниканы фрескадан парықтандыратын ең маңызды ерекшелігі – безендірудің үстіртін, беткі қабатында болуы. Анадолыда мұндай ежелгі қабырға безендірулері көбінесе тас бетіне жасалады да, Салжұқ ғимараттарында, әсіресе, қызыл түсті болып кездеседі. Анадолыдағы Селжұқ және Бейліктер кезеңінде, әсіресе, ағашқа нақышталған әшекейлер кең таралған. Бейшехир Ешрефоғлұ, Афюнкарахисар Ұлұ мешіті, XIX ғасырдың ортасындағы Сиврихисар Ұлұ мешіті және 1366 жылғы Кастамону Касаба мешіті сияқты құрылымдар осы типтің маңызды мысалдары болып табылады. Османлы дәуірінің алғашқы кезеңдеріндегі нақыштық безендірулердің ең жарқын мысалдарына1434 жылы салынып біткен Бурса Йешіл мешіті, Едирне Мурадие және Үч Шерефелі мешіттері мен Изник Кыркызлар кесенесі жатады. Бурса Йешіл мешіті өз кезеңінің ең көз тұндырар безендіруіне ие: Оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батысынағы баспаханасының ошақтары мен тауашалары гүлді және пішіндік өрнектермен безендірілген. Наккаш Али жасаған бұл безендірулер гүлдер мен пішіндік әшекейлер сол кезеңнің ең таңдаулы үлгілері болып табылады.

XIV-XV ғасырларда 1389-1399 жылдардағы Бурса Йылдырым мешітіндегідей жеңіл бедерлеу (малакари) әдісімен салынған гүлді және пішіндік өрнектермен безендірілген там сөрелер, та-

уашалар мен пештер жасалған. Ал, Едирне мен Бурса ғимараттарының сылақтарында кездесетін гүлді өрнектері мен жазбалары және оның айналасындағы қоңыр, қара, көк және қызыл түсті нақыштық безендірулер сол өтпелі кезеңнің тағы бір жаңалығы болып табылады. Кемер, күмбез және күмбезшелердің ішкі беттері мен қабырғалары кейде өте күрделі болатын әшекейлермен нақышталған. Көптеген мешіттерде ауланың кіреберістерінің күмбездерінің ішкі беттерінде нақыштау мен бедерлеудің бай үлгілері кездеседі. 1451 жылы салынған Бурса II. Мұрат кесенесінің қабырғаларының үстіңгі бөлігі мен күмбезі ашық түсті бояумен нақышталып безендірілген. Әшекейлердің ішінде ерекше көркемдеген гүл құмырасы мен шырағдан пішіндері, күн сәлесінің сұлбасы және діни мазмұндағы жазулар көзге түседі.

Нақыштап безендіру мен оның дамыған үлгілері саналатын бедерлеу (Малакари мен Едирнекари), Осман дәуірінде сарай залары мен діни ғимараттар сияқты құрылыстарда қыш тақтайшалардан басқа безендірудің ең маңызды элементі ретінде қолданылған. Өкінішке орай, ерте Османлы және Классикалық кезеңдегі қоғамдық ғимараттардың бүгінгі күнге дейін жеткен безендіру үлгілері өте аз қалды. Кейбір қалпына келтіру жұмыстарының өрнек және түс тұрғысынан дұрыс қолданылмауы салдарынан бүгінге жеткен аталмыш безендіру үлгілері бүліне бастағаны шындық. Уақыт өте келе қайталанған қалпына келтіру жұмыстары нысандардың бастапқы қалпынан алшақтауына себеп болуда. Алайда осымен қатар, Едирнедегі Сәлшмие мешітінің үлкен доға арқалықтары мен Үскүдар Йени Валиде Сұлтан мешітінің және Чінілі мешітінің үлкен доға арқалықтарындағы тазартылған бояулардың астынан өзіне тән безендіру үлгілерінің түпнұсқалары табылуда.

Ағаштарға ойып жасалған нақыш оюларды күмбездерде немесе азаншы залдарының төбелерінде және көбіне үйлердің ағаш бөліктерінде көруге болады. Бұларға ерте кезеңдерде руми және хатайи мәнерлері, ал кейінгі кезеңдерде әлеміш (барокко) және ширақ (рококо) мәнерлері әсер етті. (1591-1592 жылдарындағы

Топкапы Таккежі Ибрахим Аға мешіті, 1583 жылғы Үскүдар Атик Валиде Сұлтан мешітінің азаншы залы). Ғимараттардың көпшілігінің сәулетшілері белгілі болғанымен, ғимараттарда, әсіресе ерте дәуірде жұмыс істейтін нақышшылардың кім болғаны белгісіз. Мысалы, 1447 жылы аяқталған және XV ғасырдағы Османлы сәулет өнерінің ең сәтті үлгілерінің бірі болып саналатын Едирне Үч Шерефелі мешітінің ою-өрнектерінің түпнұсқасын ирандық суретші жасаған деген қауесет бар. Анадолыдағы халық шығармашылығында да, Ыстанбұлдағы сарайға арналған империялық өнер туындыларында да өрнек пен түс керемет үйлесім тапқан. Қазіргі кезде ежелгі заттарды қалпына келтіруде және заманауи құрылыс топтарында ішкі сәулет жұмыстарында өткен дәуірдің көрінісін елестететін әртүрлі нақыштау, безендіру мәенері қолданылуда»[80].

80 www.ktsv.com.tr/sanat/12.kalemisi

Калам туралы әңгіме: Шевченконың каламы



Қолданылған қалам қарапайым қалам болса да, нәтижесінде маңыздысы одан шыққан жазу болып табылады. Осыған байланысты, көптеген атақты қалам иелерінің қаламы туралы қызықты естеліктері бар. Аттила Илханның соңғы өлеңін жазған қарындашы жиені Керем Алылықтың арқасында қолыма тиген оқиға сияқты. Немесе Баку, Жейхан, Тбилиси теміржол жобасына қол қойған үш президент (Абдуллаh Гүл, Ильхам Алиев және Саакашвили мырза) қолданған Монтбланк маркалы сияқаламның менің қолыма түсу хикаясы; марқұм Тұрғұт Өзал «әрекет арқылы» бағдарламасында қолынан түсірмеген алтын «Кросс» қаламы; марқұм Ербакан Ұстаздың қаламы; Президент Режеп Тайып Ердоған премьер-министр кезінде маған сыйлаған қаламы мен тағы басқа қаламдар туралы әңгімелер тағы бір шығармада талқыланатын болады.

Алайда төмендегі оқиға маған қатты әсер еткені үшін ол туралы арнайы жазғым келді:

Шевченко (1814-1861) украиналық ақын, суретші. Патшалық Ресейде көп азап шеккен ойшыл. Міне, оның хикаясы...

1845 жылы ол Ресейде империяны сынаған «Арман» өлеңі үшін қамауға алынып, Санкт-Петербургтегі түрмеге қамалады. Ол жерден Орынборға, Ресейдің алыстағы бір бұрышына айдауға жіберілді. Ол айдауда үнемі қысымға ұшырайды, жазып-сызуына тыйым салынады. Қолына қайта қалам алу үшін Гогольге, Толстойға хат жазу арқылы көмек сұрайды. Бірақ бұл да көмектеспейді. Айдауда жүріп, 1857 жылы рақымшылыққа ілінеді. Біраз

уақытқа дейін Санкт-Петербургке кіргізбейді. Енді оның қалағаны – Каневке, Днепр өзенінің жағасына қоныстану.

Шевченко өмірінің соңғы жылдарын өлең жазумен, сурет салумен, бедерлеу өнерімен және ескі шығармаларын өңдеумен өткізеді. 1861 жылы қайтыс болады.

Алғашында Санкт-Петербургтегі Смоленск қабырстанына жерленеді.

Кейінірек «Өсиетім» (Заповіт)[81] поэмасындағы өсиеті бойынша, достары оның денесін алдымен Мәскеуге, содан кейін ат арбамен отанына алып келіп, 8 мамырда Днепр жағалауындағы қазіргі Тарос шоқысы деп аталатын Каневке жақын Монктар төбесінде жерлейді. Ол өмір бойы күрескен құлдық өлгенінен кейін жеті күн өткен соң ғана жойылады.

Шевченко туралы неге айтты дейсіз ғой?

Енді қазір айтайын деген әңгімемнің басты кейіпкері Шевченко болғаны үшін ...

1956 жыл...

Назым Хикметтің жолы Киевке түседі немесе түсіреді ... ол жағы белгісіз!

Ол Киевте Шевченко мұражайына барғысы келеді.

(Осы орайда біздің әкімдер мен Мәдениет министрлігінің құлағы шуласын, біздің елдегі ақын-жазушылар мен зиялы қауымға байланысты мұражайлардың саны саусақпен санарлық. Олардың басым көпшілігі де жеке қаражатпен өмір сүруге тырысады).

---

81 *Өлген соң денем биік бір жерге көмілсін,*
Көкпеңбек белде қасқайып тұрсын қабырым.
Ол жерден күллі Украинам көрінсін,
Сезіп жатайын даланың желін, сағымын.

Сөйтіп, мұражайға келеді. Бұрын жүрегіне ота жасалғандықтан, шаршайды. Сонда отырып мұражай қызметкеріне Шевченконың қаламын көргісі келетінін айтады. Қызметкер де мұражайдың жоғарғы қабатын нұсқайды.

56 жастағы Назым Хикмет жүрегін уайымдап, екінші қабатқа шыға алмайтын шығармын деп, қасындағы орындыққа жайғасады. Шаршаған жүрегін тағы да қажытып, өзіне және айналасындағыларға қиындық туғызғысы келмейді. Мұражай қызметкеріне біраз демалып алып, кететінін айтады.

Қызметші көрінбей кетеді. Екі-үш минуттан кейін ол мұражай директорымен бірге келеді. Директор:

- Шевченконың қаламын көргіңіз келіпті, бірақ шаршау мен аурудың салдарынан көтеріле алмапсыз! Осында біраз демалыңыз, кетпеңіз, мен тез-ақ қайтып келемін, – дейді

Жас директор баспалдақпен жылдам көтеріледі. Көп ұзамай Назымның көзі баспалдақпен түсіп келе жатқан директордың қолындағы қорапқа түседі. Мұражай директоры қорапты Назымға береді де:

- Міне, мырза, Шевченконың қаламы ...

Сезімге толы ақынға бұл оқиға қатты әсер етіп, «Шевченконың қаламы» атты өлең жазады...

Kapısından girer girmez,
O dakka, o saniye,
Gözlerini görür görmez,
Birden sevdalandım Kiev şehrine.
Kat be kattır yamaçları,
Gelinlerine benzer ağaçları,
Ak topuklarını döver saçları,
Birden sevdalandım Kiev şehrine.

Yazı bin iki yüzden artık,
O mu yanıp yıkılmadık.
Yüzünde ne buruşuk, ne kırışık,
Birden sevdalandım Kiev şehrine.
Mavisi İstanbul'uma benzer,
Yeşili Bursa'mdan eser,
Oturmuş da şiir yaza ,
Birden sevdalandım Kiev şehrine.
Kapısından girer girmez,
Sevçenko karşıladı beni.
Gözlerini görür görmez,
Eğildim, öptüm elini.

Oturduk aynı sofrada ekmeğini yedim,
Dnepr'in suyunda yüzümü yuğdum.
Ustam, bahtı karalığı bilirsin dedim,
Arz ettim memleketimin halini.
Konuştuk şiir üstüne,
Yüreğim gibi dedi yana yana,
Şiir düşmeli dedi halkın önüne,
Verdi bana kalemini.

Қақпасынан кірер-кірмес,
Қас пен көздің арасында-ақ,
Сұлулығын көрер-көрмес,
Сүйдім Киев қаласын бек.
Жасыл бағы, көк аспаны,
Қыздай сұлу ағаштары,
Тобығында бұрымдары,
Сүйдім Киев қаласын пәк.

Жаз – дидарын ашық көрдім,
Сезім балқып, тасып-толдым.
Ай жамалын – жақұт дермін,
Мен Киевке ғашық болдым.
Ыстанбұлдай ізетті ерен,
Бірдей көрдім Бурсамменен,
Жыр арнадым жүрекпенен,
Ғашық болдым Киевке мен.
Қақпасынан кірер-кірмес,
Шевченкомен амандастым.
Сұлулығын көрер-көрмес,
Киевке мен бауыр бастым.

Дәмдес болып, бетім жудым.
Тұнығымен Днепрдің.
Көңілімді теңестірдім,
Ел-жер жайлы кеңес құрдым.
Бәрі ғажап сияқты еді,
Бойға шабыт қуат келді,
- Халыққа арнап жар жаз, – деді,
Қолыма да қалам берді.

Өшіргіш



Күтеміз бәрін ұзақ болсын деп, таусылмасын деп!
Көсегеміз көгеріп, көктесе екен деп!
Сүйгеніміз, сүйіктіміз алысқа кетпесе екен деп.
Жастық шақ, көктем, сұлулық...
өтпесе екен деп, бітпесе екен деп!
Саулық, туыстық...
Сарқылмаса екен деп.

Болмысымыз, табиғатымыз соны қалап тұрады. Адам баласы тарихтың әр кезеңінде «өлместің» емін іздеген. Бірақ, өлім үшін еш шара таба алмады. 930 жыл ғұмыр кешкен Адам (а.с) тағы да ұзақ өмір сүрсем деп армандаған.

Тіпті рауаятта, Алла тағала Адам (а.с) атаның қияметке дейін тараған ұрпағын алдына әкеп көрсеткенде, Адам (а.с) оларға қарап тұрып көзі кенеттен біреуіне түседі. «Уа, Раббым! Бұл менің қайсы ұрпағым?»,- деп сұрайды. Сол сәтте Алла тағала «бұл сенен тараған пайғамбар Дәуіт қой», – дейді. Адам (а.с) «оның ғұмыр жасы қанша?» деп сұрайды. «Алпыс-ақ жыл», – дейді Алла тағала. Мұны естіген Адам (а.с) «Уа, Раббым! Оның ғұмыр жасы өте келте екен, оған тым болмаса жүз жылдық ғұмыр нәсіп етші», – деп дұға қылады. Алла тағала Адамды (а.с) сынап «жоқ, олай болмайды, егер сен өз ғұмыр жасыңның қырық жылын оған қосып берсең онда дұғаң қабыл», – дейді. Адам (а.с) «Уа, Раббым! Өзің куә бол, мен ғұмыр жасымның қырық жылын оған арнадым», -дейді. Періштелер бұл ант сөзді хатқа түсіріп тағдыр дәптеріне жазып алады. Арадан жүз жылдап бірқанша ғасыр өтеді. Адам (а.с) ай аунап, жыл өткен соң өз уәдесін ұмытып, аманатын есі-

нен шығарып алады. Бір күні жан алғыш Әзірейіл періште Адамның (а.с) қасына келеді. Адам (а.с) «Неге келдің, ей Әзірейіл?», – деп сұрайды. Әзірейіл періште «дәм-тұзың таусылды, өзің берген аманатты алуға келдім», – дейді. «Жо, жоқ, жаңсақ келіп тұрсың, менің әлі қырық жыл ғұмырым бар», – дейді Адам (а.с). «Жаңсақ келген жерім жоқ, кезінде өміріңнің қырық жылын ұрпағың Дәуітке бергенсің, ұмыттың ба, ей Адам?», – дейді жан алғыш Әзірейіл. Адам (а.с) жан алуға келген періштемен қасарысып тұрып алады. Әзірейіл онда Хаққа жүгінейік дейді. Басқа періштелер де Адамның (а.с) жөн-жосықсыз қасарысып тұрғанын бетіне басады. Еш шарасы қалмаған Адам (а.с) соңында Алла тағаладан қырық жыл ғұмырымды қайтарып берші деп жалбарынып дұға қылады. Ұлық Жаппар жалбарынған құлының дұғасын қабыл етіп, ғұмыр жасына қырық жылды қайтарып береді. Дәуіт те жүз жыл өмір сүреді.

Аңсап сұрап алған қырық жылының ай күні толып, Адам ата ауырып төсекте өлім аузында жатқан кезінде Жәбірейіл мен Әзірейіл келеді. Келе сала «осы хәліңнен бүкіл ұрпағыңның арты қайырлы болсын» дейді. Хауа ана көз жасын тия алмай жоқтау айта бастайды. Адам, «Әй, Хауа! Алла жіберген періштелерімен өзімді ғана қалдыр да, сыртқа шыға тұршы», – дейді. Хауа сыртқа шығып кетеді. Адам ата Жәбірейіл періштеге қарап «шыбын жаным шыққалы жатыр», – деп солқылдап жылай бастайды. Жәбірейіл де солқылдап қоя береді. Осы сәтте құдіретті Алла тағала, «Әй, Адам! Көтер басыңды, бері қара! Жұмақта сені мол нығмет пен теңдессіз дәреже күтіп тұр», – дейді. Адам ата басын сәл көтеріп өзі үшін дайындалып қойған нығметтер мен дәрежені көріп Әзірейілге қарап, «Әй, Әзірейіл! Шыбын жаным кеудемнің темір торына түскен құс сияқты тыпырлап жатыр. Дереу жанымды ал, рухым темір қапастан пырлап ұшқан құстай болсын!», – дейді. Әзірейіл сол-ақ екен оның ақтық жанын алады.[82]

Рауаят етілген бұл хикаяда адамдардың өмір сүруге деген талпыныс жігерін көрсетеді.

---

82 Тәурат, Жаратылыс 5:5

Адамдар өз қалауының орындалуын қалайды, өйткені қалау болады екен, оны жүзеге асыратын бір күштің бары хақ. Әйтпесе, «болдырмаса, болмайтын да еді ғой». Адам баласындағы бұл қалау ақырет күнімен шектелмейді, осы дүниеде де орындалуын қалайды. Түрлі шығарма жазады, қайырымдылықпен айналысады. Жұмыс бірқалыпты, шығарма тұрақты болса жақсы. Бірақ, кейбірі олай бола бермейді, өмірі әрі қысқа әрі жаңсақ кеткен бір жағдай үшін бар жиғаны желге ұшып кетеді.

«Адам өмірі қалам мен өшіргішке ұқсайды. Артымызға із салған кезде құдды қалам сияқтымыз. Ал, жоюға келгенде өшіргіш сияқтымыз. Қаламның маңызы өте құнды. Сауға немесе естелік ретінде сақтауыңа болады. Қалам артына өшпестей із қалдырады, сонымен бірге ғұмыры да ұзақ болады».[83]

Өшіргіштің тағдыры мүлде басқаша. Қалдырған із, белгі атаулыны өшіруге құмар. Өшіргіш өшірсем, қалам жазсам деп тұрады.

Сонда тек кімдер қалады, түзу, турашыл, жақсылар қалады. Атап айтқанда, тұрақтап мызғымай тұрғандар қалады да, басқалары өшіп жоғалады.

Кей адамдар бәрін өшіріп өмірді қайтадан басынан бастағысы келеді. Бұл мүмкін бе? Өзгенің кемшілігін бүге-шігесіне дейін қазбалап, өз кемшілігімізді естен шығарып, жоқтан бар жасайтындай сәттеріміз болады. Қалам, болғанның бәрі жаза бастағанда өшіргіш редактор іспетті жетіп келеді де, өшуі керек тұстарды құр жібермейді. Шын мәнінде бәрін өшіріп оқиғаны бастан қарау өшіргішке де ұнай бермейді. Қалам да, өшіргіш те біткен іске сызат түсіп, шалағай қалудан қапы болады. Өшіргіш құдды үй тазалығын жүргізетін отбасы, ошақ қасының әйелдері сияқты, оған үйдің қоқысын төгу, ас үйдің май басқан шаңдарын сүрту қаншалық ауыр, өшіргіш те әне сондай.

---

83 Гүнеш, Х., «Өшіргіш», Миллиет, 01.01.2003

Өшіргіш қатенің орны түзетілгенше парақ бетінде тағаты таусылады, парақты ағартып тазартқанша мойнынан жүк түспейді.[84]

Бейне Оғұз Атайдың, «өшіргішше барамын таусылып түгеп, өзгенің жазған қатасын өшіріп түзеп. Иә, мен қарындаш өшіргішімін, өшірген сайын өңделді ісім», - дегеніндей. Өшіргіш тек қана қарындаштың жазғандарын ғана өшіре алады. Дамыған кеңсе тауарлары өндірісінде қанша жерден сияқаламның да өшіргіштері өндірілетінін естісек те, ол бәрібір қарындаштың өшіргіші ғана.

Әлі есімде, бірінші сынып оқып жүрген кезім, мұғалім маған төртбұрыш келген ақ өшіргіш беріп еді. Ол кезде әр нәрсені сұрағанға әуес бала едім. Ергүн мұғалімге бір күні өшіргіш не үшін өшіреді деп сұрап қалдым, сол-ақ екен ол тосын келген дайындықсыз сұраққа сасып қалса да, ойы шашыраса да, ештеме сездірмей, жауап беруге тырысты. Қазір ойласам, Ергүн мұғалімім оны қайдан білсін. 1739 жылында Чарлес Марие де Ла Кондамине (Charles Marie de La Condamine) атты бір француз ғалымы Америкаға сапары кезінде тауып алған ағашын (каучук ағашы) Еуропаға ала барады.

Көп жыл өткен соң, 1770 жылы Жозеф Приестлей (Joseph Priestley) әлгі ағаштың бір нәрсені өшіретінін байқаған, кейін 1839 жылы Чарлес Гудиер (Charles Goodyear) ағашты күкіртпен қатырып араластырған соң ғана өндіріске түскен, бұны менің Ергүн мұғалімім қайдан білсін.

1858 жылы американдық Химен Липман (Hymen Lipman) өшіргішті қарындашқа орнатып патент алады. Бірақ кейінірек екі бар затты біріктіру патент саналмайды деп онысы жарамсыз болып қалған.

84 Яваш, Е., «Өшіргіш мырзаның мазасыздығы», 26.08.2014

Әдетте өшіргіш каучук немесе пластиктен жасалады. Каучукпен жасалатыны өсімдік майы, күкіртпен араластырылып дайындалады. Пластикпен жасалатындары құрамында химиялық қоспа көп болғандықтан сапасы төмендеу болады.

Дүкенге кіріп қалсаңыз неше түрлі өшіргішті көресіз. Қанша зиян болса да қош иісті өшіргіштер өндіріліп жатыр, ендеше өшіргіштің қалай өшіретінін бірге көрейік.

Қарындаштың ұшында жазу үшін қолданылатын графит бөлшегі бар. Ол бәрімізге белгілі қара түсті, жұмсақ, үгітілгіш көміртекті зат. Онің ұнтақтары шамамен 2-10 микрометр шамасында. Оны микроскоп арқылы көруге болады. Қағазға жазу жазған кезде графит ұнтақтары қағаз талшықтарына жабысып қалады. Өшіргіш талшық бетіне жабысып тұрған графит ұнтақтарын өшіріп қырып тастайды. Қырылған графит ұнтақтары үгілітіп қағазға шашылып өшіргішке жабысып қалады, мұны сіз де білесіз.

Бұны енді Назым Хикметтің «Өшіргіш болсаң, нені өшіргің келеді?» деген өлеңімен бітірейін:

Өшіргіш болсаң, келеді нені өшіргің?
Қателігің бе, қиын сәті ме өмірдің?
Әлде сәтсіздіктерің бе өзіңнің?
Қалам болсаң ше, өмірге кімді қосар ең?
Өзіңді ғана тыңдағандарды ма?
Өзіңе бақыт сыйлағандарды ма?
Қасыңда болып қолдағандарды ма?
Бір сәт ойланшы, не өшіріп, не қосар ең?

Өшіргіш өшіргенше, қалам жазғанша тұрақтайды.

Қаламнан Сүйіктісі Қағазға



Қағаз, ол болмаса мен жоқпын. Ол бар, демек мен де бармын. Ол жан, жаннан артық әрі қымбат. Менің бар болуым, онымен байланысты. Арзусыз Қамбар да ештеңе емес, Ләйлісіз Мәжнүн бір қиранды секілді, ендеше қағазсыз мен де ешкім емеспін. Оны тапқанға дейін тастарға, үңгір қабырғаларына, саз балшықтан жасалған құймаларға сырымды ақтардым. Көп сабыр еттім, көп күттім. Мәжнүннің Ләйләні күткені секілді. Уақыт бәрінің емшісі дейді, рас екен. Мен мұны өз өмірімнен көрдім, ең айқын куәгерімін. Оған еш уақытта опасыздық жасамадым, әсіресе сезімсіздік тұрғысынан.

Уақыт! Қайран уақыт! Тағы не көрсетер екенсің. Әрі дос, әрі дұшпан. Мейірімді әрі қатігез. Аққан сайын көбік атқан асау өзен секілді. Ердің аяғына тұсау, езге жайдақ ат сияқты. Махаббатқа тұзақ, досқа жеккөрініш. Заман ағысымен жақсы мен жаман, жақсылық пен жамандық да өз орнын табады. Мейірімділік әурешіліктің азабы. Әр істің бір қайыры,әр қайырдың бір сыры болады.

Уақыт келеді, кетеді!

Уақыт қауыштырды бізді, мұратымызға да жеткізген сол уақыт. Уақыт біздің сағынышқа толы жараларымызды емдеді. Уақыт пен жердің иесі бізді бәріне төзуге мәжбүр етті.

Мен қаламмын....

Мен өзімді, жай-күйімді, баянымды сізге баяғыда-ақ айтқанмын. Ғашықтық туралы айтуға болма екен өзі!? Қиын, өте қиын.

Оны, сүйікті жарды ең керемет баяндаған Искендер Пала ұстаздың «Айна» атты шығармасымен паш еткім келді. Кіріспесін оның керемет лебізімен жеткіздім.

Енді оның ерекше стилімен жалғастыруым керек екенін байқадым. Алайда ұстаз, сүйіктісін (қағаз) баяндағанда «мен» деп түсіндіретін. Бейне сүйікті (қағаз) өзін-өзі айтып жатқандай. Ендеше, бұл жерде ғашық қалам сүйіктісі қағазды жырлайтындықтан, «мен» «ол»-ға өзгерді

Жебедей өткір жаңбыр тамшылары тұт жапырғының болмысына енуге тырысқанда, ол (жоқ еді)...

Ал, он өсиетпен Тур тауынан оралған Мұсаның қолында он балшық тақтайша болды.

Ніл алқабындағы бір тал пальма талшығы еді ол...

Ақылдыларға тастар мен ағаш тақтайшалар жеткіліксіз болып көрінді, өйткені папирустерді жуатын өзеннің суы тамыздың тамылжыған күнінде буға айналып аспанға ұшатын. Бергамада оның ең құрметті атасы саналатын пергаментті (қағаз орнына пайдаланылған жарғақ тері) кездейсоқ тапқан зәйтүнші мен ол өмірге келгенше арада үш мың көктем өтуі керек болды.

Шын-Машынның (көне Қытай) лотос жапырақтары толысып тола бастаған кезде менің сүйіктім қағаз да (беймәлім еді)...

Ауылшаруашылық уәзірі болған Цай Лун қырыққа жарылған қылдай жіңішке қиялымен лотос жапырағының талшықтарын суырып алып, оны алдымен себетке салды, содан кейін оны жылы сумен шайып, бірнеше күн бойы жасушаларын жаншып төмпештеді, сөйтіп сүйіктінің тәніне жан бітті. Сол күні оның жылнамасы басталды, сол күні Назареттік Исаның жылнамасынан жүз-ақ жыл өткен еді. Келесі бес ғасыр бойы оның қалай туғанын Қытайдан басқа ешкім білген жоқ.

Тигр өзенінің салқын баурайында құлпынай жайқалған кезде еді ол...

Ислам әлеміне тұтқынға түскен қытайлық сарбаздардың қайықтарынан табылып, Құран үйренушілердің назарына іліге бастады. Жапырақ-жапырақ болып жиналып парақ-парақ болып ретке келтіріліп, құрметке бөленді. Сүйектерге, бұғы терілеріне, пальма жапырақтарына аманатталған аяттар енді бір-бірден оған кестеленді. Ол қанша мың жыл күтті осыны. Содан кейін дін Ислам оңтүстік пен солтүстікке, батыс пен шығысқа таралды, артынан ол да кетті (мен де кеттім) әр тарапқа. Самарқант, Бағдат, Шам, көбейген сайын артты, Батыс Африка және Андалусия, т.б... Екеуміз бірге өстік, өркендедік.

Инквизиция соттарына зорлықпен апарылған жазықсыздардың киген жейделері еді - ол...

Амберт, Троиес, Эсон... Таза суға шылап, електен өткізіп сүйіктіні мәрмәрға айналдырды. Пасейдонда Інжілге айналдық, Кенанда Тәурат болдық. Қайта өрлеу дәуірін бірге көрдік. Лузердің қолынан Романың көшелеріне атылдық. Ғалымдарының «өткір қалам мен қағаз»-ның үні болып корольдер мен билеушілерінің сарайларына жеттік.

Үндістанда жібектің қауашағы болған кезде ол...

Алғаш рет бір келін сияқты безендірілді, сыртынан жібек оранды. Ыстанбұлда «абади» (ертеректе қолданылған ашық сабан түсті, өте күңгірт қалың қағаз) деп аталды. Содан кейін шығыстың көркем тілінде Дильшахтың құлы, Дамасктің кереметі, Самарқант барқыты, Үндістан жібегі, сұлтанның ақыны, мақам және тағы басқа текті атауларға ие болды.

Күндердің күні Дерсаадет (Ыстанбұлдың екі аты) базарында шеркес күңдей сатылғанда ол...

Шебер қолдан шыққан қауырсын желек киіп, шалы орамалдар оранып, нәзік, көркем, қылықты сұлуға айналды. Санаткерлер

оны «үлде мен бүлдеге орану» дейді. Бір жұтым судай қымбат болды ол сүйікті. Еуропаның филигрань сұлулары қызғаныштан жарылып кете жаздайтын. Сол кезде бұйрық, проза, жарлық, үкім және хат болып бүтін Еуропа еліне саяхат жасады. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды.

Кағытханеде Надимнің нәркес көзділерімен бірге болғанда ол...

Баттал (үлкен), Чифте баттал (қос өлшемді), Ытамбұлин (Ыстанбұлға сай), есер-и жедид, тазкирелік және тезкирелік деген сияқты лақап аттармен атала бастады. Аты түрленіп, тілден-тілге ауысты. Құбылған гүлге айналып, сұлулардың сүмбүл шашына тағылды. Көкжиектен нұр алып, жүректерге сәуле болып құйылып, көкірек көзін ашты. Оған шумақ-шумақ өлеңдер жазылды, том-том хикметтер айтылды.

Bakma ya Rab sevad-ı defterime
Onu yak ateşe benim yerime

Дәптеріме қарама, Я, Раббым,
Отқа жақ орнына оны менің.

Сүйген жардың қолындағы хат болған да ол…

Балауыздан жасалған кемелермен от теңізінен жүзіп өтетін. Жанын өртеген сөздерден тауы шағылып, көңіліне сызат түсті. Гүлге қонған бұлбұл сайрады бір уақыт, құлдар үшін қуаныш болды бір кездері. Тереңіне қайғы-қасірет тұнған, жүзіне сағыныш ұялаған, құпиясын қатпарында сақтаған жүректерде қанша уақыт білінбей жатты десеңші... Сондықтан да тарихтағы құпияға толы махаббаттар мен айтылмаған ғажайып сырларды ең жақсы мен және ол екеуіміз ғана білеміз.

Ормандардың табиғи ортасындағы бір самырсын абыр-сабыр шуға толы баспаханалардағы орамға айналғанда, ол енді...

Киесі ұмытылды да, әуейі ғашықсымақтар сияқты сандалбай болды. Мен де ол секілді барлық берілген уәделердің ылғи қағаз жүзінде қалап қоятынын көруден жалықтым. Қағазға жазылған

шытырман оқиғалар да, қағаз бен қаламды құмарлана құшақтау да бірден ғайып болды. Виртуалды қағаздардың сиқырлы шапқыншылығы оны алуа дүкендерінің қаптамаларына қамап тастады. Еңсесін түсік, көңілі жаралы».

Міне, сүйіктінің қысқаша шытырман тағдыры осылай.

Егер қаласаңыз, тарихи ағысымен түсіндіре кетейін:

Заманымызға дейінгі ескі дәуірлерде адамдар, үңгір қабырғалары мен жартастарға суреттер салғанын білеміз. Содан кейін жұмсақ тастар, саздан жасалған тақтайшалар, жануарлардың сүйектері, ағаш жаңқалары, ағаш қабықтары, метал жапырақшалар мен жануарлардың терісіне жазулар жазған еді.

Оны, ол сүйіктіні не деп атамады десейші: французша papier, ағылшынша paper, немісше papier, испанша және португалша papel, сербше, мажарша және чех тілінде papir, фин тілінде paperi... жалғастырсақ, арапшада kırtas, парысшада kağız, түрікшеде kağıt деп аталды. Дегенмен, бүгінгі күндік қағаз дегенде, өкінішке қарай тек жазуға арналған қағазды ғана білдірмейді. Қолданылатын орнына қарай, оны газет қағазы, қант қағазы, орама қағаз дей бересіз. Дегенмен, қағаздың менің сүйіктім болуы үшін сөзсіз үстінде белгілі бір жазуы болуы тиіс екнін де біліңіз.

Месопотомия, Анадолы мен Мысыр өркениеттерінен бүгінге дейін жеткені, сіздің қолыңызға тигені көбінесе тас, саз балшық тақтайшалары, тақта және шүберектегі жазулар ғана. Мәселен, ежелгі Рим заңдары балауызбен жылтыратылған емен тақтайшаларға жазылған. Мысыр, Рим және Гректерде қолданылған ағаш тақтайшаларды бірі біріне тізбектеп, «codex» деп аталған кітаптар жасалған болатын.

Қиыршығыста бамбук деп аталатын қамыс тақтайшаларының да жазуға пайдаланылғанын білгеніңізді қалар едім. Темір қаламмен ойып жазу үшін тас, қола, мәрмәр және қорғасын қолданылып, үстіне бедерлер мен суреттер де ойылған. Тегістелген сүйек деп ағаш жапырақтары да бұрын жазу материалдары ретінде пайдаланылған болатын.



Ескіден жазу қағаздары, қазіргідей кесілген күйі сатылмайтын. Жалғыз үлкен парақ ретінде сатылғандықтан, бәрі бұл дәу парақтарды жазу көлеміне қарай қалаған көлемде кесу үшін қайшы қолданатын болған.

Міндетті түрде әркімнің жазу құрал-жабдықтарының арасында бір-бір қайшы болатын.

Қағаздарға арналған қайшылар Ыстанбұлда, Фочада, Сиваста, Румелиде, Боснада және Пирзеринде қолөнер шеберлерінің орталығында жасалатын, сондай-ақ, империяның қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар, экспортқа да шығарылатын.

Қағазды кесіп, қолданымға лайық халге жеткізуге арналған қайшылар, бірден түзу қылып кесіп шығу үшін жүзі ұзын болып жасалатын. Шынымды айтсам, оның әр кесіндісі жанымды жегідей жейтін. Бірақ ұзақ әрі көп қолданысқа ие болуы үшін бұл да қажетті еді.

Сондай-ақ, қайшының ауыз табақ қағазды қысуы үшін, жүз жағын ойықтау етіп жасау керек болды.

Жазуға және жазулы қағаздарына берілген құндылыққа байланысты, олардың көбісі алтынмен безендірілетін.

Мен қалам,

Сүйіктіні, қазір сіздер қалағаныңызша таңдай алатын, қолдана алатын қағазды қызғанып отырмын. Оны менсіз пайдалана алмайтындықтарыңыз ғана көңіліме медеу. Мен бар болсам, ол

да бар. Мен болмасам, ол да болмайды. Махаббатым сіздің оны пайдаланған сәттен аяқталады да, мен қолыңыздан түскенде қайта жанданады. Оны мансіз пайдалануға тырыспаңыз, мұның мені қатты жабырқатарын білесіз. Компьютерде пернетақтамен жазып, содан кейін қажет болса оны принтерден шығарып, қағазға әбден қорлық көрсетті.

Дегенмен, технологияңызды қаншалықты дамытсаңыз дамытыңыз, мен онсыз, ол мансіз бола алмайды.

Сүйіктінің (Қағаздың) Хикаясы



Қағаздың ең алғаш бүгінгі мағынада қолданылуы Қытайдан басталады.

Қытай – адамзат тарихында екі маңызды жаңалық ашқан көне өркениет болып табылады. Олар: қағаз және оқ-дәрі. Қытай империясының уәзірлерінен Цай Лун б.з.д. 105 жылы Кантонның солтүстігіндегі Лэйян шағын ауданында әскери өндіріс орындарының құрылғыларын ұтымды пайдаланып қағаз ойлап тапты. Цай Лун қағаз өндірісінде ағаш қабығын, кендір талшығы мен бамбук діңін қолданды. Оларды суға әбден қайнатқан соң келіге салып түйді. Одан кейін дайын болған материалды бамбук діңінен жасалған матаға сүзіп, құрғата отырып қағазға айналдыратын еді.

Қағаздың жасалуы Цай Луннан басталса да, XX ғасырда, соның ішінде 1978 жылы Түркістанда жасалған соңғы археологиялық қазбалар, қағаз бен оның әуелгі ұшқындары б.з.д. III ғасырдан бастап қылаң беретінін көрсетті. Бұл қағаздарда рами (бемерия) мен зығыр талшықтары қолданылған.

Тағы да Түркістаннан табылған б.з.д. III-VIII ғасырларға жататын қағаздарда рами, кендір мен Жапон тұт ағашының талшықтары қолданылған. Жабайы тұт ағашы деп те аталатын бұл ағаштың биіктігі 10-15 метр шамасында және қағаз жасау үшін ішкі қабықтары қолданылатын еді. V ғасырдан кейін жасалған қағаздардан бұл ағаштың талшықтары табылған. Жабайы тұттың қыртыс талшықтары қағаз жасауға өте ыңғайлы еді. Қыртыс талшықтары таспа тәріздес бөлініп ішкі қабық, ағаш күлі немесе әк сияқты сілтілермен араластырылып, тоқпақ яки балғамен түйіледі.

Мақта талшықтарынан қағаз жасау өндірісі б.з. 700 жылдары Қытайға келген. Бұл қағаздар мақта қағаздары деп аталды. Білімнің сол кездегі ошағы Самарқандқа келген қағаз, өңірде тұт өспегендіктен зығыр мен кендірден өндірілген.

Қағаз өндіру өнерін қытайлар ұзақ жылдар бойы құпия ұстайды. Жапонияға Данчо есімді бір монах әкеледі. Кейбір деректерде қағаздың 707 жылы Меккеде жасалғаны жазылған. Батыс әлеміне қағазды V-VII ғасырларда Түркістаннан өткен Жібек жолы бойындағы керуендер жеткізді. 751 жылы мұсылмандар қытайлармен Түркістан маңында болған шайқаста біраз қытайды тұтқынға алады. Тұтқындар қағаз жасау өнерінің сырын паш етіп, өздері қағаз өндіреді. Осылайша қағаз өнері ең алдымен Самарқандқа, ол жерден Бағдатқа таралады. Бағдаттан араптар арқылы Мысырға, одан Жерорта теңізімен Европаға жол тартады.

Осы тараудан көргендеріңіздей, сүйікті қағаз шартарапты шарлап жүрді. Ал мен – өмірін оған арнаған – қалам, оған ессіз ғашық болып, ол қайда барса соңынан ілестім. Әу баста айтқанымдай, Ләйлі үшін талай асуларды асқан Мәжнүндей ештеңеден тайынбай, талмай диуана сияқты тек қана оның соңынан қудым.

1238 жылы Испанияға, 1278 жылы Италияға арап пен еврейлер (жөйт) арқылы тарала бастады. 1343 жылы Францияда, 1390 жылы Германияда, 1411 жылы Швейцарияда, 1493 жылы Англияда, 1505 жыл Австряда, 1558 жылы Голландияда, 1575 жылдардан кейін Ресейде қағаз өндіріле бастады. 1690 жылы Атлант мұхитын асып, 1830 жылы Канадаға табан тіреді.

Қағаз өндірісіндегі алғашқы түйткілді мәселе қамырды талшыққа айналдыру болды. Бастапқыда мәселе талшықтарды тастардың арасына үйкеп, одан соң келіге салып түюмен шешілетін. Голландиялықтар 1660 жылы қамыр диірменін (hollander) ойлап тауып, 1660-1673 жылдары арасында тіпті де жетілдіреді. Голландер модерн рафинатордың (тазартқыш) атасы саналып, бертінге дейін кең қолданыста болды, әлі де кейбір мақсаттар

үшін қолданылып келеді. Аталмыш рафинатор кесу, езу, қию негізінде жұмыс істейтін бұрынғы тоқпақтарға қарағанда әлдеқайда жылдам әрі өнімді бір құрылғы.

XVIII ғасырда француз ғалымы Рене Антуан Реомюр (1683-1757) есек араларының ұясын зерттеп, оның өсімдік қалдықтарынан салынғанын және құрылымдық ерекшеліктерінің қағазға ұқсайтындығын анықтайды. Фридрих Келлер (1816-1855) деген неміс ғалымы 1840 жылы Реомюр ашқан жаңалықтан шабыттанып, үгітілген ағаш жаңқаларынан қағаз жасайтын машинаның патентін алады. Ал, Матиас Купс болса сабан мен ағаш жаңқаларынан жасалған қағазды алғаш рет кітапқа айналдырып заманауи кітапты түптеген тұлға болды.

XVIII ғасырдағыөнеркәсіптік, химиялық төңкерістер қағаз секторына да ықпал етті. Карл Шелле 1774 жылы хлорды ойлап тапты. Клод Бертолле болса бұл сұйықтықты жавель суы ретінде ағарту үшін қолданады. 1794 жылы Ла Бланк сода карбонатын ойлап табады. 1798 жылы Эссонес және қағаз өндірісімен айналысатын Л.Н. Роберт механикалық түрде тұрақты жұмыс істеп ұзын қағаз шығаратын (fourdrinier machine) машина құрастырды. 1818 жылы Кансон шексіз тордың астындағы сіңіруші қалыптарды жасап шығарды. 1804 жылы Мориц Иллиг шайырды (ағаш шайыры) сабындап қағаздың ішкі жабыстыру жұмысын іске асырады. Осылайша сыртқы жабыстыруда міндетті болған екінші рет құрғату жұмысы жойылады.

Біз, екі ғашық, қалам мен қағаз пайда болғаннан бері ойлам (ой) тудыру үшін хабарласу мен байланыс саласында көздің ағы мен қарасындай болдық.

1804 жылға дейін қағаз қолдан жасалып келді. Өнеркәсіптік төңкерістен кейін қағазға қажеттілік артқан сайын ескі-құсқы маталар жеткіліксіз болды. Сонымен қатар жаңа талшық материалдары іздестіріле бастады. 1845 жылы Меллиер сабанды сода

гидроксидімен қайнатуға патент алады. 1851 жылы Бургест пен Уат сода әдісін дамытады. 1868-1874 жылдары Америкада ағайынды Тилгмандар, Швейцарияда Экман, Германияда Митчерлих бисульфат қайнату әдісін тапты. Дахл 1879 жылы сода карбонатының орнына арзанға түсетін сода сульфатын қолданып үнемдеуді көздейді әрі Меллиенің әдісін жетілдіріп сульфат (крафт) әдісін ойлап табады.

Осынау жаңалықтардан соң бұрындары ескі шүберек пен сабаннан жасалған қағаз, ағаштан жасалатын болды. Ағаштан өнеркәсіптік қағаз өндіру ісі 1870-1880 жылдардан бастау алғанын ескерсек, әлі де дәурені жүріп тұр.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң клордиоксидтің ағартушы ретінде қолданылуы сульфат әдісінің қолданысын арттырды. Соның нәтижесінде алғаш рет ағартылған сульфат қағазына қол жетті. 1930 жылдары дамудың шарықтау шегіне жеткен бисульфат әдісі, қоршаған ортаны сульфат әдісінен он есе көп ластайтындықтан, одан бас тартуға тура келеді. Сульфат әдісі күні бүгінге дейін ең кең қолданыста. Кейінгі жылдары оттек-сілті әдісі де өндіріске кең көлемде кірді. Алайда беделердің қайнатылуында жетістікке жете алмады. Бірақ дәнді дақыл сабақтарының қайнатылуында біршама жетістікке жетті.

Қағаз машиналары жағынан «Fourdrinier» мен домалақ елеуішті машиналардың орнын одан да жақсы қағаз өндіретін, жылдам әрі арзанға түсетін қос елеуішті машиналар алмастырды. Олардың ішінен бірнеше түрі, атап айтар болсақ қағаз, картон, тазалық қағаздарын өндіруде айтарлықтай жетістікке жеткендері бар.

Қағаздың 2000 жылдық тарихын қысқаша осылай қорыттым. Алайда қалам қалайша Османлы заманында қадір-қасиетке ие болса, дәл солай түріктер де қаламға көрсеткен ықыластарын оның сүйіктісінен де аямады. Қағаздың түріктердегі бастан кешіргендерін әңгімелемес бұрын бір нәрсені айта кеткім келеді. Түріктер қағаз өндірісінде Еуропадан артта қалды, бірақ ықылас қойып

сәндеу мен қыздың қылығындай тамылжыту ісінде алға озды.

Қысқаша қайырсақ, түріктер «жазудың» өнерге айналуында маңызды рөл ойнады. Жазудың сапасын айқындайтын қағаз деп түсінген хұснихатшылар аянбай тер төкті.

Осындай кезеңдерден өтіп, асқан ыждаһаттылықпен дайындалған қағазға жазылған жазу, жырлар, бұйрықтар бұзылмай, жыртылмай өзіндік қасиетін жоғалтпай жылдар бойы сақталған.

Сүйіктінің Папирус хәлі



Папирус...

Папирус Ніл өзені жағалауында өсетін қамыс сортты, Сиперасеос (Cypéracéos) тегіне тән ежелгі Папирус өсімдігінен келген. Оны барлық тілдерде папирус деп атайды. Римдіктер оны Мысырдан Сицилияға апарған.

Ол махаббат сезімі қаламның онымен сыр шертіп, жеке күй кешкен сәті болмақ. Сол үшін бұл сезімді тәптіштеп түсіндірген жөн болар.

Папирустың жасалуы былай болған: әуелі өсімдікті үшбұрышты жолақтап сабағынан әдемілеп кесіп аламыз. Сосын бір-біріне қатарлап үсті-үстіне тізіп шығамыз да сыртынан қысамыз. Қысқан кезде өсімдіктің жабысқақ сұйықтықтары бір бірін мығым ұстап қалады. Жасау жұмысы бастан-аяқ теп-тегіс жерде жүреді, дайын болған қағаздың өлшемі 27×30 см көлемінде болады. Бетіндегі кедір-бұдырды кетіру үшін тоқпақпен ұрып, қамырмен ысады, сосын жарқырағанша сүртіп өңдейді.

Күтті, көп күтті...

Қалам қағаздан ұзаған сәтінде енді бірге болмайтындай күйді кешетін.

Қалам өз ғашығын Сефер Акгүлдің «Кел» өлеңіндегі күтудей күтетін-ді:

Ufukları delen bir sada gibi gel.
Kulaklara dolan bir nida gibi gel
Sanki başucumda, burada gibi gel
Sanki değilmişsin orada gibi gel.
Grubun ardında bir gece gibi gel
Öz ruhlar yurdundan hece gibi gel.
Yavaşça daldığım uykuya gibi gel
Ve bir düş gibi gel, bir rüya gibi gel.
Seher yelleriyle uçan tül gibi gel
Sabah müjdesiyle açan gül gibi gel.
Çölde kalan gönle vahada gibi gel
Daha da gibi gel, daha da gibi gel.
Gel...

Көкжиекті тілген жаңғырықтай кел.
Құлаққа жағымды наз дыбыстай кел.
Қасымда тұрғандай көз ілместен кел.
Жоқ сияқты болып сезілместен кел.
Құпияға толы түн сияқты кел.
Рухтан шыққан үн сияқты кел.
Маужыратқан ұйқы ләззаттай боп кел.
Түсімде көрген бір ғажаптай боп кел.
Таң самал ұшырған мамық қылдай кел.
Таңертең ашылған нәзік гүлдей кел.
Шөлдеген көңілдің алқабындай кел.
Тағы кел, тағы да кел, тағы да кел.
Кел...

Дәл осылай күтті оны...

Б.з.б. 356-323 жылдары Ескендір Зұлқарнайын Мысырды алған соң гректер папируспен таныса бастады. Одан Италия мен Жерорта теңізі аймағына тарады. Кей деректерде папирус б.з.к. V ғасырларда, тіпті, XI ғасырларда қолданыла бастаған.

Байырғы римдіктер мен гректер қағаздан бұрын тақтайшаның үстіне металл не болмаса сүйекпен ойып жазу жазатын. Осы ағаш тақтайшалары б.з.к. VIII ғасырларға дейін ежелгі Гректерде, XIV ғасырға дейін Англияда қолданылып келді.

Бұл жағына келгенде ежелгі Мысыр елі алда еді. Заманымыздан кейінгі XI ғасырларында Каирде қағазды қолдану кең тарағаны сонша, дүкенде сатылған тауарлар қағазға оралып берілетін болған.

Қытайлық Менс Тянь түйе жүніне, сиямен жазу түсіруді ойлап тапқан соң жүннен жасалған маталар кітап шығаруда қолданылатын басты материалға айналды. Бұл маталардың материалы Мысыр мен Орталық Азия материалына қарағанда алып жүруге, тасуға өте ыңғайлы болды.

Кейбір мәдени ошақтарында ағаш қабықтары жазуға арналған материал ретінде қолданылды. Римдіктер солай қолданған және оған «Liber» деп ат қойған (1080 жылдары). Еуропа тілдеріндегі «Librairie, Libray» (кітапхана) сөзі осыдан келген. Французшадағы «Livre» (кітап) сөзі бетіне жазу түскен парақ мағынасын береді.

Ежелгі Мысырлықтар папирус өсімдігінен тағам, сабағынан тұрмыстық бұйым және әртүрлі заттар жасап шығарған, ең маңыздысы олар папирустың өзінен қағаз жасап шығаруды ойлап табулары. Ені 5-6 см, ұзындығы 20-30 см өлшемде жұқалап кесіп, бас аяғын қатар тізіп сағыз тәрізді желім затпен ептеп жабыстырып телім жапыраққа ұқсатып шығарады. Үстін пілдің тісімен бастырып, шәйірмен ажырамастай түптеген соң жазу-сызуға ыңғайлы қағаз қалпы дайын болады.

Жалпы оның папирус қалпы б.з.к II ғасырларға дейін Жерорта теңізі аумағында жазба материалы ретінде қолданылған. Кейін орнын пергаменттер басқан.

Папирустың ең тамаша кезеңінде де онымен бой таластырар баламалар жарыққа шықты. Пергамент! Ежелгі Мысырдың Александрия кітапханасы аты әлемге танымал болды, дей тұрғанмен кейін онымен Анатолиядағы Бергама кітапханасы бой тіресе бастады.

Кейін Мысыр перғауындары Бергама кітапханасын жоқ қылу үшін папирус өнімдерін жіберуді біржолата тоқтатады.

Бергама жағы осы оқиғадан соң өз еліндегі білікті мамандарды шақырып алып, папирустың орнына қой немесе ешкі терісінен жазбаға ыңғайлы қағаз материалын жасап шығуды бұйырады. Содан бастап Бергама елі пергамент өндірумен айналыса бастады және соның орталығына айналды.

Грекше «pergament» сөзінен келгендіктен пергамент атауы бара бара соны өндіретін елдімекеннің де атауына (Pergamon) айналды. Пергамент осыдан кейін қолдану аясы кеңейіп, жапырақтың әр түрінен дәптерлер шығара бастады.

Кейін Мысырлықтар папирус өндіруді азайта бастады. Араптар Мысырды алған соң, Еуропаға папирус шығару атымен тоқтады. Оның орнын пергамент басты.

Ол кездегі сияның түрі мен сапасының Римдіктер мен Мысырлықтарға қарағанда айырмашылығы бар еді. Пергаментке сіңдіріп өшпестей жазу үшін сияны арнайы жасап шығаратын. Сия, бозаршадан келген, темір сульфат пен жабысқақ шайырдан (арап сағызы) дайындалады. Қағаздың алғаш жарыққа шыққан кезеңінде хатқа түскен ескі қолжазбада сияның қалай дайындалатыны былайша баяндалады:

«Бозаршаны рэн (ren) шарабына салып күннің астына не болмаса ыстық орынға қойып қоямыз. Алынған сарғыш суды шүберекпен сүзіп алған соң жаншылып езілген бозаршаның суымен бірге айырым ыдысқа құйып аламыз. Үстіне темір сульфатты қосып араластырсаңыз, сияңыз дайын болады. Рэн шарабы бозаршаға жеткілікті мөлшерде араласуы тиіс, темір сульфатты да

өз мөлшерінде қосуды ескересіз. Дайын болған сияны қағазға түсіріп сынап көріңіз, егер қаралығы қою болмаса канифоль тозаңын араластырсаңыз болғаны. Осы жұмыс барысынан кейін қалаған жазбаны хаттап жаза бересіз».

Негізі пергамент аң терісінен әзірленетін. Кейін Бергама әмірі II Евмена (Eumena) кезінде (б.з.б 197-159) тіпті де ыңғайлы жасалатын болған. Қой, ешкі тіпті сиыр терісінен жасалатын парақтар Бергама қаласының атымен байланысты pergamen атанды. Ал, Түріктер француз тілінен енген parşömen сөзін қолданады.

Пергаменттің дайындалу барысы мынадай: қой, ешкі, сиыр немесе есек сияқты мал терісін ең алдымен әбден үйітіп, қылшығын тазалап алып, созғылап, кереміз. Одан керілген теріге крахмал жағамыз, тері өз-өзіне ширығып қатайып қағаз сияқты болады.

Пергаменттің үш түсі бар. Олар: ақ, қызыл және сары. Екі бетін қолдануға да болады.

Мақта, зығыр, жібек немесе күріш сабанын илеп, одан әртүрлі химиялық материалдар дайындап қосымша жұмыстарға қолдануға әбден болады.

Қағазға қарағанда папирус пен пергаментті көбірек қолданды.

Сүйіктінің Безенуі (Қағаздың Боянуы)



Аяулы қағаз.

Бір ғашық сүйгені үшін қалай жасанса, қағаз да қалам үшін әне солай жасанады, әрленеді.

Қағаз біткеннің түсі бірдей болмауы керек. Олар жазудың түрі мен мазмұнына қалай түрленіп отырады. Дүкенге бара қалсақ қағаздың неше түрлісі тұрады. Өз кезінде «жазу»-дың «хұснихат» болған кезде оны шын шебердің қолымен ғана бояп түстейтін.

Қағазды бояп рең беру өз алдына бөлек өнер еді. Қағазды тек бояп қана қоймай, жарқыратып мәрмәр түс беретін. Оны бояудың отыздан астан тәсілі бар. Эбру қағазын дайындау әдістері күрделі еді.

Қаламгер Махмұт Бедреддин Языр қағазды әрлеу мен бояудың түр-түсін тәптіштеп түсіндіріпті. Қызығушылық танытқан оқырмандарға оның «Қаламның сұлулығы» немесе «Гүлзар-ы Севаб» шығармаларын қысқаша таныстыра кетпекпіз.

Ақ қағазды, олардың целлюлозаларына қарамастан, өсімдік мен минералды араластырып әдемі әрі түрлі-түсті рең шығаруға болады. Бұның екі түрлі әдісі бар.

«Жуу әдісі: линден, шай, шафран, көк бояу, темекі, сабан, пияз сабығы, қына, анар қабығы секілді бояуы тез шығатын өсімдіктерді суда қайнатқан соң реңі су бетіне шыға бастайды, оған аз-

дап ашудас қосып жалғасты қайнатасыз, сосын қағазды осы сумен жууып шығасыз.

Жағу әдісі: егер бояу ұнтақ немесе өсімдік күйінде тұрса, мәрмәрға біраз сірке суын араластырып болған соң крахмал не коланы араластырамыз. Сосын аса суық емес салқын губка немесе мақтамен (қолмен де болады) қағазға жағамыз. Қағазға жаққан соң ыстық күнге қақтауға әсте болмайды, салқын көлеңкеде өзі кебуі керек.

Басқа әдістер: шіркеу мұғалімі Рифат Білге, «Гүлзар-ы Севаб»-тың соңында қосымша ретінде кітапханаларда көзі шалған қағаздардың түстеліп боялуын беріп отырған.[85]

Валония еменінің күлін шүберекке салып оны ашудаспен бірге қайнатып сүзіп алып, бір кило қынаны ұнтақтап езіп, ыстық суға 24 сағат қойып қойған соң бірдей түс шығады.

Асфуры қайнатып сары суына лимон сығып сосын сүзіп алсақ үстіне қосымша сірке қоссақ, қызыл түсті бояу шығады.

Біраз күнжіт гүліне он грам ашудас араластырып қайнатсаңыз, шымдай жасыл түсті рең шығады.

Күнжіт гүлінің сығымдалған суына қағазды жуып кептірсе, көк түсті рең шығады.

Көктемде бадам жапырағын жинап алып, 5-10 грам ашудаспен суға қайнатса, сап-сары алтындай түстің реңі шығады.

Күзді күні қара үзімнің жапырағын жинап ап 5-10 грам ашудаспен бірге суға қайнатса, әдемі рең шығады. Алма жапырағы да сондай.

Пияздың қабығына біраз ашудас араластырып суға қайнатса, өте әдемі түс шығады.

Үндістанда өсетін «баккам» деген ағашты үгітіп алып оны алты грам ашудаспен бірге суға қайнатса, әдемі қызыл рең шығады.

---

85 92 Язар, М.Б., “Қаламның сұлулығы”, Cilt.II, sayfa.191

Қына не болмаса гүл суын баккам мен ашудасқа араластырып қайнатса өте әдемі реңдер шығады.

Маллов гүлін, гипсофия шынарымен немесе гүл суымен қосып қайнатса, әдемі рең шығады.

Көкнар гүлін ашудасқа араластырып қайнатса, ол да әдемі рең шығарады.

Женгар дейтін мыс татты сіркемен араластырып езсе, әдемі женгар түсі шығады.

Гарнирді не болмаса жұмыртқаның ағын мәрмәрмен араластырып, езіп, щеткамен қағазға жақса, өте әдемі рең шығады.

Айва күнбағысын сулап алып, шикі қағазды жуған соң, біраз мөлшерде айва жапырағын араластырып қазанға қайнатса және оны суытып қағазды сонымен жуса, өте керемет рең шығады.

Сүлүгенді крахмалға араластырып қайнатып, ыстық щеткамен қағазға жаққан соң, көлеңке жерде кептіріп бастырса, өте әдемі рең шығады.

Көкшіл, қара көк секілді түстерді крахмалмен қайнатып қағазға жақса, қағазға сол реңдер тіпті де қою түседі.

Алтын мен күміс желатин суға (жабысқақ) араластырылып қағазға себілсе, кепкен соң жарқ-жұрқ еткен әдемі реңдер шығады.

Үгітілген арап сағызын махлулмен ерітіп, мәрмәр үстіне езген соң біраз крахмал, маллов гүлі мен джелатин араластырып қайнатса және оны Самарқан қағазына жағып бастырса кепкен сәтте тас айнадай жарқырап шыға келеді.

Нұт ұнтағы суға қайнаған соң қағазға жағылса, әдемі нұт реңі шығады.

Қынаны суға сап қайнатып, шүберектен сүзген соң қағазға жақса, әдемі шөптің реңі шығады.

Қағазды бояудан бұрын оны ашудаспен бірге суға малып құрғатса, сосын оны сол сумен жуып, көлеңке жерде құрғатса өте әдемі болады.

Шырғанақты сумен қайнатып қағазды сонымен жуса, сары рең шығады. Оны ашудаспен араластырса, ашық сары рең шығады.

Жасыл асфураның қызғылт түсін көкке араластырса, жасыл рең шығады.

Көкнәр гүлінің суын сығып қағазға жақса, күлгін түс шығады. Оған біраз ашудас араластырса, аспан көк түс шығады. Көк чивитті араластырса көкшіл рең шығады.[86]

Асфурды шүберектен сүзіп өткізіп, суға қосып, қағаздың сары дымқыл суымен бірге жуса, лимон түсті сары рең шығарады. Ары қарай сығымдай берсеңіз, қызыл рең шығады. Осымен қағазды бояса, алдымен, алқызыл түс, сосын гүл-шаптолдың түсі шығады.

Сакура ағашын шауып алып, сумен қайнатып, суын сүзіп алып қағазға жақса апельсиннің реңі шығады.

Күлгін жапырағын ақжелкеннің дәніне араластырып суға салса, әдемі күлгін рең шығады. Оған біраз ашудас қосса аспан көк реңі шығады.

Баккам ағашын қайнатып ішіне емен күлін салып сүзіп шыққан соң қағазды жуса қызыл рең шығады.

Күлгін баккам бояулы қағаз және ашудаспен бірге жуылса, әдемі күлгін рең шығады.

Сары түспен боялған қағазды көкке араластырса, екеуінен жасыл рең шығады.

Құртқашашты біраз қайнатып, гүлдің суымен араластырса, әдемі түс шығады.

Қызыл қағазды сирирга суымен жуса көкшіл сүттің реңі шығады.

---

86 Язар, М.Б. жоғарыда аталған еңбек s.192

Ақжидекті суға қайнатып суытса күлгін рең шығады. Үстіне біраз ашудас араластырса, қара көк рең шығады. Ашудасты көбірек араластырса тіпті көкшіл рең шығады.

Пияз қабығын қайнатып суына қағазды жуса, сабандай сары рең шығады.

Күнжіт гүлін біраз ашудаспен араластырып қайнатса, шымқай жасыл түс шығады. Қайнатпай құрғақтай ұнтақтап, суға езіп қағазға жақса көк түсті рең шығады.

Хұснихатта қолданылатын қағаздардың реңі эстетикалық жақтан мынадай сегіз түрлі топқа бөлінеді.[87]

Ақ: шекер түс, ашық түс, сүттей ақ.

Сары: Канарич сары, сабан сары, алтын сары, ашық крем, крем, қою крем, бал көбік, бал қауын.

Қызыл: қызғылт ұнтақ, гүл қуандысы, кірпіш түсті, анар гүлі.

Жасыл: ашық жасыл, ніл жасыл, шымқай жасыл, зейтін жасылы, лимон зеңі, жарты ай реңі, қою жасыл

Көк: ашық көк, аспан көк, көкшіл.

Қоңыр: ашық қоңыр, топырақ қоңыр.

Қара: ашық, қою.

Аралас: шыбар, бұйра, мәрмәр.

87 Язар, М.Б.,жоғарыда аталған еңбекs. 191

Түріктер Үшін Қағаздың Маңыздылығы



Мархабат, қаласаңыз сізге қағаздың түріктер арасында қандай кезеңдерді бастан кешіргенін көрсетейін. Түркияда қағаздың жағдайы өзгешелеу өрбіді. Бұл басқаша сипатта қағаздың ойлап табылған кезден Батыс әлеміне таралған уақытқа дейінгі аралықта түркілердің ролі мен Анадолыға орныққаннан кейінгі қағазға қатысты ұстанымдарының өз орны бар деп айтуға болады.

Османлы империясының алғашқы жылдарында Ыстанбұл, Бурса, Амасия сияқты қалаларда қағаз өндірілгені жайлы мәліметтер ұшырасады. Сол сияқты XV ғасырдың орталарынан XVIII ғасырдың орталарына дейін қағазға қажеттіліктің жергілікті өнеркәсіп емес, сыртқы өндіріс арқылы өтелгенін байқаймыз. XVIII ғасырдан бері жаңадан бой көтерген жергілікті өнеркәсіп әрекеттерінің Еуропамен тұрақты бәсекелес бола алмағаны белгілі.

Түріктердің әртүрлі тілдердегі қағаз атауларына эпоним жасауымен қатар, бұл бағалы жазу материалының түріктердің IX ғасырда Ислам әлеміне және XII ғасырда Еуропаға таралуында маңызды рол атқарғанын да атап өткен жөн. Османлы империясында қағаз өндірісі онша дамымаған, керісінше, оларды сырттан импорттағаны белгілі. Бұның түп себебі баспахананың Османлы қоғамына кеш келгендігінде емес, баспахананың кеш келуіндегі негізгі себепке де қатысты болғандықтан, Османлының сауда мәдениетінен, атап айтқанда капитализмнен ұзақ қалуы екенін айтуға болады. Түріктердің Анадолыға орналасқаннан кейін қағазға мұқтаждықты негізінен импорттау жолымен қанағат-

тандырғаны айтылады. Шығыста қағаз өндірісінің кезеңдерін академиялық тұрғыдан сараптау ауыр жұмыс болғандықтан, бұл қағаздардың нақты қайсы елдерден импортталғаны белгісіз. Бірақ Ислам мемлекеттерінде өндірілген қағаздардың IX-X ғасырларда Еуропада қолданылғаны сияқты, олар Түркі әлемінде де сұраныста болды. Мысалы, XIII ғасырда Анадолыда қолданылған қағаздардың басым көпшілігін Үндістан мен Орта Азия қалаларынан таситын. Бірақ XIV ғасырдың соңына таман Жерорта теңізі жағалауындағы мемлекеттерден Түркия мен Таяу Шығыс мемлекеттеріне қағаз тасымалданды. XV ғасырда Еуропада қағаз өндірісі шарықтаған кезде Түркияның Еуропадан қағаз импортының көп болғаны соншалық, бұл қағаздар содан кейінгі ғасырларда да қолданылуын жалғастырды. Еуропадан қағаз көп келсе де, Шығыстан қағаз импорттау үзілген жоқ. Шығыс қағазы әдетте су таңбалы болмағандықтан, оны батыс қағазынан оңай айыруға болады. Бірақ олардың қай қаладан, яки қандай мемлекеттен келгені беймәлім. Шығыс пен Батыста өндірілген қағаздар XVIII-XIX ғасырға дейін шикізат күйінде импортталған соң, Ыстанбұл мен империяның басқа мәдени қалаларында қайта өңделетін. Шығыстан келген қымбат қағаздар қайта өңделгеннен кейін хұснихат жазуда немесе өнер туындыларын жасауда қолданылған. Мемлекет жұмыстарында және басқа салаларда, арзан қағаздар кәдеге жаратылған. Бұл қатаң ережені ешкім бұзбаған. Сондықтан бұндай импортқа үйренген қоғамда қағаз өндіруге қарағанда, қағаз өңдеу қолөнері жетік дамыды.

XVI ғасырдың басында Үнді, Самарқант қағаздарымен қоса су таңбалы Батыс қағаздары да қолданылды. XVI ғасырдың соңында «Менакыбы Хүнерверан» еңбегінің авторы Мұстафа Али, Шығыстан келетін қағаздарға байланысты былай дейді: Қағаз түрінде ешқашан хашеби мен дамаски түрлерін ұнатпайтындар қағаздың самарқанди түрінен төменгісін көзге ілмейтін. Қағаздың ең жаманы дамаски екендігі баршаға аян. Екіншісі отандық абади бәріне мәлім болатын. Үшіншісі хатайи, төртіншісі аділшахи, бесінші харири самарқанди ед. Жетіншісі хинди, сегізінші

низамшаһи, тоғызыншы қасым беги, онынші харири хинди өз алдына бір құрлық болатын. Он біріншісі гуни тәбрази бір шекер түсті еді. Жұмыс істеу механизмі Тәбризиліктерге тән. Он екінші мухайиер шекер түстес еді». Осыған қарап Шам, Самарқанд, Қытай, Иран және Үндістаннан қағаз импортталғанын бағамдай аламыз. Батыс базарларында «Charta Damascena» деген атпен танымал болған Шам дамаски қағаздарының Мұстафа Али тарапынан «сапасы өте төмен» деп бағалануы таңғаларлық жайт. Османлы империясында XVI-XVII ғасырларда қолданылған басты қағаз түрлері сұлтани, абади, Исламбұл, ай мен жалау таңбалы қағаз бен халуа қағазы еді.

Бұл дәуірде қағаз тым қымбат болды. Аталмыш ғасырларда Анкарадағы жұмысшылар күндігіне 10-12 күміс ақша алса, бір қорап Еуропа қағазы сегіз, бір қорап Ыстанбұл қағазы 24 күміс ақша тұратын. Бір жұмысшының екі күндік табысымен бір қорап Ыстанбұл қағазы ала аласың, не болмаса төрт қорап Ыстанбұл қағазының құнына бір қой сатып алуға болатын. Шығыс қағаздарының Еуропа қағаздарына қарағанда қымбат болғаны белгілі. Осындай себептерге байланысты XVI ғасырдан бастап шығыстан келетін қағаздың мөлшері азайып, XVIII ғасырдан бастап шығыс қағаздары нарықтан шықты.

Османлы империясына XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыстан қағаз импорты жасалды. Еуропада қағаздың басым көпшілігін өңдіретіндер, алдымен, Италияда құрылғандықтан, Венециялық көпестер арқылы келген италиялық қағаздар Османлы империясының нарығын иеленді. Осылайша, XV ғасырда қолданылған қағаздардың маңызды бір бөлігі Италияда өндірілген қағаздар болды. Одан кейінгі ғасырда батыстан Түркияға келетін қағаз импорты барған сайын артты. Еуропаның қағаз өндірушілері шығысқа жіберген қағаздарға ай, жұлдыз, жалау сияқты бұл аймақтарға тән таңбалар қоюды ұмытпады.

XVII ғасырдың ортасына дейін итальян қағаздары Османлы нарығында басым болған, бірақ сол ғасырдың екінші жартысынан

бастап Франция қағаздары оның орнын басты. Бұның негізгі себебі Франциядағы қағаз өндірісінің жылдам дамуы еді. Шынымен де Франция 1650 жылдарда Испанияға 10.000 қорап, Англияға 20.000, Нидерланды және Скандинавия мемлекеттері мен Ресейге 40.000 қорап қағаз экспорттады. XVIII ғасырдың екінші жартысында Франциямен арадағы бәсекелестің салдарынан Венециядан Түркияға экспортталған қағаздардың мөлшері азайды. XIX ғасырдың басынан Венеция мен Франция қағаздарымен қоса британдық және Голландия қағаздары да нарықта бой көрсетті. Әсіресе, британдық қағаздар Османлы империясы нарығында сапасымен танылды.

Дамыған Еуропа капитализміне есік ашқан, уақыт өте келе оның бір базары болған Османлы империясында мықты бір қағаз өнеркәсібінің пайда болып дамуын күту өте әсірелеушілік болар еді. Османлы империясында, әсіресе XVIII ғасырдан бастап қағаз өндіру үшін батыл қадам жасалса да, бұл істің ғұмыры қысқа болды. Еуропа қағаз өндірушілердің рақымсыз бәсекелестігі салдарынан біртіндеп азайды.

XII ғасырда Анадолыда қағаз өндірісінің өркен жайғаны, крест жорықтарына қатысып қолға түскен француздар мен итальяндардың қағаз жасау өнерін сол жерден үйреніп қайтқандары, Видалон, Амберт, Анкона, Фабриано сияқты жерлерде қағаз өндірісін ашқаны мәлім. Бұлардың арасында күнімізге дейін жеткен «музей қағазхана» ретінде туристерге қызмет жасап тұрған жерлер бар. Әсіресе Мехмет Али Кағытчынын батыс дереккөздеріне сүйене отырып жасалған зерттеулеріне сәйкес, Анадолыда құрылған қағаз өндірісінің бірі Памуккаледе орналасты.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Акгүл, М., 700 жылдық қалам өркениеті: сия заманы, «Yapı Kredi» Мәдениет Орталығы, Ыстанбұл, 1997.

Алкан, А.Т., Арнасынан асқан өзендер, «Ötüken» баспасы, Ыстанбұл, 2000.

Алкан, А.Т., Қолжазбадан шыққан құндылықтар, «Aksiyon» журналы, 08.01.2001, 318-б.

«Altınoluk» журналы, наурыз, 49-б.

Алус, С.М., Қалам, «Akşam» газеті, 31 Тешрин 1944.

Айиылдыз, Х., Қаламның айқайы, www.endulushan.com

Банарлы, Н.С., Түрікшенің құпиялары, «Kubbealtı» баспасы, 17-басылым, Ыстанбұл, 2001.

Башер, А., www.sorular.com, 24.10.2013.

Батур, Е., Йазбоз, «Sel» баспасы, Ыстанбұл, 2001-12-04.

Бекироғлұ, М., Қалам очеркі, «Yarın» журналы, 05.08.2006

Бланк, Х., Антикалық дәуірдегі кітап, «Dost» баспасы, Анкара, 2000.

Бостанжы, Ш., Қағаз қамырын өндіру және ағарту технологиясы, «KTÜ» басылымдары, Трабзон, 1987.

Жебежиоғлұ, Э., Сопылық терминдері мен сөз тіркестерінің сөздігі.

Далғын, Н., Сәжде, Ислам энциклопедиясы, 36-б.

Даниш, М., Тахир мен Зүхра, «Timaş» баспасы, Ыстанбұл 2001.

Дерман, У., Қалам, Түрік энциклопедиясы, 1974, XXI-б.

Донбаз, В., Месопотамиядағы және Анадолы өркениеттеріндегі сына жазу, «P» журналы, 2001.

«Eczacıbaşı» журналы, 1977 ж. Қазан, 4-саны.

Екіжі, Н., Арзу мен Қамбар; Раушан маусымында ояну, «Timaş» баспаы, Ыстанбұл, 2000.

Емироғлұ, К., Біздің күнделікті өміріміздің тарихы, «Dost» баспасы, Анкара, 2001.

Ердал, А., Нефиз, «Kardelen» журналы, 2014 ж. шілде-қыркүйек.

Ероғлұ, Х., Қағаз және картон өндіру технологиясы, «KTÜ» басылымдары, Трабзон 1985.

Ейги, М.Ш., Майқалам шіріген бай, «Milli» газеті, 28.08.2010.

Гаур, А., Жазуға дейінгі тарих: 8000 жылдық саяхат, «P» журналы, 2001 ж. көктем.

Гунеш, Х., Өшіргіш, «Milliyet» газеті 01.01.2003.

Гүлзар-и Севаб, Көркемөнер академиясының баспасы, Ыстанбұл 1939

Бахадур, Х.Х., Қаламгер немен жазады? Erguvankalem, Blogspot, 08.01.2012.

Хызлан, Д., Менің қаламдарым, фетишизм, жаным, саусағымның табы, «Hürriyet» газеті, 14.02.2001.

Хизлан, Д., Кеңсе тауарлары да өзгеруде, «Hürriyet» газеті, 17.05.1999. http//www.io.com/~tyrbite/history.html

Илбей, А, Қаламның және өлмеудің құпиясы туралы, «Haber Vaktim» газеті, 20.11.2012.

Ислам энциклопедиясы, Юсуф Шевки Йавуз, 243-б.

Кағытчы, М.А. Қағаздың дамуы, «Eczacıbaşı» журналы, 1977 ж. Қазан, 4-сан.

Кая Д., Диуан өлеңі және XIX ғасырдағы халық өлеңдеріндегі әдемілік суреттемесі, Ақын әдебиеті, Ыстанбұл 2000, 253-б.

Көсеоғлұ, Н., Кітап туралы, «Ötüken» баспасы, Ыстанбұл, 1994.

Кушоғлұ, З., Қалам ісі, dosya.kitapkaynagi.com/tanitim/didital/3518/files/ 3518.pdf. 8-б.

Маруехол, Ф., Ежелгі Мысыр иероглифтері, «P» журналы, 2001 көктем.

Мұсахипзаде Желал, Ыстанбұлдағы ескі өмір, «Түркия» баспасы, 1946, 52-б.

Найлы Кадим Диуаны, құр. Халұк Йпектен, Ыстанбұл: 1970, 175-б.

Нефесзаде, И., Гүлзар-ы Севаб, Килислы Муаллим Рифаттың тасхих және тартифбы, Ыстанбұл, 1938.

Неви Диуаны (Сараптамалы басылымы), дайын. Мевтол Тұлұм, М.Али Таниері, Ыстанбұл, 1977, 116-б.

Пакалын, М.З., Осымалы тарихи атаулар сөздігі. MEB. Ыстанбұл, 1983.

Пала, И., Айна, «BKY» басылымдары, Ыстанбұл, 2000.

«Popüler Tarih» журналы, 2005 ж. Наурыздағы саны.

Скич, Х., Зен хұснихатының шебері: Хакуин Екаку, «P» журналы, 2001 ж. көктем.

Сефержиоғлұ, М. Н., www.geocities.com/m.sefercioğlu/divansiirindeyazı.htm

Сефержиоғлұ, Н., Жазу және жазуға қатысты атаулардың Диуан поэзиясындағы қолданылуы. e-kaynak: http://www.geocities.com/msefercioglu/makaleler/divansiirindeyazi.htm.

Серин, М., Хұснихат өнері және әйгілі хұснихатшылар, «Kubbealtı» баспасы, Ыстанбұл, 1999.

Сұнгұрхан, А., Наби мен Сабиттің диуандарындағы қалам, Халықаралық әлеуметтік зерттеулер журналы, 4-сан, 2011, 149-б.

Шен, Ш., Баяулық та бақыт, «Gazete 360» газеті, 29/11/2013.

Шенгүн, Н., Классикалық түрік өлеңдерінде қалам туралы толғаулар,Turkish Studies International Periodicul Fort he Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, Vol. ¾ Summer 2008, 732-б.

Улұ, М., Сомұнжұ Баба, Ғашықтың сыры, Каратай Академиясы, Кония, 2013, 13-б.

Үнвер, А.С., Қалам, сиясауыт және жазу материалы, Сүлеймения кітапханасы, 117-файл.

www.ktsu.com.tr/kalemişi

www.kuran-ikerim.org

Яваш, Е., Өшіргіш мырзаның мазасыздығы, 26.08.2014.

Явуз, И.Ш., Қалам, http://yusufsevkiyavuz.com/p.83.

Языр, М.Б., Өркениет әлеміндегі жазу және Ислам өркениетіндегі жазудың әсемдігі, «DİB» басылымдары, «Ayyıldız» баспасы, Анкара 1981.

Языр, М.Б., «Қаламның сұлулығы, II том, «DİB» басылымдары, Анкара, 1974.

Қалам мен Қағаздың Махаббаты

Мұхиттин Шімшек

Қалам мен қағаздың ұлы махаббаты, қаламның ғажайып хикаясы. Жазу пайда болғаннан бастап түрлі пішінде ғасырлар бойы өмірімізде маңызды орынға ие болып келген қаламның тарихын осы кітаптан таба боласыз. Қамысқаламнан басталған хикая қарындаш, сияқалам және майқалам арқылы жалғасын табады. Сияқаламның әбілхаят суы болған сия, қаламның құдығы болған сиясауыт, қарындаштың шаштаразы болған ұштағыш және қаламсауыт пен сызғыш та шығармаға арқау болады. Қалам мен жазудың таусылмас хикаясы өлеңдер мен әңгімелер арқылы аса бір ынтамен баяндалады.

Профессор, доктор Мұхиттин Шімшек «Алтыншы саусақ» атты ерекше туындысы арқылы оқырманды тың белеске жетелейді. «Қалам, бір кездері хат-хабарды билеушілерге, серілердің ғашықтық жырларын сүйіктілеріне, атаның ақылын балаға, ұстаздың тәлімін шәкіртке жеткізді. Ілім санаға, санадан саусаққа жетті, ал, алтыншы саусақ, яғни қалам болашақ ұрпаққа аманаттады. Сөйтіп, ғасырлар бойы мейірімділіктің... нәзіктіктің, тектіліктің белгісі болды».

ISBN 978-9944-237-83-3

www.SFN.com.tr